

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

А.Ә. Жаңабекова, Г.  лейбау

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАРСЫЛЫҚ
МОДАЛЬДІЛІГІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-
СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ**

«Елтаным» баспасы
Алматы
2022

ӘОЖ 811.512.122

КБЖ 81.2 (каз)

Қ17

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
Ғалымдар кеңесі ұсынған

ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 2021-2022 ж. арналған
«Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ
жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын
әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы зерттеу жобасы
аясында шықты.

Редактор:

Құлманов С., А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

Пікір жазғандар:

Момынова, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор
Жолшаева М., С.Демирел атындағы университет
профессоры, ф.ғ.д.

Қ17 Қазақ тіліндегі қарсылық модальділігінің функционал-
ды-семантикалық өрісі. / А. Жаңабекова, Г. Әтейбай.
– Алматы: «Елтаным» баспасы, 2022. – 120 б.

ISBN 978-601-08-0451-7

Оқырман назарына ұсынылып отырған бұл еңбекте қазақ
тіліндегі қарсылық модальділігінің функционалды-семантикалық
категориясының мағыналық құрылымы мен өріс құраушы тілдік
құралдар жүйесі сипатталады.

ISBN 978-601-08-0451-7

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1 ҚАРСЫЛЫҚ МОДАЛЬДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ СУБКТЕГОРИЯЛАРЫ	10
1.1 Модальдылық категориясының мазмұндық құрылымы	10
1.2 Қарсылық модальдылығының ұғымдық- философиялық негіздері	19
1.3 Қарсылық модальдылығының түрлері	27
2 ҚАРСЫЛЫҚ МОДАЛЬДЫЛЫҒЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫЛЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІС ҚҰРЫЛЫМЫ	46
2.1 Функционалды-семантикалық өріс теориясы	46
2.2 Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің лексикалық құралдары	56
2.3 Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің морфологиялық құралдары	67
2.4 Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің синтаксистік құралдары	73
2.5 Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің бейвербалды құралдары	89
2.6 Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің функционалдық астастығы	97
ҚОРЫТЫНДЫ	106
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	112

КІРІСПЕ

Соңғы кезде тіл білімінде грамматика жеке деңгей ретінде морфология мен синтаксисті ғана қарастырумен шектелмей, тілдің лексика, сөзжасам салалаларын да қамтитын, кең ауқымды функционалды-семантикалық категорияларды зерттей бастады. Осы бағыттағы функционалды грамматиканың негізгі теориялық мәселелері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталды.

Алайда ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ қазақ ғалымдарыдың функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, негізгі ұстанымдарды, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген.

Тіл білімінде функционалды зерттеулер бірнеше бағытта жүргізіледі. Олар: А.Б.Бондарконың «функционалды-семантикалық өріс» теориясы бойынша зерттеу, Г.А.Золотованың коммуникативтік синтаксистік зерттеу бағыты, сонымен қатар тілдік бірліктердің қолданыстағы мағыналарын зерттейтін «тұлғадан мағынаға қарайы» функционалды бағыт т.б.

А.В.Бондарконың (Ленинград мектебі) зерттеу бағыты аталған функционалды зерттеулердің ішіндегі әдіс-тәсілдері қалыптасқан, жүйелі құрылымға салынған бағыт болып табылады. Грамматикалық ономасиологияның зерттелу тарихын жазған ғалым В.П.Даниленко А.В.Бондарко негізін қалаған функционалды грамматиканы «деңгейаралық ономасиологиялық грамматика» деп атап, оның жүйелілігі туралы былай деп жазады: «Межуровневая ономасиологическая грамматика имеет дисциплинарную структуру, во-первых, потому, что языковые средства служащие для выражения оп-

ределенной содержательной категории, маркируются с точки зрения их принадлежности к тому или иному уровню языковой структуры, а во-вторых, эти средства упорядочиваются в соответствии с определенным принципом. У А.В.Бондарко это принцип центра и периферии функционально-семантического поля» [1, 12]. Осындай артықшылығының арқасында А.В.Бондарко негізін салған функционалды бағыттағы зерттеулер орыс тіл білімінде, түркі тілдері бойынша, сонымен қатар қазақ тіл білімінде де бір жүйемен жазылып келеді.

Функционалды грамматика «мағынаны» негізге алатын болғандықтан, тілімізде қанша типтік мағына болса, сонша семантикалық категориялар бар деген сөз. Мәселен, бір ғана модальдылық категориясын алайық. Дәстүрлі грамматикада бұл категория құрылымдық рай категориясы тұрғысынан және сөз табы ретінде көрсетіліп жүрген модаль сөздер тұрғысынан тар аяда ғана зерттелген болса, функционалды грамматикада бұл категория функционалды-семантикалық категория ретінде кең тұрғыдан қарастырылады. Мәселен, С.Құлманов зерттеген мүмкіндік микроөрісі – модальдылықтың бір ғана қыры, бір ғана субкатегориясы. Ал модальдылықтың тілімізде қаншама түрі бар: шарттылық модальдылығы, бұйрықтық модальдылығы, қажеттік модальдылығы т.б. Сол сияқты басқа да семантикалық категориялардың ішкі субкатегориялары мен жақын, алыс мағыналық өрістері (перифериясы) бар. Олай болса, біздің (қазіргі зерттеліп жатқан функционалды бағыттағы зерттеулердің көпшілігі дерлік осы А.В.Бондарконың зерттеу бағытын, функционалды-семантикалық өріс теориясын ұстанады) қазіргі кезде семантикалық зерттеу еңбектерінде сүйеніп отырған теориялық бағытымыз – А.В.Бондарко (Ленинград мектебі) негізін қалаған функционалды грамматиканың негізгі ұғымдары.

Функционалды грамматиканы зерттеу кезінде А.В.Бондарконың функционалдық бағыты бойынша «мағынадан

тұлғаға» және «тұлғадан мағынаға қарайғы» екі бағыт та қатар ұстанылады. Бұл теорияның өзегі «сөйлеуші мен тыңдаушы» арасындағы қарым-қатынас (коммуникациядағы) коммуникативтік процесте жатыр. Нақтырақ айтқанда, сөйлеуші мазмұннан тілдік құралға қарай, ал тыңдаушы құралдан мазмұнға қарай бағытталған тілдің коммуникативтік процесті сипаттайды десек те, бұл қатып қалған нәрсе емес, процес екі жақты сипатқа ие болады. Мәселен, сөйлеуші айтайын деген ой мазмұнын білдіретін тілдік құралдарды білмесе ойын жеткізудің жолын білмей, дұрыс жеткізе алмаған болар еді. Сол сияқты тыңдаушы да қабылданған тілдік құралдардың не мағына білдіретін сөздер екенін білмесе, айтылған, тыңдаған тілдік құралдар жиынтығын түсіне алмаған болар еді. Дәл осы сияқты екі жақтылықты А.В.Бондарко функционалды-семантикалық категорияларды зерттеу кезінде де басшылыққа алады.

Осы тұрғыдан алғанда, функционалды грамматикада аталған зерттеу бағыттарының бірі негізгі бағыт саналғанмен, екінші бағыт та (тұлғадан мағынаға қарайғы) оның зерттеу әдісінен тыс қалмайды.

Профессор А.В.Бондарконың функционалды грамматикасы функционалды-семантикалық өріс теориясына негізделді. Ғалым өз ұстанымы болып табылатын «үштаған (триада)» теориясын (функционалды-семантикалық категория, функционалды-семантикалық өріс, категориялық жағдаят) зерттеу әдістемесі (модель) ретінде ұсынды. Бұл ұстанымның ұтымдылығы – оның ұғымдық категориялардың тілдік көрінісі болып табылатын жалпытілдік семантикалық категорияларды жүйелі-құрылымдық тұрғыдан сипаттай алуында.

Қазақ тіл білімінде функционалды грамматика мәселелері ғылыми тұрғыдан белгілі ғалым З.Қ.Ахметжанова еңбектерінен (аспектуалдылық, тәуелділік, компаративтік) (орыс және қазақ тілінің материалдары бойынша) [2], [3] бастау алады. Қазақ

тілінің функционалды грамматикасының негізгі мәселелері мен жекелеген семантикалық категориялар бойынша соңғы жылдары біраз мақалалар жарияланды. Таза қазақ тілінің материалдары бойынша мәтін лингвистикасы бойынша С.Құнанбаева көркем мәтіндегі темпоралдылық категориясын [4], Қ.Рысалды сын категориясын [5], Г.К.Шайрахметова [6], М.Б.Нұртазина [7, 129-137 бб.], М.Жолшаева аспектуалдылық категориясын [8,]; [9], [10], А.Тураева белгілілік, белгісіздік категориясын [11], болжалдық категориясын Г.А.Медетова [12], бұйрық рай категориясының функционалды семантикалық қырларын Л.Дүйсембекова [13], бұйрықтық модальділігі бойынша [14], [15], Б.Қапалбеков таксис категориясын [16], [17], С.Құлманов модальдылық (мүмкіндік) категориясын [18], О.Жұбаева персоналдылық категориясын [19], [20], [21], А.Жанабекова темпоралдылық категориясын [22], [23], [24], Ә.Солтанбекова шақтық локалдылық категориясын зерттеді [25]. «Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері» (2007) деген тақырыпта ғылыми жинақ ретінде ұсынылды. Жинақта темпоралдылық, персоналдылық, аспектуалдылық, модалдылық, шақтық локалдылық категориялары бойынша қысқаша мәлімет берілген. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында іргелі зерттеу тақырыптарының бірі болып, екі томдық жинақ жарық көрді [26], [27].

Бұл жұмыстар қазақ тілінің функционалды бағытта жазылған еңбектердің алдыңғы қатарында тұрады.

Жоғарыда аталған функционалды-семантикалық өрістер ішінде қарсылық функционалды-семантикалық өрісі жоқ. Қазақ тілінде қарсылық модальдылығы арнайы зерттеу нысаны болмаған. Қарсылық мәнді құрылымдар тілімізде қарсылық мәнді демейлік шылайлар және қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемдер тұрғысынан аталып жүргенмен, өріс теориясы бойынша қарастырылмаған. Сонымен қатар модальдылықтың құрылымдық грамматикада шарттылық,

бұйрықтылық, қалау мәндері категориялық жүйеде рай категориясының құрамына енген, ал қарсылық басқа модалдылықтың мүмкіндік, қажеттілік, айқындылық т.б. мәндері сияқты рай категориясының парадигмасына енбеген. Сондықтан да қарсылық мағына әдетте морфологиялық категориялар жүйесінде қарастырыла бермейді, тіпті бұл мағына туралы көпшілік біле бермейді. Алайда қарсылық та сол құрылымдық жүйедегі шарттылық, бұйрықтылық, қалау сияқты модальдық мағынаны білдіреді. Осы тұрғыдан қарсылықтың да модальдылықтың бір түрі ретінде және оның да басқа функционалды-семантикалық өрістер сияқты тілдік құралдар жүйесінен тұратындығын анықтау және қарсылық модальдылығын функционалды-семантикалық өріс ретінде таныту өзекті болып отыр.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ тіліндегі қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің мазмұндық-құрылымдық жүйесін анықтау. Осы аталған мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттерді шешу көзделді:

- модальдылық категориясының мазмұндық құрылымына сипаттама беру және қарсылық модальдылығының философиялық негіздерін ашу;

- қарсылық модальдылығының түрлерін айқындау;

- қарсылық функционалды-семантикалық өрісін құраушы тілдік құралдарды анықтау.

- қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің басқа семантикалық өрістермен астас келу ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеу жұмысында модальдылық категориясының мазмұндық құрылымы мен философиялық негіздерін ашуда шолу, сипаттама әдісі, қарсылықтың түрлері мен қарсылық функционалды-семантикалық өрісін құраушы тілдік құралдарды айқындауда жинақтау, талдау, жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің дереккөздері болып академиялық «Қазақ

грамматикасы», жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдары және функционалды грамматика мәселелері бойынша жазылған орыс және қазақ тіл біліміндегі ғылыми-теориялық еңбектер, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қолданбалы лингвистика бөлімінің «Қазақ тілінің мәтіндер корпусы», «Қазақ тілінің Алматы корпусы», біртөмдік «Қазақ сөздігі» мен онбестөмдік «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», «Абай тілі сөздігі», көркем шығармалар (М.Әуезовтің «Абай жолы» романы) мен публицистикалық мәтіндер т.б. алынды.

1 ҚАРСЫЛЫҚ МОДАЛЬДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ СУБКТЕГОРИЯЛАРЫ

1.1 Модальдылық категориясының мазмұндық құрылымы

Модальдық қатынастарсыз ешқандай сөйлеу болмайды, себебі сөйлеу адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде мазмұнсыз, сөйлеушісіз (немесе жазушысыз) және әңгімелеуші жақсыз (оқушысыз) жүзеге аспайды; сөйлеу сөйлеушінің сөйлеу мазмұнына, әңгімелесушіге, өз-өзіне, сөйлеу жағдайына және сөйлеудің құрылуына қатынасы көрінеді. Бұл қатынастардың барлығы сөйлеушінің ақиқат шындыққа қатынасы немесе *модальдық қатынастар* деп аталады.

О.С.Ахманованың лингвистикалық сөздігінде (1966) модальдылыққа мынадай анықтама берілген: “Модалдылық дегеніміз, біріншіден, сөйлеушінің өзі хабарлап отырған айтылым мазмұнына деген көзқарасын; екіншіден, сол айтылым мазмұнының ақиқат болмысқа қатынасын (хабарланып отырған оқиғаның, істің т.б. жүзеге асуын) көрсететін ұғымдық категория. Ол рай формалары, модаль сөздер, интонация т.б. формалар түріндегі әр алуан грамматикалық және лексикалық құралдар арқылы жеткізіледі. Модальдылық мынадай түрлерде көрініс табады: сөйлем модальдылығы, болжалдық модальдылығы, айтылым мазмұнының шамалап жеткізілуі, етістік арқылы берілетін модальдылық, ирреалды модальдылық, айтылым мазмұнының шындықтан тыс, іске аспайтындығын білдіретін модальдылық, теріске шығару арқылы білдірілетін модальдылық, мазмұны болмысқа, ақиқат шындыққа қайшы келетін айтылым” [28, 238 б.].

«Модальдылық – сөйлем мазмұнындағы объективтік байланыстарды (объективтік модальдылық) және сөйлеуші көзқарасы тұрғысынан осы сөйлемнің мазмұнының айқын-

дылық дәрежесін (субъективтік модальдылық) білдіретін тілдік категория» [29, 267 б.].

О.С.Москальская мен Ю.С.Степанов сияқты ғалымдар модальдылық категориясының бойынан тек сөйлеушінің коммуникативтік құрылымын анықтап қоймай, оның коммуникативтік акт барысындағы әртүрлі элементтеріне деген бағалауыш сипатын білдіретінін айқындады. Мәселен, адресант пен адресат, қарым-қатынас актісінің орны мен өту уақыты, сондықтан да модальдылық пен прагматика арасындағы тығыз байланысты қатынасты зерттеу – прагматлингвистика үшін өте маңызды.

Қазіргі тіл білімінде модальдылықты зерттеуде бірнеше бағыт қалыптасқан. Олар – формалдық-грамматикалық (В.В.Виноградов, В.З.Панфилов), функционалды-семантикалық (Ю.Д.Апресян), мәтін түзуші (В.В.Калимов) және коммуникативтік-прагматикалық (И.П.Распопов) бағыттар. Соңғы бағыт бойынша модальдылық сөйлеу мақсаты мен коммуникативтік перспективамен қатар сөйлем құрылымына енгізілетін коммуникативтік категория ретінде қарастырылады.

Тілдік модальдылық 1) іс-әрекет субъектісінің сол қимыл-әрекетке (предикат пен субъектінің байланыс тәсілі); 2) сөйлем мазмұнының реалды ақиқат шындыққа; 3) сөйлеушінің сөйлем мазмұнына қатынасын; 4) осы қатынастардың жиынтығын білдіретін категория ретінде де қарастырылады. Модальдылық – сөйлем мазмұнындағы объективтік байланыстарды (объективтік модальдылық) және сөйлеуші көзқарасы тұрғысынан осы сөйлемнің мазмұнының айқындылық дәрежесін (субъективтік модальдылық) білдіретін тілдік категория.

Модальдылық мәселесі туралы анық та нақты тұжырымдама академик В.В.Виноградовтың еңбегінде байқалады. Оның мына тезисі зерттеушілер арасында кеңінен танымал деуге болады: “Әрбір сөйлем өз бойына мәнді конструктивті (құрылымдық) белгі ретінде модальды мағынаны, яғни

ақиқатқа деген қатынасты білдіретін мазмұнды жинақтайды. Белгілі бір формадағы айтылымды білдірудегі кез келген тиянақты ой, сезім немесе ойды жеткізу талабы (ішкі ізденіс) сөйлемнің интонациялық жүйесінде немесе жинақтала келіп модальдылық категориясын танытатын синтаксистік мағыналар жиынтығы арқылы көрініс табады [30, 55-56 бб.].

А.М.Пешковский модальдылық категориясын сөйлеушінің субъективті көзқарасын білдіретін категория деп анықтаса [31, 88 б.], М.М.Молчанова субъективтік модальдылықты айқындауда бағалау категориясының өте маңызды екендігін атап айтады [32, 127 б.].

Қазақ тіл білімінде модальдылық категориясы Е.Жанпейсов [33], А.Н.Нұрмұханова [34], О.Төлегенов [35], Қ.Мамаділов [36], С.Құлманов [18] сияқты зерттеушілердің еңбектерінде арнайы зерттелді.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы етістік райының он бес түрін көрсетеді: *тұйық, билік, ашық, шартты, ереуіл, реніш, қалау, сенімді, сенімсіз, болжал, мұң, көніс, қайрау, азалы, теріс*. Біздің ойымызша, ғалым жекелеген модалділік мағыналарды реңктеріне қарай жіктеп, оларды рай категориясы ретінде қарастырған. Біз ғалымның рай түрлерін көрсетуде негізінен олардың мазмұнына көңіл аударғанын аңғарамыз. Ал мұның өзі функционалды грамматиканың негізгі зерттеу әдісінің бірі болып табылады.

Е.Жанпейсов қазақ тіліндегі, тіпті түркі тіл білімінде модаль сөздердің тілдік табиғатына арнаған кандидаттық диссертациясында баяндаудың қайдан, кімнен алынғанын көрсетеді. Қуанышты, ренішті және жеке сөйленімдердің арасындағы қатынасты білдіретін (*ақырында, қысқаша*) тілдік фактілерге әңгімелесушінің назарын аудару үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері (*естіген боларсыз, байқайсыз ба*) сөйлеушінің баяндауға қатынасын білдірмейді деп есептейді [33]. Бұл еңбек түркі тіл білімінде рай катего-

риясына, модалділікке арналған еңбектердің бастауы болды деуге болады.

Тілдік модальдылықтың функционалды мәнін зерттеуде екі бағыт қалыптасты: 1) модальдылықты рай категориясымен сәйкес деп қарастыратын тар түрдегі бағыт; 2) сөйлемде не туралы баяндалатынын, қалай баяндалатынын, кім баяндайтынын, кімге баяндайтынын т.б. және сөйлеушінің жай қарапайым сенімінен бастап алуан түрлі эмоционалды-экспрессивтік мәндерді қамтитын көп аспектілі кең түрдегі бағыт. Кейбір ғалымдардың (Г.А.Золотова, В.З.Панфилов, В.Н.Бондаренко) модальдылықты тар мағынада түсінуі логикадағы реалдылық пен ирреалдылыққа негізделеді. Тілдік модальдылықты кең мағынада түсіндіру В.В.Виноградовтың идеяларына сүйенеді: сөйлеушінің ақиқат шындыққа қатынасы, яғни сөйлеушінің сөйлеу мазмұнына, әңгімелесушіге, өз-өзіне, сөйлеу жағдаяты мен оның формасына, сондай-ақ сөйлеушінің эмоционалды-экспрессивті бағасына да қатысты болады. Бұл айтылғандардан модальдылықты сипаттаудағы бірінші бағыттың, яғни бұл категорияны раймен сәйкес деп қарастырушы ғалымдардың пікірі ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз екендігі байқалады. Ал екінші бағытты қолдаушылардың, яғни модальдылық категориясына сөйлеушінің жай қарапайым сенімінен бастап алуан түрлі эмоционалды-экспрессивтік мәндерді жатқызушылардың пікірі де түрліше екендігі көңіл аудартады.

Модальдық мағыналық реңктеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді: реалдылық/бейреалдылық (А.Б.Шапиро), тура және жанама (Е.Жанпейсов), ішкі және сыртқы (Г.А.Золотова, А.Б.Шапиро), объективті және субъективті (Н.Ю.Шведова, А.Н.Нұрмаханова, О.Төлегенов, В.Н.Бондаренко), бірінші типті және екінші типті (Л.С.Ермолаева, Зикриллаев), біріншілік және екіншілік (Д.И.Ганич); толық және жеткіліксіз сенімділік, бейтараптық (Т.П.Ломтев); онтологиялық

және персуазивті (В.З.Панфилов); ақиқат және неғайбыл; жалпы (хабарлы, сұраулы, қозғау салу, қалау); волюнта- тивті (қажеттілік, мүмкіндік, тілек-ниет); коммуникативті, эмоциялық, реалды тура және неғайбыл, объективті нөлдік және субъективті, айқындылық т.б.

Модальдылықты ғалымдар негізінен үш аспектіде қарастырады: сыртқы синтаксистік модальдылыққа жататын объективті, субъективті және ішкі синтаксистік модальдық мағыналар. Объективті модальдық мағыналар сөйлеушінің баяндаудағы ақиқат шындыққа реалдылық/бейреалдылық тұрғысынан, ал субъективті модальдық мағыналар сөйлеушінің баяндауға сенімділік, сенімсіздік тұрғысынан көзқарасын білдіреді. Ішкі синтаксистік модальдық мағыналарда іс-әрекетке сөйлеушінің мүмкін, қалаулы, қажетті, міндетті іс-әрекет ретіндегі бағасы білдіріледі.

Объективтік модальдылық ретінде айтылымның ақиқатқа тікелей қатыстылығы, яғни ойда, сөйлемде танылған болмыстың уақытқа қатыстылығы немесе мүмкін болуы, міндетті түрде болуы, болуын қалау немесе болуын міндетті түрде талап ету сипаты анықталады. Объективті модальдылық онтологиялық қатыстылық сәйкестік критерий ретінде танылады.

Субъективті модальдылық дегеніміз – автордың айтылған ой мазмұнындағы заттар мен құбылыстарға деген өзіндік көзқарасы. Мәтін құрылымында субъективті модальдылық әртүрлі иллокутивті актідегі – өтініш, болжау, сұрау, талап ету, бұйыру т.б. авторлық және иллокутивтік мазмұндық ой, сөйленім түрінде көрініс табады.

Объективті (онтологиялық) және субъективті (персуазивті) мағыналар даусыз түрде модальдық мағыналарға жатқызылады. Объективті мағыналар қандай да бір жағдаяттағы объективті байланысты сипаттайды. Субъективті мағыналар осы байланыстарды сөйлеушінің тану дәрежесі жағынан бағалауды, яғни осы жағдаятты білдіретін ойдың

айқындылық дәрежесін, яғни проблематикалық, жай және үзілді-кесілді айқындылықты білдіреді. Объективті модальдылық кез келген құрылымда міндетті түрде қатысады. Объективті модальдылық сөйлемнің негізгі, қажетті, ал модальдылықтың қалған екі түрі – субъективті және ішкі синтаксистік модальдылық міндетті емес, факультативті (қосымша) белгісі болып табылады. Модальдылықтың субъективті болатын себебі мәтінде баяндалатын хабар объективті ақиқат шындықтың көшірмесі емес, өйткені ол адамның тілден тыс жағдаятты қабылдай отырып баяндауынан туындайды. Кез келген сөйленім тілдік жағдаяттың жай ғана нобайлы моделі емес, ол (сөйленім) адресаттың осы жағдаят туралы ойын, оның жеке бағамын білдіреді.

Модальдылық категориясының статусын ғалымдар төмендегіше таниды: 1) синтаксистік; 2) лексика-грамматикалық; 3) грамматикалық; 4) семантика-грамматикалық; 5) ұғымдық; 6) семантикалық; 7) логика-грамматикалық; 8) функционалды-семантикалық; 9) коммуникативті-семантикалық; 10) коммуникативті-синтаксистік; 11) коммуникативті-грамматикалық; 12) мәтін түзуші категория; 13) ойлау (сознание) категориясы; 14) сөйлемнің бірнеше категорияларының жиынтығы; 15) деңгей аралық; 16) прагматикалық.

Модалділік категориясы жайлы лингвистикалық тұрғыдан алғаш ой айтқандардың қатарында Ш.Балли жатады. Ол сөйлем мазмұнын диктум, субъектінің сөйлем мазмұнына көзқарасын модус деп ала отырып модалділікті сөйлемнің «жаны» деп атады. Ғалымның түсіндіруінше, мұндағы диктум кең мағынада белгілі бір оқиғалардың, заттардың қалпын («предметная ситуация») көрсетсе, модус диктумдағы субъектінің кім не туралы, қашан, кімге не айтқанын, қандай мақсатпен айтқанын, қандай жағдайда айтқанын («сөйлеу жағдаятын») білдіреді. Осы айтылғаннан Ш.Баллидің модусты, яғни модалділік категориясын кең мағынада түсінгендігін аңғаруға болады.

«Модалділік» терминін тіл біліміне алғаш енгізіп, оны (модалділікті) тілдік категория ретінде тану В.В.Виноградовтың еңбектерінен бастау алады: сөйлемдегі хабардың ақиқат шындыққа қатынасы ең алдымен модалдік қатынастан көрінеді. Ақиқат шындыққа қатысты сөйлеу (речь) мазмұнындағы әртүрлі қарым-қатынасты білдіретін грамматикалық формалар модалділік категориясының синтаксистік мәнін құрайды.

Модальдылықтың категориялық сипатын танудағы ғалымдар көзқарастарының әртүрлілігі бұл категорияның тілдік табиғатының өте күрделі екендігін білдірсе керек. Модальдылықтың грамматикалық рай категориясымен, лексикалық бірліктердің қатысуымен, яғни лексика-грамматикалық тәсілмен және синтаксистік құралдармен берілетіні белгілі. Модальдық мағыналардың тікелей коммуникацияда, яғни сөйлеу үдерісінде туындайтындығынан оны коммуникативті-семантикалық, коммуникативті-синтаксистік, коммуникативті-грамматикалық категорияға жатқызушылар бар. Модальдылық бүкіл сөйленім арқылы көрінетіндіктен, бірегей семантикалық тұтастық болып табылады. Осы себепті бұл категория семантикалық, семантика-грамматикалық деп те саналады. Модальдық мағыналарды кейде сөйлем құрылымынан айқындау мүмкін болмай, белгілі бір күрделі синтаксистік тұтастық арқылы анықталатындықтан, мәтін түзуші категория ретінде де қарастырылады. Ал модальдылықты логика-грамматикалық және ойлау категориясы ретінде тану тілдің, жалпы тілдік категориялардың логика мен ойлаудың арақатынасының нәтижесінде туындайтын құбылыс екендігіне сүйенгендіктен болса керек. Модальдылық категориясының кез келген бірлігінің жүйелі тілдік ортасы осы категорияның парадигмалық және синтагмалық ортасымен байланысты болады. Модальдылықтың сөйлеу ортасы модальдылық тұлғаларының сөйленім немесе одан ауқымды дискурс көлемінде болатын синтагмалық орта-

дан және жағдаяттың бейтілдік факторларының жиынтығы болып табылатын прагматикалық ортадан тұрады. Бірақ модальдылықтың прагматикалық аспектісі әрбір сөйленімде ұдайы көрінетін, қалыптасқан құбылыс емес. Модальдылықты бірнеше категорияның жиынтығы деп қарастыратын көзқарас бұл категорияның өте ауқымды тілдік құбылыс екендігін тағы да дәлелдей түседі. Модальдылықтың аталмыш категориялық сипаттары тілдік құралдардың лингвистикалық қасиеттерінен және олардың жұмсалуындағы прагматикалық, экстралингвистикалық факторлардың әсерінен туындаған ерекшеліктеріне негізделеді деуге болады.

Модальдылық категориясының табиғатын толық ашуға тілдік категорияларды сипаттауда семантикалық принципке негізделетін және олардың берілу құралдарының әр деңгейлілігін көрсететін функционалды-семантикалық әдіс арқылы қол жеткізуге болатын сияқты. Бұл әдіс қазақ тіл білімінде жаңа бағыт болып саналады және модальдылық категориясын функционалды-семантикалық тұрғыдан зерттеуге арналған еңбектердің болмауы осы категорияны сипаттауда қиындық туғызады. Аталмыш категорияның тілдік табиғатын ашуды осы тараудың алғашқы тараушасында аталған төмендегідей мәселелер де күрделендіре түседі: 1) модальдылық категориясының семантикалық аумағын, яғни модальдық мағыналарды және осы категорияның тілдің басқа категорияларының арасындағы орнын (модальдылық пен предикативтіліктің арақатынасын) тануда ғалымдар арасындағы көзқарастардың әр түрлілігі; 2) модальдық мағыналарды білдіретін тілдік құралдардың толықтай анықталмауы; 3) модальдылықтың категориялық статусын танудағы түрлі пікірлердің болуы.

Тіл білімінде модальдылықты функционалды-семантикалық аспектіде қарастырған зерттеу жұмыстарында модальдылық өрісіне тән төмендегідей белгілер көрсетіледі: 1) модальдылық категориясын құрайтын әр түрлі тіл дең-

гейіндік құралдар болады; 2) өрістің барлық тілдік құралдарының ортақ инвариантты функциялары болады; 3) өріс құрылымы ядро мен периферияға бөлінеді; 4) өріс ішінде бір-біріне қарама-қарсы қойылған мағыналардың санына байланысты олар шағын өрістерге бөліне алады. Демек, әрбір модальдық мағына тілде формалды түрде берілу құралдарымен бірлікте қарастырылатын семантикалық немесе семантика-прагматикалық мазмұнға ие семантикалық тұтастық бола алады. Олай болса, модальдылық категориясы семантикалық мазмұнға ие функционалды-семантикалық өрістердің кешені болып шығады.

Модальдылық категориясын сипаттағанда коммуникация актісіне сүйенбей шешілуі қиындық туғызатын кейбір мәселелер бар. Біріншіден, модальдылық категориясын оны тура білдіретін конвенционалды құралдардан басқа осы семантикалық мазмұнды, осы коммуникациялық функцияны жанама түрде білдіретін бейконвенционалды құралдарды да жатқызуға болады. Кейбір модальдық мағыналар оларды білдіретін құралдардың семантикасына байланысты болмауы да мүмкін. Мысалы, жалпы сұрақты болымсыз түрде білдіретін кейбір сөйлемдер өтініш мағынасын білдіруі мүмкін: *Сіз менің билетімді алып бермес пе екенсіз?* – билетімді алып беріңізші. Мұндай сөйлемдердің коммуникативті қызметі белгілі бір ақпарат алу емес, сөйлеушінің тыңдаушыға бағытталған іс-әрекетті орындауға өтініші болып табылады.

Екіншіден, ұқсас мағыналарды білдіретін жекелеген бірліктердің арасындағы семантикалық айырмашылықтарды коммуникативті әдіске сүйенбей табу мүмкін болмайды.

Үшіншіден, коммуникативті жағдаяттың ерекшелігіне байланысты тілдік құралдарды таңдау шарты анықталады. Мысалы, көбіне бұйрық рай тұлғаларын қолдану жыныс, жас, коммуниканттың қоғамдық дәрежесі сияқты экстралингвистикалық факторларға, өтініш мағынасын білдірудің құрылымдық варианттарын (нұсқаларын) таңдау сөйлеушінің

талап қою дәрежесіне, тыңдаушының мүмкіндігіне және олардың арасындағы әлеуметтік-психологиялық дәрежесіне байланысты болады.

Төртіншіден, коммуникативті жағдаят пен оның қатысушыларын айқындау бұйрықты сөйленімдердің кеңес, өтініш, бұйрық, ұсыныс т.б. сияқты реңктерінің семантикалық айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Модальдылықты зерттеудегі функционалды әдіс оның әр деңгейлі сипатын ғана айқын көрсетуге мүмкіндік беріп қоймайды, тілдік құралдардың өзара әрекеттестігінің жүйелілігін және модальдылықтың басқа категориялармен қарым-қатынасын көрсетуге мүмкіндік туғызады.

1.2 Қарсылық модальдылығының ұғымдық-философиялық негіздері

Ақиқат өмір, айнала қоршаған орта, табиғат, қандай да бір құбылыс туралы ақпараттар жүйесі адам санасына табиғи жаратылысынан сіңіп, қалыптасады. Белгілі бір заттар мен оның сапасы немесе қимыл-әрекет т.б. туралы ұғымдар барлық халықта бірдей, бұл адам жаратылысының биологиялық қызметінен туындайтын анатомиялық фактор. Қандай да бір зат болсын, қозғалыс болсын белгілі бір кеңістіктегі уақыт шеңберінде тұрады. Айнала қоршаған орта адамзат баласы үшін бір ғана өмір сүру әлемі болғандықтан, ондағы өмір, қоғам, табиғат туралы ақпараттар бірдей болып келеді.

Функционалды-семантикалық категориялардың негізінде ұғымдық категориялар (понятийные категории) жатыр. Ұғымдық категория терминін алғаш ғылыми айналымға түсірген – О.Есперсен.

Ұғымдық категорияның нақты да дәйекті анықтамасын алғашқы болып берген И.И.Мещанинов ұғымдық категорияны адам ойының тілдік көрінісі деп атайды [37]. Ғалымның пікірінше, ұғымдық категориялар тіл арқылы берілмейді,

ол тілдің өзінде, ішкі өзегінде, оның материалдық жағында қалыптасады. Ұғымдық категориялардың бәрі бірдей ұғымдық категорияға жата бермейді, тек тіл құрылымында өзінің тілдік көрініс тапқандары ғана, яғни лексикалық, морфологиялық немесе синтаксистік жүйеде көрінгендерін ғана ұғымдық категорияға жатқызуға болады. Ұғымдық категориялар адам ойының, санасының дүние-болмысты танып, меңгеруі нәтижесінде түйсініліп, тілдік формада қалыптасады [37, 119 б.].

Ұғымдық категория – болмыстың адам санасындағы бейнесі. Адамдардың ақиқат дүние туралы танымы ұқсас болғандықтан, ұғымдық категориялар да адамдардың барлығына ортақ. Ол тілден тыс өмір сүреді, тілге тәуелді болмайды. Керісінше тіл осы ұғымдық категорияларға сүйенетіндіктен, тілдік категориялардың түрлі (әрбасқа) көріністерін сипаттай алады.

Ұғымдық категориялар логикалық және психологиялық категорияларға негізделіп, сол категориялардан тілдік құралдарға қарай бағытталады. Қ.Рысалды функционалды-семантикалық категорияларды ұғымдық категориялардың тілдік формалары деп атайды [5, 120 б.]. А.В.Бондарко бұл термин тілдік категория ретінде қабылдану үшін басқаша атауды ұсынады: «Ұғымдық категория деген термин көбінесе логикамен байланысты қаралады. Осыдан қашу үшін әзірше «функционалды-семантикалық категория» деген терминді қолдануды жөн көріп отырмыз» - дейді.

Адамдардың ақиқат дүние туралы танымы ұқсас болғандықтан, ұғымдық категориялар да адамдардың барлығына ортақ. Ол тілден тыс өмір сүреді, тілге тәуелді болмайды. Тіл ғылымында мұндай табиғи универсалийлер ұғымдық категория терминімен аталып, логикалық және тілдік категорияның арақатынасы, байланысы тұрғысынан қаралады.

Грамматикалық категориялар өз бастауын логикадан

алады. Логикалық пайымдаулар барлық адамзат баласына ортақ дейтін болсақ, онда бір тілде бар категориялар екінші бір тілде болмауы мүмкін емес. Тек ол категориялардың әр тілдің грамматикалық жүйесіндегі көрінісі әртүрлі болады. Дүние-болмыс объективтік шындық ретінде адамзатқа ортақ, оның адам санасындағы тану үрдісі де ерекше. Таным нәтижесінде қалыптасқан жалпы ұғымдық категориялар әр тілде өз жүйелік-құрылымдық сипаттарына, заңдылықтарына сай тұлғаланады».

ФСӨ-лер ұғымдық категориялардың тілдегі көрінісі болып табылады. Ұғымдық категорияларды жалпытілдік категория ретінде барлық халыққа ортақ десек, ал сол жалпы халыққа ортақ ұғымдардың тілдегі көрінісі біркелкі емес және әр халықтағы ФСӨ-лердің құрылымы да бірдей емес. Бір тілде ФСӨ-лер құрамындағы кіндік тұлғалары (ядролы) күшті, тұрақты болса, екінші бір тілде ол әлсіз (босан) сипатта болып келеді. Бұл әр халықтағы тілдік жүйе ерекшеліктерімен байланысты. Тіпті бір тілдегі кіндік тұлғасы (орталығы) грамматикалық категория болып табылатын ФСӨ-лер екінші бір тілде көпнегізді ФСӨ болуы мүмкін, яғни кіндік тұлғасында грамматикалық категориялар ғана емес, басқа да тілдік құралдар жатуы мүмкін. Алайда ФСӨ-лер жалпы халыққа ортақ ұғымдық категориялардан тарайтындықтан, тілдік емес дүниемен байланысып, барлық халыққа ортақ категорияларды (субстанция, сапа, сан, қатынас т.б.) сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, ФСӨ-лерді жалпы халыққа ортақ ұғымдарға негізделген және нақты тілдік материалға негізделген деп екіге бөлуге болады. *Бірі – ұғымдық өріс (ҰӨ), екіншісі – функционалды-семантикалық өріс (ФСӨ)*. Бірақ бұл өрістің екі типін екі басқа құбылыс ретінде қарауға болмайды, оның алғашқысы ФСӨ-нің нақты тілдік аспектісі болса, екіншісі әмбебап ұғымдық (универсально-понятийный) аспектісі болып табылады. Яғни олар – функционалды-семантикалық жиынтықтың (бірліктің) екі қыры, екі сипаты.

Қарсылық модальдылығы да ұғымдық категорияға жатады. Сонымен қатар ол барлық халыққа, яғни адамзат баласын орта универсалды категория.

Қарсылық модальдылығының негізінде философиядағы қарама-қарсылық/қарама-қайшылық теориясы жатыр. Өйткені қарсы болу тілдік тұлғалар арасындағы пікір, көқарас, мақсат, мүдде қайшылығын туындайды да, тыңдаушы-адресаттың сөзінде көрініс табады.

Қарама-қайшылық қай дәуір, қай мәдениет дәрежесінде болмасын, адамдық танымның негізі болған. Тіршіліктің дамуы да болмыстағы құбылыстарды бір-бірімен салыстырып, қайшылықтарын танып, талдау арқылы жүзеге асқан. Адамзат танымындағы, санасындағы қарама-қайшы заттар мен құбылыстардың, сапа мен қасиеттің, түсініктің атауынан тілде қарама-қарсы мәнді бірліктер пайда болды. Қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктердің табиғатын тану үшін қарама-қарсылық ұғымын түсіну қажет. Диалектикалық логикада сыйыспайтын ұғымдар категориясына жататын бұл ұғымдар қайшылықты және қарама-қарсылықты болып екіге бөлінеді. Антонимия теориясында қарама-қарсылық ұғымы – орталық белгі, оның табиғатын тану антонимияны зерттеудегі басты міндеттердің бірі десек те болады. Белгілі бір жағдайларға байланысты түрлі заттар мен ұғымдар қарама-қарсы қойылуы мүмкін, сәйкесінше, сөздер де бір-біріне қарсы жұмсалады. Болмыстағы кез келген затты не құбылысты зерттеу барысында оның қарама-қарсы жақтарын анықтауға тура келеді. Қарама-қарсылық және қарама-қайшылық ұғымдарының философияда талданылуына тоқталған жөн. Қарама-қайшылық – бүтіннің қарсы жақтары, өйткені олар бір-біріне қарама-қарсы орналасқан деген көзқарас бар. Бұл жерде сонда «қарамақарсылық» дегеніміз не деген орынды сауал туындайды. «Қарама-қарсылық» және «қарама-қайшылық» ұғымдары кейбір философиялық және лингвистикалық әдебиеттерде бір мағынада жұмсалып келеді. В.Т.Карданов қарама-

қайшылықты қарама-қарсылықтар арасындағы қатынас ретінде қарастыруды ұсынады. Үдерістер мен құбылыстар қарсы жақтары бар не дамудан тұратын қарама-қайшылықтар деп біледі. Диалектикалық қарама-қайшылық қарама-қарсы жақтар мен дамулардың бірлігі, өзара негізделуі ретінде сипатталады. Қарама-қайшылықта әрбір жақ бір-бірін жоққа шығара отырып, басқа нәрсені меңзейді [38, 26-30]. Өзара бір-бірін жоққа шығаратындардың өзара әсері, бір объектідегі бір-бірін қарама-қарсылыққа негіздеу қарама-қайшылық болып табылады. Философияда былайша анықтама беріледі: «қарама-қарсы, бір-бірін жоққа шығаратын жақтардың және өзара қозғалыс пен даму көзі ретінде ішкі бірлікте болатын заттар мен құбылыстар дамуының өзара әсері» [39, 545]. Бұл табиғи, қоғамдық және танымдық үдерістердің барлығына тән. Диалектикалық қарама-қайшылық – табиғат, қоғам және ойлаудағы қозғалыстың ішкі бірлігі [40, 5]. Қарама-қайшылық «қарама-қарсылықтың бір жағы болып табылатын нақты тұтастықтың күресуші сәттердің біреуі. Сыртқы және ішкі қарамақайшылықтарға бөлінеді: сыртқы қарама-қайшылық бір-бірінің бар екендігін мойындай тұра, толықтай жоққа шығаратын, бірақ жеке де қолданылатын қарама-қарсылықтың қарсы жақтары (полюстері) (мысалы, пролетариат пен буржуазия) болса, ішкі қарама-қайшылық бір-бірін жоққа шығара отырып, 16 өзара қатынаста болады (мысалы, өндірістің қоғамдық сипаты және жеке капиталистік әдіс)» [39, 543]. Қарама-қайшылық өзара әсер формасы ретінде тек қарама-қарсылыққа ғана тән емес, сонымен қатар басқа да айырмашылықтардың ішкі мазмұны болып келеді. Айырмашылықтар өсе келе қарама-қарсылыққа өтеді. Қарама-қарсылықтар арасындағы қатынаста қарама-қайшылық толық дамиды да, ерекшеленетін жақтардың бір-бірін алшақтату жүретіндіктен айқын көрініс табады [41, 32]. Қарама-қарсылық – қарсы жатқан және қарсы тұрған жақ емес, түбірлік белгісі жағынан бір-бірінен ажыратылатын,

арасындағы қарама-қарсылық соңғы шегіне дейін өскен жұп. Мұнда бір қарама-қарсылықтың болуы, дамуы келесі қарама-қарсылықтың болуы мен дамуын шектейді [42, 24-27]. Екі жақтың бір-біріне диалектикалық қарама-қарсы болуында өзінің басқа «өзі» болады. Бұл олардың өзара ауысуына негіз болады. Мысалы, сандық өзгерістер сапаға ауысса, жаңа сапа жаңа сандық өзгерістерге алып келеді [43, 90-91]; [44]; [45, 29]. Логикада ұғым жалпы (заттың негізгі, ерекше белгілерін білдіретін формальды) және күрделі (заттың барлық белгілерін, басқа заттармен арақатынасын, байланысын тұтас қамтитын) деп екіге бөлінеді. Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы диалектиканың негізгі өзегі болып табылады. Дүниеде қарама-қарсылықсыз ештеңе жоқ екендігіне Аристотель сөзі де дәлел: «Тіршіліктегі заттар мен мәндер қарамақарсылықтардан тұратынын бәрі де мойындайды; кемінде бастама қарамақарсылықта екенін бәрі де хабарлайды, айталық біреулер тақ пен жұпқа, басқалар жылы мен суыққа, үшіншілер шектілік пен шексіздікке, төртіншілер – махаббат пен қастандыққа нұсқайды». Ежелгі грек диалектигі Гераклит: «Бәрі де ағыста, бәрі де өзгерісте. Теңіз суы әрі таза, әрі лас», – деп нақтылап айтқан болатын. Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күрес заңын жан-жақты зерттеген Гегель қайшылықта дамытын табиғат та, қоғам да емес, адам санасы, абсолюттік идея деген тұжырымға келді. Идеалистік пікірдегі философтар өмірде ешқандай қайшылықтар жоқ, ол тек адам санасында болады дейді. Диалектикалық материализм адам санасындағы қайшылық өмір қайшылығының бейнесі деп түсіндіреді. Қарама-қарсылықтың бірлігі дегеніміз – қарама-қарсы жақтардың бір-бірінсіз өмір сүрмейтіндігі. Олардың бірлігі жойылған жағдайда, қарама-қарсылықтың өзі де мәнін жояды. Философия оқулығында: «ақ пен қара қарама-қарсы. Ал ақ болмаса, қараны түсіну мүмкін емес. Сондай-ақ, ұзын мен қысқа, жақсы мен жаман, пролетариат пен буржуазия, осылардың қарама-қарсы жақтарын алып тастасаңыз онда

олардың мәні жойылады. Мәселен, ұзынды қалай түсінеміз, қысқа болмаса, жақсыны қалай түсінеміз, егер жамандық болмаса, адам бостандықтың бақыт екенін түсінбес еді, егер тұтқындық болмаса», – деп түсіндіріледі [46, 113]. Қарама-қарсылық пен бірлік заңының сәйкестік, айырмашылық, қарамақарсылық, қайшылық ұғымдары мен категорияларынан тұрады. Сәйкестік әрбір заттың өзіне-өзі және басқа заттармен теңдігін білдіретіндігі белгілі. Сәйкес, 17 тепе-тең деген заттардың арасында да басқа қырынан алып қарағанда айырмашылық болады. Сәйкестік пен айырмашылық арасында диалектика бар, бұл заттардың арақатынастары тепе-тең еместігін көрсетеді. Заттар қарама-қарсылығының бастапқы не соңғы кезі айырмашылық болып табылады. Мұның өзіндік диалектикасы бар, айырмашылықтың ең тереңдеген шегі қарама-қарсылық екенін Г.Гегель пайымдауынан да көруге болады: «Үйлестік айырмашылыққа, ал айырмашылық қарама-қарсылыққа өтеді» [47, 63-64]. Қарама-қарсылық – табиғат, қоғам, адам санасындағы бірін-бірі жоққа шығаратын, бір-бірінсіз өмір сүре алмайтын заттар, құбылыстар, тенденциялар арасындағы қатынастар. Олардың бірінің-біріне әсерін, қатынастары қайшылықтар деп аталады.

Жалпы тілдегі антонимдер немесе қарама-қарсы мәнді білдіретін тілдік бірліктер екеуара қарама-қарсы құбылыстарды біріне-бірін салыстыру, өзара шендестіру арқылы поэтикалық пәрмені күшті стилдік бояма мағына тудырады. Осы жағынан келгенде қарама-қарсы мәнділікті білдіретін тілдік бірліктер көбіне көп мақал-мәтелдерде, қарама-қайшы ойды білдіретін поэтикалық образды сөздермен жыр жолдарында жиі кездеседі. Тілдің лексикалық қабатындағы «антиномия дегеніміз (грек. anti қарсы, nomos заң) – логикалық түрде дәлелденіп қабылдана тұра, бірін-бірі жоққа шығаратын екі заңдылықтың қарама-қайшылығы» дегенді білдіреді [76, 24 б]. Антиномия құбылысы көбіне көп сөйлеу мен тілдің арасындағы қайшылық кезінде көрінетіндігі лингвистикалық тұжырым

болса, оның көзге анық көрінетін тұсы мақал-мәтелдердегі бірінде айтылған ойды екінші бірінің жоққа шығаратындығы немесе қарсы уәж ретінде қолданылатындығынан көруге болады. Мысалы: Өке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без; Жиен ел болмас, желке ас болмас, деген нақылдарды теріске шығаратын немесе оларға қарсы уәж ретінде қолданылатын Өке тұрып ұл сөйлегені ержеткені болар, шеше тұрып қыз сөйлегені бойжеткені болар; Жиен неге ел болмайды жайлы болса, желке неге ас болмайды майлы болса деген даналық дақылдарын жатқызуға болады. Аталған даналық дақылдарын сөз қуғандық не ой текетірескендік немесе «сөз тапқанға қолқа жоқ» деп бағалауға келмейді. Керісінше, орынды уәж, түйінді тоқтам дегенге келеді. Аталған нақылдардың мағынасы «ойлы адамға» ешбір түсініктемені қажет етпейтін аксиома. Мұнда негізінен сөз жүйесіндегі антиномия құбылысындағы біріне-бірі жүйелі түрде тойтарыс беретін логикалық тапқырлық, танымдық жүйенің шексіздігі ретінде қарау қажет. Антиномия құбылысы қазақ тілінде жиі кездесетін тілдік құбылыстардың қатарына жатқызуға болады» [77].

«Тілдегі антонимдер қарама-қарсы мәндегі сөздерді білдіру барысында алуан түрлі стилистикалық, поэтикалық, логикалық мазмұнға ие болады. Жалпы тілдегі қарама-қарсы мәнді ұғымды білдіруде антиномия, антитеза, антифразис, антоним, антонимия секілді тілдік бірліктер қатысады. Аталған бірліктердің қарама-қарсы мағыналық ұғымды білдіруге қызмет еткенімен олардың әрбіреуінің мағыналық реңкі, тілдік қолданысы, стилистикалық сипаты, танымдық қызметі әркелкі болады. Қарама-қарсы ұғымды білдіретін бірліктердің жалпы мазмұны екі үлкен құбылысты салыстырудың нәтижесіндегі өзара қарама-қарсылықты білдіру болса, жеке қызметі көрсетілген құбылыстардың өзіндік мазмұнын айшықтауда мағыналық реңкі мен логикалық мазмұны жағынан ерекшелене түседі.

Демек, қарама-қарсылықтың тілдегі репрезенттері тілдік жүйеде әртүрлі формада көрініс табады. Лексика деңгейінде қарама-қарсылықты білдірудің құралдары негізінен – *антоним сөздер мен фразеологизмдер*. Морфологиялық (функционалды грамматика) деңгейде грамматикалық категориялар құраушы оппозицияға құрылған *болымдылық/болымсыздық, жақтылық/жақсыздық, анықтық/танықтық, белгілілілік/белгісіздік, локалдылық/бейлокалдылық, мақұлдау/мақұлдамау, жекелік/көптік*, т.б. Қарсылық функционалды-семантикалық категориясы да, түпнегізінде қарама-қайшылықтың негізінде жатқан екі құбылыстың, субектінің, ойдың т.б. оппозициясы болғандықтан, *қарсы еместік, яғни қолдау, мақұлдаудың* оппозициясына құрылады. Алайда біз жұмысымызда қолдау/мақұлдау, қарсы еместік оппозицияны арнайы қарастырмаймыз. Біз төменде қарсылық модалдылығын ең алдымен функционалды-семантикалық категория ретінде ішкі мағыналық топтарын (субкатегорияларын) ажыратып аламыз. Зерттеу жұмысымыздың екінші тарауында қарсылық модалдылығын құрайтын функционалды-семантикалық өрісінің құрылымын анықтаймыз.

1.3 Қарсылық модальдылығының түрлері

А.В.Бондарко функционалды-семантикалық категория мен функционалды-семантикалық өрісті бір ұғымның ішіндегі екі аспектісі ретінде көрсетеді. Мысалы, қарсылық әрі семантикалық категория, әрі оның құрылымдық бірлігі - функционалды-семантикалық өріс болып қаралады да, *семантикалық категория ретінде қарастырылғанда* оның категориялану, яғни мағыналық жиынтық құрауы, мағыналық топтары негізге алынады. Ал *өріс ретінде қарастырылғанда* өрістің таза құрылымдық белгілеріне, яғни сол мағыналарды беру кезіндегі тілдік құралдардың тілдік, жұмсалымдық әлеуетіне талдау жасалып, олардың мағына беру мүмкіндіктері

анықталады, осы орайда тілдік құралдардың өріс ядросын құрау немесе перифериясында жату сипаттары ашылады.

Тілдегі қарсылық модальдылығының сөйлеушінің прагматикалық мақсатына, сөйлеу жағдаяттарына қарай әртүрлі жолдармен беріледі. Қарсылық мағынаны біз әдетте тілдік жүйеде қарсылықты демеулік шылаулар мен қарсылықты құрмалас (салалас/сабақтас) сөйлемдер тұрғысынан білеміз. Алайда қарым-қатынас кезінде коммуниканттар арасындағы қарсылық білдіру түрлері мен олардың берілу жолдары сан түрлі болып келеді. Қарсылық модальдылығының тілдік жүйеге түспеген қаншама жолдары бар. Олардың бірінде функционалды-семантикалық өрісінде нақты лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құралдар ретінде атап көрсететін тілдік бірліктерден басқа да, оның аясынан шығып кететін контекстік қарсылық білдіру амалдары бары екендігіне көз жеткіздік. Біз төменде жинақталған мысалдарымыз бойынша, қарсылық мағынасының түрлерін көрсетпекпіз. Оларды контекст аясында мысалдар арқылы дәйектейміз.

1) Тура қарсылық. Тура қарсылық деп, біз, екі коммуниканттың арасындағы қандай да бір ұсынысқа, бұйрыққа, ой-пікірге берілген келіспеушілікті білдіретін нақты қарсылықты айтамыз. Мысалы,

Майбасар осы жайдың бәріне тоқмейілдене түсіп:

- Бар жақсылықтың басында әйтеуір бір Алишекең... Берген мал адал, адал зой Алишынбай аулына! – деді де, қасында отырған Абайға иіліңкіреп, төне түсіп:

- Ұқтың ба? Бәлем, осы жолы бармай құтылшы қайныңа! – деп, Абайды тағы да қолға ала бастады. Бірақ Абай дәл осы жолы бұрынғыдай жасыған жоқ. ...

- Майеке, тағы бастадың ба, бармаймын тіпті!.. – деп, үлкендерге бұрылды да күліп қойды (М.Әуезов, Абай жолы).

М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан берілген бұл

сөйленімде Майбасар Абайға қалыңдығы Ділдәнің әкесі – Алшынбайдың аулына ұрын бару керек екенін айтып қолқалағанда, Абай өз қарсылығын астарламай, бармайтынын нақты айтып, қарсылығын тура білдіреді. Қарсылық білдіру құралы – болымсыздық жұрнағы мен күшейту мәні «тіпті» үстеуі арқылы берілген.

Сол сияқты:

- Теріс жайылма! Теріс көшпе, оңға көш, ақсақал! Мен кәналасқалы, арылғалы келдім!..

- Теріс көшпе деймісің? Жоқ, мен, көшкелі отырмын. Сенен ажырап, ана жаны ашитын ағайынның ортасына көшкелі отырмын!

- Оныңа ырзалығым, рұқсатым жоқ! Көшпесін, кетпесін, ұғымасын Торғаймен деп, сәлем айтты мырза.

- Сәлемет болсын! Бірақ енді бақыл болсын, мен көшем!

- Неге, не көрінді, ақсақал?! – деп, осы арада Құдайберді сөзге кіріп (М.Әуезов, Абай жолы).

Бұл сөйленімде де «Көшпесін» деген Құнанбай сәлеміне берілген қарсы жауап – «Жоқ», «мен көшем» деген тура, төтесінен жауап берілген. Сондықтан, біз, бұл диалогты да тура қарсылыққа жатқызамыз. Тура қарсылық сонымен қатар ұсынылған әрекетті білдіретін сөзді болымсыз формада қайталап жауап ретінде қолдану арқылы беріледі.

2) Жалпы қарсылық – қарсылықтың бұл түрі жұп немесе топ субъектілердің бір-біріне немесе жалпы болып жатқан іс-әрекеттерге, құбылыстарға қарсы ойы, пікірі. Жалпы қарсылықта субъектілер нақты белгілі бола бермейді және уақытқа тәуелсіз болып келеді. Мысалы, қазақ тілінде ауыспалы осы шақ осы кездері болып жатқан әрекетті білдіреді. Мұны кей ғалымдар жалпы осы шақ деп те атаған. Сол сияқты жалпы қарсылық та уақытқа тәуелсіз. Мысалы,

Польша бұқарасы Россия патшасының отаршылық ісіне қандай қарсы болса, мен келіп қосылған шақта қазақ халқы да сондай қарсы еді (І.Есенберлин, Қаһар).

Бұл топтың пікірі оларға үнемі қарсы келетін (Ауызекі тіл).

3) Жанама қарсылық деп, коммуниканттардың белгілі бір әрекетке, ұсынысқа, пікірге қарсылығын нақты білдірмей, уәжді сөз арқылы, яғни басқадай себеппен келіспеу, қарсы болу мағынасын жеткізуі. Мысалы,

- Шешей, біз арнаулы мемлекеттік жұмыстармен Орынбордан Керекуге келе жатқан студенттер едік. Ең алдымен...

Әйел оның сөзін бөліп жіберді:

- Бұл – қонақ түсетін үй емес, - деді үзілді-кесілді. Ержан да бөгелген жоқ.

- Ең алдымен, сіздің үйге кездескенімізге қуанып тұрмыз (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Берілген сөйленімде үй иесі әйел, үйіне келіп тұрған күтпеген қонақтарға «кетіндер» не «бұл үйге түсуге болмайды» деп, қарсылығын турасынан айтпайды. «Бұл қонақ түсетін үй емес» деп, прагматикалық тұрғыдан жауап береді. Сондықтан бұл жердегі сөйленімде берілген қарсылықты мағынанын жанама қарсылық деп айтуға болады.

Сондай-ақ:

Шөженің атына Абай қанық, бірақ көргені осы. Атын ести сала ол бурыл сақалдан сытыла жөнеліп, топтың алдыңғы қатарына ілесіп, Шөжені жақсылап қарап, сөзін тыңдай бастады.

- Шөжіке, бізге жүр!.. Біздің үйге келдік, міне, айтып тұрған мына мен, Бақбергенмін, - деді бір қырма сақал жаяу.

- Жоқ, бізге барады...

- Уа, қойыңдар, мен өзім алыстан ертіп келемін!..

- Ой, не дейсіңдер? Шөжікеңнің түскен үйі біздікі!.. Аты біздікінде тұр! – деп, тағы біреу үн берді (М.Әуезов, Абай жолы).

Берілген мысалда Шөже ақынды үйіне апаруға қолқалаған адамдар арасындағы талас баяндалады. Талас болған жерде

қарсылық мағына да болады. Алайда қарсылықты мағынаны білдіретін диалогтардағы сөйленім құрылымдары тікелей қарсылықты мағынаны білдіретін тілдік құралдар емес, қарсылық мағынасы тіпті тек контекст арқылы байқалады. Әсіресе, соңғы сөйлемде Шөженің түскен үйі мен атының сол үйге байлануы алдыңғы сөйлеушілердің сөзіне қарсылық білдіру жолы болып тұр. Яғни бұл жердегі қарсылық мағынасы тура берілсе, сөйлем былай құрылған болар еді – *Шөже ақын сендерге бармайды, аты біздің үйде байлаулы, демек, біздің үйге түсті деген сөз. Сондықтан Шөже ақын біздің үйге баруы тиіс немесе барады.*

4) Уәжді қарсылық деп, коммуниканттың, яғни адресаттың адресаттың ұсынысына уәж айта отырып, қарсылық білдіруі. Мысалы:

-Ой, не айтасыңдар, тәйір!.. Тез болыңдар! Өздерің жаңа мешіттегі намазға бармаймысың, әуелі?.. Майбасар, бармаушы ма ең намазға? – деп, Жақып қайта дегбірсізденді.

Майбасар дәл намаз үшін онша асыға қоятын тәрізденбеді. Мойын бұра беріп күліп, Абайға қарап:

- Е, жаңағы қалың жиынның ішінен мешіт ішінде орын тиеді деймісің, тәйір! Төріне кетсең, қонақ шыққаниша үйге жете алмай қаласың... Онда Ызғұтты: «Қонақтан бұрын келмейсің» деп, бауыздалып өлсін... – деді (М.Әуезов, Абай жолы).

Берілген сөйленімде Майбасар Жақыптың мешітке бару туралы ұсынысын қабылдамай, сол қарсылығын білдіру үшін, мешіт ішінде орын болмайтынын, адам көптігінен бір кірген соң, шығудың да қиын екенін сылтау етеді.

5) Жұмсақ қарсылық деп, коммуниканттардың орындалатын әрекетке, ұсынысқа өзіндік пікір білдіре қарсылығын білдіруін айтамыз. Жұмсақ қарсылықта бұйыру, бас тарту сипатындағы қатаң қарсылық болмайды. Мысалы:

Құнанбай осы жолы Алышынбаймен уәделесіп келінті. Осы көктемге байласыпты.

Рас, өзге құданың бәрінен жолы бөлек Алшынбай. Оның үлкен достығынан басқа, өзі арғынғ белгілі Қазыбек, Тіленшінің Алшынбайы. Бұл атыраптағы қазақтың одан үлкен әруағы жоқ. Сондай ауылға бала қайындату, әсіресе ұрын жіберу – осал қам емес. Мал-дүниенің барлығынан да көп үлес, мол шығын шығару керек деген сөз.

Бірақ Құнанбайдың бұл байлауын да шешелер ақ тілеумен қабыл алды. Тек Зере ғана:

- Ел жайлауға шығып, арқа-басы кеңіген соң барған лайық болмаушы ма еді? – деп еді.

Оған Құнанбай:

- Оның рас-ау, бірақ Алшынбайдың жазғы жайлауы ары шалқып, ұзап кетеді. Бару-келудің жолы алыстап, мойны қашықтаған соң, жүріс ауыр болады... - деді (М.Әуезов, Абай жолы).

Берілген сөйленімде Құнанбайдың Абайға айттырылған Ділдәнің әкесі Алшынбай еліне құда түсу рәсімін атқару туралы шешіміне қарсылығы шешесі – Зеренің «жайлауға көшкеннен кейін барғаны дұрыс болар еді» деген пікірі арқылы көрініс тапқан. Зере Құнанбай шешіміне төтесінен қарсы болып тұрған жоқ, тілдік құралдарда да «бармайсың» деген болымсыз формада тұрған жауап етістік қолданылмаған, яғни Зере қарсылығы тікелей қарсылықты білдіретін тілдік құралдар (болымсыздық жұрнақ немесе Жоқ сөзі) арқылы берілмеген.

Сол сияқты:

Тоғайдан өтісімен Ербол барлық жайды тез аңғарды:

- Бәрекелді, мына қызықты қара! Мынау ауыл алтыбақан теуіп жатыр! – деп, тоқтай қалды да: - Ойбай, жақсы болды! Тура барайық! – деп еді. Абай аттың басын іркіп тоқтап қап.

- Тұра тұр! – деді.

Ониша араласы жоқ ауылға ойын іздеп келгендей, мезгілсіз баруды Абай ыңғайсыз көріп еді.

- Барсақ та атты тастап жаяу барайық. Кейінірек барайық. Әуелі сіздің ауылға түсейік! – деді (М.Әуезов, Шығ.).

Абай бұл диалогта дос Ерболдың «алтыбақан теуіп жатқан ауылға тура барайық» деген ұсынысына қарсылығын «бармаймыз», «Жоқ», «баруға болмайды» сияқты тура қарсылық формаларымен беріп тұрған жоқ. Алдымен «тоқтай тұр» деп, кідіртіп, артынан «атты тастап барайық», «кейінірек барайық», «әуелі сіздің ауылға түсейік» деп, ішкі қарсылығын төтесінен білдірмей, жұмсартып айтып отыр. Бұл жерде Абайдың досын ренжіткісі келмеуі сияқты прагматикалық мақсат та тұр. Сонымен қатар жалпы жұмсақ қарсылық қазақтың ұлттық менталитетімен де байланысты.

б) Қатаң қарсылық дегеніміз – коммуниканттар арасында бір-бірінің ой-пікіріне, әрекетіне сөйлеуші рөліндегі субъектінің өз қарсылығын ашық және төтесінен эмоциялық тұрғыдан білдіруі. Мұндай модальдылық көбінесе тыйым, кінәлау, бұйрық мәнді болып келеді. Соған сәйкес тыйым сөздер мен бұйрықты сөйлемдер және болымсыз формалы етістіктер қолданылады. Мысалы:

- Жә, бірің бастап, бірің қостамай! Басалқа, басу айтады десе, о несі? – деді. Ұлжанға Айғыздай жекірген жоқ, кінәлай сөйледі.

Үй ішінің наразы үнін осылай баспақ. Бірақ, онысына Зере болған жоқ.

- Қорқытпа, келіндерімді!.. О несі? – деп, қатты зекіп қап, ілгері жылжып кеп, екі қолымен жер тіреп отырып, баласының жүзіне аса суық қарады. Абай өз әжесінің мұндай қайратты ашуын көрмеген сияқты.

Зере әлі де Құнанбайға қадала қарап, түйіліп отыр. Құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуаси түсті. Көзі де шеше көзінен тайқып кетті.

- Айында, аптасында бір көреді. Арыз-мұңын саған айтпай кімге айтады? Қатты болсаң, қасыңа бол! Досыңа,

қатын-балаңа қатты боп, қайда барасың өзің? «Жер тәңірісі сенсің» деп, қошеметшің айтсын! Бұл жерде, бұл мекенде сен мойнындағы қарызы мол әкесің, **білдің бе?** Айтам ғой, «жер тәңірісімін» десең де, аяғың аспаннан салбырап түскен жоқ. Сен де пенденің ұлысың, анадан туғансың. Менмін сені тапқан. Мынау аналар аналық зарын айтады. Кәмшат турасында күйзелтіп, күңірентіп отырсыңдар сендер бізді. **Тап, енді, емін тап ақырғанша!** Құтқар анау қаршадай жетімегіңді! – деп, **қатты бұйрық етіп** тоқтады (М.Әуезов, Шығ.).

Жоғарыда берілген сөйленімде Құнанбайдың әйелдеріне ұрысқан сөзіне анасы – Зеренің қатаң қарсылығы білдіріледі. Қатаң қарсылық модальділігі Зеренің сөздеріндегі бұйрықты, кіналау мәнді сөйлемдерден (*қорқытпа, келіндерімді, саған айтпай кімге айтады, білдің бе, тап емін*) көрініп тұр. Сонымен қатар қатаң қарсылық мәні автор сөзінде де көрініс тапқан. Мысалы, *зеку, аса суық қарау, қайратты ашу, қатты бұйрық* ету маркерлері қатаң қарсылықты білдіруші құрал қызметін атқарады.

Сондай-ақ:

Сол сәлемін Құнанбайға әкелгенде, ол ашу шақырып, кәріне мініп, Қаратай мен Жұмабайды сол түнде қайта жіберіп: «Сөзді қойып, көшсін!» деген бұйрық жолдапты.

Байсал мұны естігенде қатты бұзылып, қарсы қайрат көрсетіп:

- Жәнімді айтып ем, жібімеді ғой. Жерге тигендіктен шықпайды, жетеге тигендіктен шығады жан ашуы. Мені тек жатайын десем де, сүңгілеп тұрғызайын деген ғой! Сол жер деген боп, жегідей соңына түсіп, кешегі қадірлі Бәсейді де жұтып еді. Содан жаным ардақты емес. Айтқанымнан қайтпаймын! Осы қыстаудан қия баспаймын! – депті.

Бұл жауапты Қаратай тағы бір от шығып кете ме деп, майдалап жеткізбек екен. Бірақ Құнанбай: «Байсал бұлай сөйлемейді, дегенін дәл жеткіз» деп, қадалып отырып апты да, *Жұмабай түгел айтып берінті* (М.Әуезов, Шығ.).

Берілген сөйленімде де екі тарап арасындағы қақтығыс нәтижесіндегі эмоциялық жағдаят берілген. Құнанбайдың көшсін деген бұйрығына Байсал қарсылығын білдіріп, сәлемдеме жеткізуші Қаратайға ашулы мінез көрсетеді. Құнанбай бұйрығын орындамайтыны, яғни қарсылығы Құнанбайды кінәлай сөйлеуі мен айтқанынан қайтпайтынын білдіруінен көрінеді. Қатаң қарсылық Байсал сөзінен де, автор сөзінен де байқалады. Мәселен, автор сөзінде Байсал сөзін майдалап жеткізбек болған Қаратай сөзіне Құнанбайдың «Байсал олай сөйлемейді» деп, сенбеуінің өзі Құнанбай мен Байсал арасындағы шиіленісті қатынасты білдіреді және соған сәйкес қарсылық модальділігі де ерекше берілген

7) Бұйрықты қарсылық дегеніміз, коммуниканттар сөзіндегі бұйрық мәнді сөйлемдер арқылы қарсылық модальділігінің берілуі.

Жақын жерде тұрған үлкен мая бар екен. Соған қарай айда деп бұйырды. Қой маяға жақындай бере, шұбай жүгірді. Дәркембай Құнанбайдың қорығына түсуге қоймай, пішеніне тағы ауыз салғаннан қорқып:

- Қайыр! Қайтар! Пішенін жегізбе! – деп, өз кісілеріне айқайлай бастады.

Абай оған зекіп:

- Тоқта былай! Барсын!.. Жесін! Маяға жабыңдар, жарамсақсымай! – деп **ақырды** (М.Әуезов, Шығ.).

Сөйленімде қарсылық модальділігі бұйрықты сөйлемдер арқылы берілген. Дәркембайдың қойларды қайыруға берген бұйрығына Абай керісінше, тоқтатып, қойларды маяға жабуға бұйрық береді. Қатаң қарсылық Абай сөзінен де, автор сөзінен (*ақыру, зеку*) де байқалады.

Сол сияқты:

- Әнеу күні ақ шомшыдан алғызған үш қап ұның бар. Тіреліп тұрған бес қап бидайың бар. ... Үлесесің мынау ашарық жұртпен! Қарсылассаң, жақсы болмаймыз.

- Е, өзіміз аш қалсын дейсің бе? – деп, *Қаражан қырыстана берді.*

- *Аш қалмақ түгілі, қырылып қал!.. Бересің! Бермей, қырыстанып көр осыдан! Күнде кешке кеп тексеріп тұрамын. Орындамасаң, өзіңнен көр! ... Масқара қып тұрып көндіремін, білдің бе?.. Орындайсың, сол! – деп, қадалып қарап, үндемей тұрып қалды (М.Әуезов, Шығ.).*

Абайдың Қаражанның бермеймін дегеніне қарамай, айтқанын орындататынын білдіруі бұйрықты сөйлемдер, сонымен қатар шартты мәнді «бермей көр» қолданыстарынан көрінеді.

8) Үзілді-кесілді (категориалды) қарсылық дегеніміз, қандай да бір ұсынысқа не пікірге коммуниканттардың түбегейлі қарсы екенін білдіруі. Мұндай үзілді-кесілді қарсылық модальділігі «үзілді-кесілді қарсы шығу», «қарсы шығу», түбегейлі қарсы болу», «басы бүтін қарсы болу» тіркестері арқылы беріледі. Мысалы:

IV-VII ғасырлардағы күпірлердің бәрі – несториандық, монофиситтік иконды құрметтеп, табынуға үзілді-кесілді қарсы шықты (Орта ғасыр. тарихы).

Мұнымен қатар Алтынсарин қазақ балаларына христиан дінін зорлап үйретушілерге де үзілді-кесілді қарсы болды («Айқын»).

Өктем Алтаев:

- *«Қыз бен Жігіттің айтысы» деген тұжырымға түбегейлі қарсымын. Қыз бен жігіттің арасындағы айтысты әнмен жалғастыра алмайсың. Ал мына әнде тоқтай алмайсың, айтқан сайын айтқың келе береді («Айқын»).*

Бірақ оны жалпыға ортақ қағида деп қабылдау дұрыс емес. Мен кәсіби диетолог ретінде саналы түрде ашығу деген пікірге түбегейлі қарсымын. Ол қарсылығымды ғылыми-медициналық тұрғыда толықтай дәлелдей аламын («Айқын»).

Шенеуніктердің басқаруына басы бүтін қарсымын («Айқын»).

Сонымен қатар үзілді-кесілді қарсылық диалогтағы Жоқ! сөзі және оның қосарлама қолданысы мен «атама!», «айта

көрме!», «атай көрме!» маркерлері арқылы да беріледі. Мысалы:

Бүйте берсем, әлі де ажал табар кісі аз болмас.

-Жоқ-жоқ, өйтуге болмайды! Кешір, анам, антымды қайтып алдым (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Тіл-жазың байланғандай, түк айта алмай тұрып қалғансың-ды. Бәкизат мырс етті де, сенің әр саусағы бақандай қолыңды ымдап:

- Бұның дәмін татқанбыз, - деді.

- Жоқ!.. Жоқ, айта көрме, - дедің сен дызалақтап, - Қанша ит... Иттігім болса да, саған.. Жоқ!..

Сен мұны мен Бүркітбайға баруға бел байлаған соң айтып отыр екен деп ойлама. Жоқ, атама. Бұл жүрегімді жайып, бар сырымды ақтарғаным саған бәрін жысырмай жазғаным (Ә.Нұршайықов).

Үзілді-кесілді қарсылыққа сонымен қатар бейвербалды тілдік құрал ретінде қол қимылдары арқылы жүзеге асатын ишараттың тағы бір түрі – **қолды айқастыру** ишаратын жатқызуға болады. Яғни екі қолды кеуде тұсына әкеліп бір-біріне айқастыра көрсету «жоқ», бармаймын, дұрыс емес, мен емес, сөйлемеймін т.б секілді үзілді-кесілді қарсылықты білдіретін ишарат.

9) Үгіт қарсылық дегеніміз, коммуниканттардың екінші тарап пікіріне қарсылығын үгіттей отырып білдіруі, екінші тарапты өз сөзіне, ыңғайына көндіру. Мысалы:

- Майеке, тағы бастадың ба, бармаймын тіпті!.. – деп, үлкендерге бұрылды да, күліп қойды.

- Өй, жаман!.. Жаман бола ма деймін шіркін! «Өлі-тірісін берген соң, өлі күйеу жата ма?» деп, өзің қалайсың? Иегі ителгінің тамағындай боп үлгілдеп келін отыр анда «Келмей кетсінші бәлем!» - деп, ол сені сынап отыр осы жолы. Өзің сүйекке намыс болатын жайды ойламасаң керек мүлдем! – деп, Майбасар Абайды шындап айналдыра бастады (М.Әуезов, Абай жолы).

Берілген сөйленімде Майбасар мен Абай арасындағы қарсылықты қатынас берілген. Майбасар Абайды қайын жұртына ұрын барып келуге ұсынысы, оған Абайдың келіскісі келмей, қарсылық білдіруі, сонымен қатар Майбасардың Абайдың бармаймын дегеніне қоймай, қарсылық білдіріп, өз ыңғайына көндіру үшін үгіттеуі берілген.

10) Қадалыңқы, текетіресті қарсылық дегеніміз, коммуниканттардың белгілі бір ұсыныс, әрекет, пікір туралы өзара ұзақ қарсыласуы, тартысы. Мысалы, төменде жоғарыдағы Майбасар мен Абайдың қайын жұртқа бару-бармауы туралы ұзын-сонар айтыс-тарртысы берілген:

-*Мәйеке, тағы бастадың ба, бармаймын тіпті!..* – деп, үлкендерге бұрылды да күліп қойды. ...

Майбасар жауап ала алмай, аз отырып, қайтадан қадалып:

- *Ал, айтсаишы!.. қасыңа жолдас қып, мына отырған барлық атпал жігіттерді ертем. Тек емеуірініңді білдірші!* – деді.

- *Мәйеке, қойыңыз дейім!..*

- *Уа, тіпті де қоймаймын!.. Білдің бе?..*

- *Япыр-ау, осы сізге түсір олжа бар ма? Тым құрыса, жеңге болсаңыз бір сәрі еді!..*

- *Жеңге болмасам, жеңгеден артық айызым қансын!..*

Абай күліп жіберді де, бір ерекше ойнақы тектектік тауып:

- *Осы бір емес, екі емес... шын қоймайсыз ба?* – деп, домбырасын тоқтатып, алдына көлденең салып Майбасарға қадала қарады. Күлімсіреп қараған үлкен көздерінде аса бір қызулы жалын көрінгендей еді.

- *Ал, қоймадым!..* – деп Майбасар, «қайтер екен» дегендей, ежірейе қарады.

Абай өзі көрген Шәженің қалпына салып, күлімсіреген көзін сығырайтып, басын жоғары көтере беріп, соқтырты жөнелді:

Уа, қой десе, бір қоймайсың

Аз болды ма, Мәйеке,

Осында көрген қызығың?

Кертiп жеп-ақ жүрсiң зой,

Қарқаралы халқының

Жал-жаясын, шұжығын.

Алған, жеген аздай-ақ

Тағы бiрдi тауыпсың.

Уа, Алшынбайдың қызы кім?

Адақтамақ сертiң бе,

Осы өңiрдiң елiнiң

Жүйрiгi мен жортағын?

Айтпай-ақ қойсаң нетушi едi,

Сонда да бар ед ортағың?

Гүж-гүждеп бiр қоймайсың,

Бұқасы ма ең қашырап

Сол ауылдың торпағын?

Бiле бiлсең осы сый

Жетер едi, қайнаға,

Орайы болмас қолқаның... –

деп, сақылдап күліп, Абай Майбасарға қарай жантая кетті (М.Әуезов, Абай жолы).

Жоғарыдағы сөйленімде екі тарап арасындағы қадалыңқы, текетіресті қарсылық «қоймаймын», «қайтадан қадалу», «тіпті де қоймаймын», «бір қоймайсың», «шын қоймайсыз ба», «орайы болмас қолқаның» сияқты айтыс-тартысты сөздері арқылы жеткізілген. Тіпті Абай Майбасардың текетіресіне арнап өлең де шығарып жібереді.

11) Жасырын қарсылық дегеніміз, сөйленімде субъектілер арасындағы қарсылықтың екінші тарапқа ашық жеткізілмеуі. Мұндайда қарсылық мән қарсы болған субъектінің ішкі қарсылығы түрінде қалады немесе екінші тарап пікіріне қарсылығы сөйленімде жасырын істеледі, яғни екінші тараппен ашық қарсылыққа түспейді. Мысалы:

Енді бүгін мұнда қонбай, Жидебайға қайтсам деп ойлап еді. Әкесіне сол ниетін айтқанда Құнанбай:

- Немене бұ, қуыршақ ойнайтын қыз ба едің сен, шешеңнің қасынан шықпайтын? Менің қасымнан сол қатындардың қасы артық болды ма? Мұнда болсаң, ел көресің, сөз ұғасың, тәлім-тәрбие аласың. Онда не табасың? – деді.

Абайға бұл сөздер оншалық даусыз хақиқат болып танылған жоқ. Ішінен: «Сіз ата болсаңыз, ол – ана. Бала, ата-ананың тағылымын бірдей алып өседі» деп ойлады.

Бірақ әкесіне тура жауап айтқан жоқ (М.Әуезов, Абай жолы).

Жоғарыда Абайдың Жидебайға қайтқысы келген сөзіне Құнанбайдың қарсылығы айқын беріледі. Құнанбай Абайға аналарының қасында болатын қыз бе едің деуі арқылы Абайдың кетуіне қарсылығы көрінеді. Ал жасырын қарсылық бұл сөйленімде Құнанбайдың бұл сөздеріне Абайдың іштей келіспеушілік ойы арқылы білдірілген: *Абайға бұл сөздер оншалық даусыз хақиқат болып танылған жоқ. Ішінен: «Сіз ата болсаңыз, ол – ана. Бала, ата-ананың тағылымын бірдей алып өседі» деп ойлады.*

Сондай-ақ,

- Ата-бабаң жолы осы! Барған елің сені кінәламайды. «Әкесі –күйеу, шешесі – қалыңдық болмаған ба?» деп бізді мінейді. Ки! – деп, дәл аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу киімінің бәрін кигізді.

Абай сол күні өзінің өзгеше қалпын бақсы-құшнаштай көрген. Өз ауылдарынан шығысымен, Ұлжанға кеп:

- Япырау, мен күйеу болсам, Бошанға күйеумін, Тобықтыға, Тарақтыға күйеу емес ем ғой. Жолдағы елдің бәріне мен күйеу деп, жынды кісіше жар шақыратыным не? Рұқсат етіңіз, барар жерде киейін, әзірше өз киіміммен барам, - деген.

Ұлжан мұны теріс көрсе де, көнген-ді. Сол Абай жаңағы бақсы мен салға ұқсатататын күйеу киімін әлі кимеген. Үкілі тымақ, қызыл шапан қоржында (М.Әуезов, Шығ.).

Бұл сөйленімде Абай қайыншылап, ұрын барғанда киетін

күйеу киімін елден шыққанда шешелерінің көзінше қабыл алып, қарсыласпай киеді де, ауылдан шыға бере, қоржынға салып алу әрекеті Абайдың күйеу киімін кигісі келмеген қарсылығының жасырын орындалуы болып табылады.

12) Бас тарту қарсылығы деп, қарсылықтың қандай да бір ұсынысты қабылдамауы арқылы қарсылық білдіруі болып табылады. Мұндай қарсылық модальділігі көбінесе «бас тарту» тіркесі арқылы беріледі. Мысалы:

Жәнібекпен түбі бірге от жағып, түтін түтете алмай-тынын сезген хан, қызын беруден үзілді-кесілді бас тартты (І.Есенберлин, Алмас қылыш).

Әңгімені Ұлтуғанның шайын ішіп отырып жалғастырармыз. Жасболат үйге түсуден үзілді-кесілді бас тартты (Қ.Жұмаділов, Бір қаланың тұрғындары).

Сол сияқты «**керек жоқ**», «**рақмет**», «**қажет емес**», **тиме**», «**өзім**» сөздері арқылы да бас тарту қарсылығы білдіріледі. Мысалы:

- Сізге көмектесейін деп келдім.

- Қажет емес (Ауызекі тіл).

Сондай-ақ төменде ат үстіндегі Оспанға болыспақ болған балалардың ұсынысынан Оспанның бас тартуы «тиме», «аулақ» сөздері арқылы маркерленіп тұр. Мысалы:

Жұрттың бәрі амалсыз иіріліп тұра қалып, ақ таймен Оспанның арпалыс майданына қарады.

Тәкежан да таңдайын қағып, Оспады боқтай түсіп, сүйсініп тұр.

Тайдың мөңкігенінен сескеніп, Оспаға болысайық деген ересек балалар болып еді.

Оспан айғайлап, шолақ бұйрық етіп:

- Тиме, Аулақ! – деді (М.Әуезов, Абай жолы).

13) Кесімді қарсылық дегеніміз, қандай да бір әрекетке, пікірге сөйлеуші рөліндегі адресаттың өз қарсылығын тоқетер сөз ретінде кесіп айтуы болып табылады. Мысалы:

- Уа, Құлыншақ ақсақал, көшпесін деген мырзаның сәлемін айттым. Көшпе деп өзім айтып отырмын. Жеке

айттым, арыла айттым. Енді көшпейім деген сертіңді бер, қысқасы! Соныңды естимін де, жүремін! – дегенде, Құлыншақ қатуланып, жалт қарап:

- Ендеше менің де сөзім қысқа, Майбасар. Тойдым, болды! Көшемін! – деп, бір-ақ кесті.

Үй іші бұл сөздің тұсында, тегіс ажырайысып, аңтарла қарасып қап еді (М.Әуезов, Абай жолы).

Кесімді қарсылық жоғарыдағы сөйленімде «болды», «бір-ақ кесті» маркерлері арқылы, сонымен қатар Құлыншақтың кесімді қарсылық жасауға дейінгі қатуданған көңіл-күйі арқылы берілген. Автор сөзіндегі Құлыншақты кесімін атқандағы сөзіне көпшіліктің аңтарылып қалуы да қарсылықтың реікін күшейте түскен.

14) Сұрақ қарсылық дегеніміз, коммуниканттардың қандай да бір ойға, әрекетке, ұсынысқа қарсылығын сұрақ формасында білдіруі. Мысалы:

Ақыл айтып, мәслихат беруден бұрын тартынып келсе де, қазір Абай ойдағысын айтпақ болды.

- Арыз бармас үшін, жауызғып отырған ағайынның көңілін табу керек қой!

Құнанбай бұған суық қарады, жақтырмады.

- Аяғына жығыл деймісің?

- Жоқ, Бірақ алғанды қайта орайлап, есесін түгендеу керек. Сонымен көңілін тауып тоқтатпаса, арызды тоқтатар басқа шара жоқ! (М.Әуезов, Абай жолы).

Жоғарыдағы сөйленімде Абайдың айтқан сөзіне Құнанбайдың қарсылығы «Аяғына жығыл деймісің?» деген сұрақ формасындағы жауабында көрініс тапқан. Яғни, аяғына жығылмаймын деген қарсылық астарлы беріліп тұр.

Сол сияқты төмендегі сөйленімде Құнанбай Мырзаханның сұрағына (Әйтеуір азбай ма екен?) қарсы сұрақ (Азып сонша не бопты?) қою арқылы қарсы жауап береді. Яғни, азбайды деген қарсы жауапты сұрақ формасында «азатындай себеп жоқ» деп білдіреді.

Қасындағы Мырзаханға Құнанбайдың жалғыз айтқаны:

- Майырды Керекуде тосыңдар! Тосып алып, содан әрі бірге тартыңдар! – деді.

- Өзі, әйтеуір, азбай ма екен? – деп, Мырзахан қадалып еді.

- Азбас! Азып сонша не бопты? – деп, біраз отыра түсіп, бірақ, әлі өзіміз көрсететін қайрат та бар. Дер кезінде айтармын. Беліңді ардайым бекем бугайсың) – деді (М.Әуезов, Абай жолы).

Ал төмендегі сөйленімде коммуниканттар арасындағы қарсылық модальділігі сұрақ формасында үстін-үстін білдіріледі. Мысалы:

Абай үйге кеп әкесіне ажарлана қарап отырып:

- Әке, осы шілденің күнінде, ен жайлауда, шөп деген тұнып тұрған шақта, жер қорыған, ағайынға реніш салған не қисынға сыяды? – деді.

Құнанбай бұған жалт етіп, суық қарады.

- Немене, Байсалдың дауын айтар тіл, жақ жоқ деп пе ең? Қыстауымды қайырмай, қасарысып отырғанын да қостарсың сен!?

Абай қайтқан жоқ. Үні қатқыл шықты.

- Қыстау – жайлау емес қой.

- Қыстаудан жайлауға көшетін кекесін болмай ма екен?

- Ендеше түп-түйінді айтады екеміз. Сонда қыстау жайындағы ашудың өзі әділет пе?

- Әділет, сенің ойыңша, біреудің басына күн туса, соның орнын тартып алу зой?

- Тартып алғыштың басы, шынға келсек, Байсал емес, өзіміз зой. Байсал алушы емес, алынушы боп келмеп пе еді бұл күнге шейін? Өмір бойы бір-ақ қыстау сұрап емінгені өзіңіз емес пе едіңіз?...Құнанбай

- Жә, суырылма!.. Менімен жарыса түспек пе ең? – деді (М.Әуезов, Шығ.).

- Сөйленімде Абай мен Құнанбай арасындағы пікірталас қарсылығы көрініс тапқан. Қарсылық модальділігі негізі-

нен сұрақ формасында (*кекесін болмай ма екен? әділет пе? – яғни әділет емес, тартып алу зой? – яғни тартып алу әділет емес, жарыса түспек пе ең? – яғни менімен жарыспа*) құрылады.

15) Ақталма (себеп) қарсылық дегеніміз, коммуниканттардың қарсы тарап ұсынысына, пікіріне тура қарсылығын білдірмей, қарсылығының себепін түсіндіріп, ақтала жауап беруі. Мысалы:

Енді бүгін мұнда қонбай, Жидебайға қайтсам деп ойлап еді. Әкесіне сол ниетін айтқанда Құнанбай:

- Немене бұ, қуыршақ ойнайтын қыз ба едің сен, шешеннің қасынан шықпайтын? Менің қасымнан сол қатындардың қасы артық болды ма? Мұнда болсаң, ел көресің, сөз ұғасың, тәлім-тәрбие аласың. Онда не табасың? – деді...

Бірақ әкесіне тура жауап айтқан жоқ (М.Әуезов, Абай жолы).

- Үйде қаршыға бар еді, биыл құс мол екен. Жидебайға барып, азырақ қаршыға салайын деп ем, - деді.

Құнанбай бұл жеріне дауласқан жоқ, түсінді. Бірақ:

- Тағы бірер күн аял қыл. Ертеңдер сені Байдалыға жіберіп алғалы отырмын. Содан әрі қайтарсың, - деді.

Абай амалсыз көнді (М.Әуезов, Шығ.).

Жоғарыдағы сөйленімде Жидебайға бармайсың деген Құнанбай сөзіне Абайдың Жидебайға құс салуға барғысы келгенін айтуы «Жидебайға барамын» деген ойын білдіреді, яғни Жидебайға бармайсың деген Құнанбай қалауына қарсылығы астарлы беріліп тұр.

16) Айтысты қарсылық деп, екі тараптың сөз қағыстыра кезек-кезек қарсыласуын айтамыз. Мысалы:

Тәкежан тырсыып күйіп отыр еді. Ұрса жөнелді:

- Ондай сопы болсаң, басыңа сәлде киіп, Дәркембайға арнап құшыр жисаңшы!

- Қажет болса, құшыр да жиям. Халық қырылар болса, амандығым садаға!..

- Ендеше, бар, әне, ел ақтап кет!..

- Оған кетуден бұрын әуелі өзімде бар мен сенде барды ортаға шығарып, үлеске салып кетемін.

- Онсыз да салыпсың зой!.. Бір Дәркембай емес, қыруар елді қаптатыпсың! Сен бір өзің емес, бәрімізді қара жерге отырттайын депсің!.. Ол, ол ма? Мына шешелеріңді қара жерге отырттайын депсің!..

- Шешелерімнің қамын сен жемей-ақ қой, білдің бе? (М.Әуезов, Шығ.).

Берілген диалогта Тәкежан мен Дәркембайдың бір-бірінің сөзіне қарсы айтылған қақтығысты сөздері айтысу формасында берілген. Айтысу формасындағы қарсылық модальділігі көбінесе осылай ұрыс-керіс әркеті үстінде туындайды.

17) Күдікті қарсылық дегеніміз, коммуниканттың өз сөзіне немесе қарсы тарап сөзіне күдіктене қарсылығын білдіруі. Мысалы:

Расында, солай ма еді? Жоқ, бекер сөз! Ол кездерде Қытай мен Жоңғар арасы қандай болса, қазақ пен жоңғар, Қытай мен қазақ арасы да сондай еді зой (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Сөйленімде сөйлеуші өткен тарихи жағдайға күдіктене отырып, ол ойына өзінің сенбейтіндігі, яғни олай емес екенін білдіруі берілген.

18) Жария (әлеуметтік) қарсылық (протест) дегеніміз, әлеуметтік мәселелерден көрінеді, ұранды формада келеді. Мысалы, *Сөнбесін күн, солмасын гүл! Хиросима қайталанбасын! Семей-Невада қозғалысы тоқтамасын!* («Жас алаш»). – *Талап етеміз, енді жұмысшылар намысын қорлау болмасын (Ә.Сәрсенбаев).*

Бұдан басқа да сөйлеу тілінде осы сияқты күдікті қарсылықты білдіретін мысалдар көптеп кездеседі.

Сонымен, біз жоғарыда қарсылық модальділігінің түрліше берілу құрылымдары (мысалдар) негізінде қарсылықтың түрлерін анықтадық. Алайда тілімізде бұдан басқа да қарсылықтың берілу жолдары түрліше болуы мүмкін.

2 ҚАРСЫЛЫҚ МОДАЛЬДЫЛЫҒЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫЛЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІС ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Функционалды-семантикалық өріс теориясы

Тіл білімінде «өріс» термині, ең алдымен, лексика саласында тақырыптық, лексика-семантикалық топтармен байланысты аталып, ұғымдық, мағыналық т.б. жақындықтары мен ұқсастықтарына қарай бір өріске біріктіріліп қарастырылып отырады. «Өріс – мағына ортақтығына негізделген, білдіретін құбылыстарының ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастығы бар тіл бірліктерінің (негізінен лексикалық бірліктердің жиынтығы» [48], [49].

Лексика саласы бойынша жазылған кейбір лингвистикалық әдебиеттерде белгілі бір ортақ белгілеріне қарай тақырыптық топтар немесе лексико-семантикалық топтар «өріс» терминімен мәндес алынып отырады. [50, 102 б]. «Бір өріске кіретін кіретін лексикалық бірліктер ұғымдық, заттық немесе жұмсальымдық ортақтығына, тіпті тұлғалық ұқсастықтарына қарай да біріктіріле береді. Бір өрістегі сөздердің басын біріктіретін жалпы ортақ мағынасы мен өзге лексикалық топтардан ерекшелетін мағынасы болуы шарт. Айталық, адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынасыты білдіретін бастық, әріптес, жолсерік т.б лексикалық бірліктерден апа, әпке, әке т.б атаулар адамдар арасындағы туыстық жақындықты білдірумен ерекшеленеді де өздері жеке бір өрісті құрайды» [51, 92 б]. Сондай-ақ, лексикалық өріс, лексика-грамматикалық өріс, лексика-семантикалық өріс, функционалды-семантикалық өріс терминдерімен қатар, тілтанымда ұғымдық өріс, синтагмалық өріс, парадигмалық өріс, реляциялық өріс терминдері де бар.

Жалпы лингвистика ғылымында өріс терминдерінің өзі «бірнәрсенің көлемі, шегі, ауқымы, шеңбері» деген секілді

мағыналарды білдіреді. Өріс теориясы тіл біліміне көптеген көзқарастармен жиырмасыншы ғасырда пайда болды. Тіл білімінде өріс теориясын алғаш қолданған ғалым Г.Ипсен болды. Ал лексиканы семантикалық өрістер арқылы зерттеудің теориялық негізін салушы Й.Трир болды. «Ғалым өзінің ғылыми зерттеу еңбектерінде сөздік құрамның белгілі бір ұғымға топтасқан және бір-бірімен тығыз байланысты болатын сөздердің тобынан құралатындығын атап көрсетті. Ол сөздің жеке тұрып ешқандай мағынаға ие болмайтындығына оның мағынасы тек өріс құрамында ғана анықталатынына назар аударды. Ғалымның бұл теориясы сынға түссе де, лингвистика саласындағы сәтті қадамдардың бірі болып, басқа ғалымдардың осы мәселеге қызығушылығын арттырды. Й.Трирдің бұл идеясынан кейін В.Порциг, А.Мартине, А.В.Суперанская, Г.С.Щур, А.М.Кузнецов, Ю.Н.Караулов, Ю.Д.Апресян сияқты ғалымдар жалғастырды.

Тілдегі басқа да грамматикалық категория болсын немесе грамматикалық топ болсын мағына мен соның көрсеткіші тілдік тұлғалардың ішкі бірлігінен құралатыны сияқты функционалды-семантикалық өрістер де ішкі мазмұн мен соны құрайтын тілдік бірліктерден тұрады.

Өріс мәселесі тіл бірліктерінің әрекеттестік сипатымен байланысты алынады. Тіл бірліктерінің арасындағы әрекеттестік бір деңгей шеңберінде де бола береді. Ал функционалды-семантикалық өріс құрамындағы тілдік құралдар әрекеттестігі әр деңгейге жататын тілдік құралдардың мазмұндық ұйымдасуынан көрінеді. Тілдік мазмұн (семантикалық категориялар) тілдік құралдар арқылы беріліп, ол тілдік құралдар өзара әрекеттесіп, өрістік құрылымды түзгенде ғана семантикалық категориялар тілдік материалға айналады. Мысалы, *Мен ертең келемін*. Келер шақтық темпоральдық мағына *-е* шақ формасымен, сонымен қатар «ертен» үстеуі арқылы, осы екі тілдік құралдың әрекеттестігі арқылы берілген. Бұл мағына бір ғана шақ фор-

масымен де берілу мүмкіндігі бар. Бірақ шақ формалары темпоральдық мағынаны жалпы түрде береді. Ал лексикалық бірлік (ертең) шақтық мағынаны нақтылайды. Қай күні келетінін дәл көрсетеді. Бірақ лексикалық бірліктер абстрактылы темпоральдық қатынастарды беретін негізгі құрал емес. Сондықтан темпоральдық өрісінің орталық бөлігінде шақ формалары тұрады да, лексикалық бірліктер көбінесе қосалқы компонент ретінде өрістің шеткі, перифериялық бөлігінде тұрады. Өріс құрамындағы әр деңгей бірліктері бір-бірімен әрекеттесу кезінде өздерінің тілдік деңгейлік сипатын сақтайды, лексикалық бірлік те, грамматикалық форма да өз мәнінде қолданылады, бірі бірімен ешқашан сәйкеспейді, бір-бірін ауыстырмайды, өз дербестіктерін сақтайды. Сонымен, тіл бірліктерінің (әр деңгей) әрекеттестігі ФСӨ болудың алғышарты, ал ФСӨ-лер семантикалық категориялардың берілу тәсілі, мағынаны іске асырушы құралы болып табылады.

Сонымен, *функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – сөйленімде атқаратын не орындайтын семантикалық функцияларының ортақтығына қарай біріккен тілдің әр деңгейіне жататын (морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық, лексикалық, құрама – лексика-синтаксистік және т.б.) тілдік құралдар жүйесі.*

ФСӨ-лер сөйлеу жүйесін тілдік жүйе бірліктеріндей дәл сипаттамайды, яғни олар белгілі бір семантикалық мағынаны (категорияны) беретін тілдік құралдар кешенінен тұратындықтан, белгілі бір дәрежеде семантикалық функция орындау мүмкіндіктеріне қарай шартты түрде орталық және перифериялық компоненттерге ажыратылады.

Тіл білімінде өріс теориясына байланысты Й.Трир, В.Порциг, Л.Вейсгербер, Е.В.Гулыга, Е.И.Шендельс, А.Комаров, А.В.Бондарко т.б. ғалымдар тұжырымды пікірлер айтқан.

Й.Трир бұл терминді лексикалық және ұғымдық өріс деп

бөліп қарастырады. Синтагмалық өріс теориясын ұсынған В.Порциг лексемалар арасындағы синтагмалық байланысты синтаксистік өріс деп таныса, ал Вейсгербер синтаксистік өрісті ортақ семантика негізінде біріккен сөйлемнің құрылымдық модельдерінің жиынтығы деп түсіндіреді [52, 50-51 б.].

В.Г.Адмони өріс құрылымындағы ядролық бөлік пен перифериялық бөліктің арақатынасын ашып көрсетеді. Ғалымның пікірінше, өріс ядросы негізгі функциялық жүкті арқалап тұрады, және ол сол өріс бойындағы семантикалық мазмұнды беретін ең актив компонент, ал перифериялық компонентте мұндай семантикалық ерекшелік болмайды, семантикалық мазмұнды беруге пассив түрде қатысады, яғни оның семантикалық функцияны орындау мүмкіндігі шектеулі болады [53, 49 б.].

ФСӨ құрамындағы әрдеңгейлі тілдік құралдардың семантикалық функцияны орындау мүмкіндігі әртүрлі болады. ФСӨ құрамындағы негізгі семантикалық функцияны орындап, сол өрістің тілдік мазмұнын беріп тұрған бөлік – өрістің орталық бөлігі, негізі болып табылады. Ал қалған бөліктері сол семантикалық функцияның қосымша реңктерін білдіріп, өрістің қосалқы бөліктерін құрайды.

Кесте 1 – Өрістің құрылымдық-мағыналық бөліктері

Өрістің орталық бөлігі (ядросы, өзегі)	Негізгі функциялық жүкті арқалап тұрады, және ол сол өріс бойындағы семантикалық мазмұнды беретін ең актив құрылым
Өрістің қосалқы бөлігі (перифериясы, шеткері аймағы)	Семантикалық функцияны орындау мүмкіндігі шектеулі болады, және ол сол өріс бойындағы семантикалық мазмұнды беретін пассив құрылым

Е.В.Гулыга мен Е.И.Шендельс грамматика-лексикалық өрістің доминанты болатын тілдік құралдың мынадай сипаттарын көрсетеді: біріншіден, бұл компонент осы өрістік мағынаны беруге бейімделген яғни өрістің инвариантты мағынасын беретін ең негізгі құрал болу керек; екіншіден, үнемі осы мағынаны беретін, үшіншіден, жүйелі түрде қолданылатын болу керек [54, 10 б.].

Е.В.Гулыга мен Е.И.Шендельс өрістің негізгі белгілері ретінде мыналарды атайды: 1) өріс жүйелі қатынастар арқылы бір-бірімен байланысқан әртүрлі тіл деңгейіндік құралдардың жиынтығы болып табылады; 2) өрісті құрайтын әртүрлі тіл деңгейіндік құралдардың қандай да бір дәрежеде ортақ мағыналары болады; 3) өрістің ортақ мағынасы біреу ғана болмайды, ол бір-біріне қарама-қарсы ең кемінде екі мағынадан тұрады; 4) өріс көлденең және тік кесінді түрінде көрсетуге болатын күрделі құрылымға ие болады. Өрістің көлденең кесіндісі бойында оның семантикалық түрлері – микроөрістер, ал өрістің тік кесіндісі бойында оны құрайтын тілдік құралдар жатады [54, 10].

Өріске құрылымдық аспектіден мынадай мәселелерді шешу көзделеді:

а) ортақ инварианттық семантикалық сипатары негізінде ФСӨ компоненттерінің құрамы анықталады;

ә) өрістің орталық және қосалқы компоненттері анықталады;

б) өріс құрамындағы компоненттердің байланысы анықталады;

в) өрістің басқа ФСӨ-лермен байланысы, астастығы, тоғысу ерекшеліктері анықталады;

Ал бұл құрылымдық шеңберден тыс сипаттары өріс семантикасын талдаумен байланысты ашылады. Бұл мақсатта:

а) өріс негізінде жатқан семантикалық категория анықталады;

ә) сол категорияның семантикалық құрамы мен құрылымы анықталады;

б) ФСӨ-нің тілдік мазмұнын беретін семантикалық доминанты анықталады.

А. Жаңабекова «Функционалды грамматиканың метатілі» атты еңбегінде өріс құраудың алғышарттарын төмендегідей көрсетеді [50]:

- *біріншіден*, белгілі бір семантикалық категорияны білдіруге қатысатын әр деңгей бірліктері өзара жүйелі арақатынасқа түсуі;

- *екіншіден*, өріс құрамындағы тілдік құралдардың барлығының негізінде ортақ инварианттық мағына жатады, яғни олар ортақ мағына, ортақ семантикалық функцияларына қарай өрістік құрылым түзуі;

- *үшіншіден*, грамматикалық категориялардың қайшы мағыналардың бірлігінен тұратыны сияқты өрістің жалпы семантикалық мағынасы кем дегенде екі мағынадан тұруы.

- *төртіншіден*, өрістің семантикалық мазмұнын беру мүмкіндігіне қарай өрістің негізтұлғасы (ядро) мен қосалқы (периферия) бөлігін құрайтын тілдік құралдарға саралануы.

Зерттеу еңбектерінде ФСӨ-лердің жалпы саны 35-39, орта есеппен 30 шақты деп көрсетіледі. Және де олар барлық тілде сандық жағынан да, сапалық жағынан да бірдей емес, жалпы сипаттары ортақ болып келгенмен, әр тілдің құрылысына қарай тілдік ерекшеліктері болады.

ФСӨ-нің екі негізгі құрылымдық типі бар: *бірнегізді және көпнегізді*. Функционалды-семантикалық өрістер құрылымы түпнегіз бен шеткі өріс бірліктерінен тұрады, оның мағыналық негізінде морфологиялық категориялар жатады. Бұл көбінесе *бірнегізді не бірорталықты* (моноцентричный) функционалды-семантикалық өрістерге тән. Оларға қазақ тілінде мынадай категориялар жатады: *темпоралдылық, персоналдылық, модальділік, компаративтілік, етіс* т.б.

М.М.Гухман грамматикалық категорияларды грамматикалық өріс ядросы ретінде қарастырады. Өріс периферия

ясында функционалды жағынан грамматикалық категориялармен біртектес (функциялары ортақ) әртіпті тілдік бірліктер жатады және олар формалық жағынан жүйеге түспеген құрылымдар деп көрсетеді [55].

Функционалды-семантикалық өрістердің барлығы бірдей морфологиялық категорияларды арқау етпейді. Яғни кіндік тұлғасы морфологиялық категориялар болып табылатын өрістер ФСӨ-лердің бір типіне жатады. ФСӨ-лер типтік құрылымы жағынан әртүрлі. Осы әр типті өрістер ФСӨ-лердің жүйесін құрайды.

Тілде грамматикалық категорияларға сүйенбейтін функционалды-семантикалық өрістер де бар, мұндай өрістерді тілде «көпнегізді» (полицентричный) деп атайды. Көпнегізді ФСӨ-лер де морфологиялық, лексикалық, синтаксистік, лексика-грамматикалық тілдік құралдардың жиынтығынан тұрады. Бірақ олардың құрамындағы морфологиялық тілдік құралдар біртұтас гомогенді (бірдей, біртектес) формалар жүйесі емес, (яғни грамматикалық категориялық мағыналарды білдіретін грамматикалық формалар жүйесі емес). Мысалы, таксис іс-әрекеттің мезгілдестігін білдіргенмен, ол тілдік жүйедегі етістіктің шақ категориясына орталықтандырылмаған. Сол сияқты қарсылық өрісі де грамматикалық шақ категориясын ядро етпейді, сондықтан көпнегізді ФСӨ болып табылады.

Демек, бірнегізді өрістерде «жүйе-орта» құрылымы біреу ғана болса, көпнегізді өрістерде «жүйе-орта» құрылымының бірнешеуі (екі, үш не одан да көп) болады. Мұндағы «жүйе» деп отырғанымыз өріс орталығы, ал орта сол өрістің қосалқы бөліктері (перифериясы), сөйлеу жағдаяттары, контекст т.б.

Морфологиялық категорияларда өріс орталығын құраудың мынадай *алғышарттары* бар:

біріншіден, морфологиялық категориялар беретін жалпыланған, абстракцияланған грамматикалық мағынаны білдіреді;

екіншіден, морфологиялық категориялар жоғары деңгейдегі

ұйымдасқан жүйе. Олар тілдің басқа деңгейінде жатқан тілдік құралдар құрай алмайтын парадигмалық жүйені құрайды;

үшіншіден, морфологиялық категориялар үнемі бір мағынаны (категориялық) білдіруге маманданған;

төртіншіден, морфологиялық категориялар жүйелі түрде қолданылады.

Бұл функционалды-семантикалық категориялардың морфологиялық орталығының оның басқа қосалқы компоненттерінен ерекшелігі болып табылады. Мәселен, лексикалық құралдарды көп жағдайда өріс құрамынан алып тастауға да болады. ФСӨ-лер мазмұн межелеріне, яғни семантикалық функцияларына қарай кішігірім шағын топтарға жіктеледі. Осы тұрғыдан алғанда ФСӨ-лер макроөріс, микроөріс түрлеріне сараланады.

ФСӨ-лердің орталық пен қосалқы бөлікке ажыратылуы олардың өріс құрамындағы инварианттық мағынаны білдіру, семантикалық функцияны орындау мүмкіндіктерімен байланысты. Өріс орталықтары, бірнегізді өрістердегі морфологиялық категориялар немесе көпнегізді өрістердегі орталық бөлікті құрап тұрған тілдік құралдар (грамматикалық, лексикалық, синтаксистік т.б.) ФСӨ-нің негізгі семантикалық ерекшелігін сипаттайды, негізгі семантикалық жүкті арқалап тұрады. Ал өрістің қосалқы мүшелері (бөлігі) орталық мүшелер арқылы берілген семантикалық функцияны нақтылайды не толықтырады, яғни өрістің орталық және перифериялық мүшелерінің семантикалық жүгі бірдей емес. Тап осы ерекшеліктеріне қарай олар орталық және қосалқы бөлікке (мүшеге) ажыратылады.

ФСӨ-лер де грамматикалық категориялар сияқты тілдік жүйе ретінде қарала алады. Қандай да болмасын жүйе ұқсас, ортақ, бірдей, біркелкі ұғымдарды, құбылыстарды сипаттай алу мүмкіндігіне қарай құрылатыны белгілі. Яғни жүйе құру тектестік, ортақтық, тұтастық белгілеріне негізделеді. Айталық, грамматикалық категориялар өз мәніндегі

тектік (родовое) ұғымдарына қарай топ құрайды және оның құрамындағы түрлік (видовое) ұғымдарға негізделген категориялық қарсы мағыналар (граммемалар) тектік ұғымға белгілі бір дәрежеде қатысты болып тұрады, яғни олардың басын бір категорияға біріктіріп тұрған олардың мағыналары, мазмұн межелері. Сонымен қатар олар формальдық тұрғыдан да сипатталып, яғни қандай да бір формалдық құрылымды (грамматикалық форма) иеленіп, сол ортақ әрі қарсы мағыналар жиынтығының тұрпат межесін құрайды. Ол формалар бір деңгей ішіндегі бір категория құрамында тұрып, парадигмалық қатар түзеді. Ал ФСӨ-лердегі жүйе тұтастығы (целостность) олардың мазмұн межесін құрайтын семантикалық категориялардан көрінеді. Екінші сөзбен айтқанда, өріс құрамындағы тілдік құралдардың барлығы ортақ функция орындау мүмкіндіктеріне, инварианттық мағыналарына қарай топтасады. Олай болса, ФСӨ негізінде жатқан семантикалық категориялар жүйе тұтастығын, жалпы алғанда, сол өрістің бар болуын қамтамасыз етеді, оны тілдік жүйе ретінде танытады. Ал өріс әр деңгей бірліктерінен құралатындықтан, жүйе тұтастығы оның тұрпаттық құрылымына тән емес. Бұларда грамматикалық категориялардың тұрпат межелеріндей бір деңгейге, бір категорияға (топқа т.б) жататын формалдық көрсеткіш жоқ. Олар өзінің формальдық құрылымын әр деңгейден алады. Грамматикалық категориялардың тұрпаттық құрылымында да тілдік жүйелілік жатса, ФСӨ-лер таза тұрпаттық құрылымы бойынша жүйе құрай алмайды. Грамматикалық категорияларды осы тұрғыдан алғанда екіжақты жүйеге (мазмұндық жүйе, тұрпаттық жүйе) құрылған деуге болады. Ал ФСӨ-лердің жүйе құрау мүмкіндігі біржақты, ол өріс негізіндегі семантикалық категориялардан, өрістің мазмұн межелерінен көрінеді.

ФСӨ-лерді зерттеу мынадай кезеңдерден тұрады:

Біріншіден, ең алдымен өріс құрамындағы морфологиялық

категорияларды анықтап алу қажет. Морфологиялық категорияның тектік, түрлік ұғымдарына қарай өріс құрамындағы макро, микроөрістер айқындалады. Мысалы, тілдік жүйедегі тектік ұғымға негізделген шақ категориясының мағынасы темпоралдық категориясының (өрісінің) мазмұн межесін құрайды. Ал шақтың түрлік ұғымдарға негізделген осы шақ, келер шақ, өткен шақ мағыналары темпоралдық семантиканың ішіндегі микроөрістер мағынасын құрайды. Ал өрістің қосалқы, перифериялық бөлігіндегі элементтер осы морфологиялық категорияның айналасына топтасады. Мысалы, өткен шақ өрісінің айналасында «бұрын», «кеше» сияқты лексикалық бірліктер тұрады.

Екіншіден, морфологиялық категориялардың жұмсалымдық ерекшеліктеріне назар аударылады. Соның негізінде онымен әрекеттесетін контекстік құралдар анықталады. Яғни морфологиялық категория беретін мағынаны, функцияны орындайтын контекстегі, тілдік ортадағы басқа да тілдік құралдар анықталады.

Үшіншіден, функционалды-семантикалық категория мүшелерінің өзара әрекеттесу сипаты, өрістің орталық бөлігі мен қосалқы бөлігінің семантикалық жүгі, лексикалық және сөзжасамдық т.б. тілдік құралдардың морфологиялық категория мүшелеріне әсері анықталады; өріс құрамындағы микроөрістер анықталып, олардың арасындағы байланыс, астастығы, тоғысу сипаттарына талдау жасалады.

Төртіншіден, функционалды-семантикалық өрістер басқа ФСӨ-лермен байланысты қарастырылады. ФСӨ-лер арасындағы байланыс, астас келу ерекшеліктері анықталады.

Бесіншіден, функционалды-семантикалық өрістер басқа тілдердегі функционалды-семантикалық категориялармен салыстырылады.

2.2 Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің лексикалық құралдары

Қарсылық өрісін құрайтын компоненттер – біртектес мағына әрі өзара бір-біріне қарама-қарсы мағынаны білдіретін морфологиялық құралдар синтаксистік конструкциялар, лексикалық құралдар, қарсылық өрісінің құрылымы – орталығы (ядро) және шеткі өрісі (перифериясы) сияқты мәселелерге талдау жасалады.

Қазақ тіліндегі қарсылық функционалды-семантикалық категориясының құрылымы күрделі. Өйткені қарсылық модальдылығы тілдік жүйеде құрылымданған грамматикалық рай категориясының парадигмасына енбеген. Тіпті райдың құрамында қаралмайды, яғни бұл қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің құрылымдық жүйеде орталығы, өзегі болатын грамматикалық категориясы жоқ. Өріс түрлерінің ерекшеліктерін айтқанда біз мұндай тілдік жүйеде грамматикалық категорияға орталықтандырылмаған өрістер көпнегізді өріс деп аталатынын айтқан болатынбыз. Қарсылықты білдіретін тілдік құралдар тілдің деңгейлердің бәрінде дерлік бар, яғни үнемі қарсылық мағынаны білдіруге мамандандырылған грамматикалық түрлену жүйесі бар арнайы грамматикалық категория жоқ. Қарсылық мағына қазақ тілінде *морфологиялық, синтаксистік, лексикалық құралдар* арқылы беріледі. Тіл фактілерін функционалдық тұрғыдан қарастырғанда ғана тілдің түрлі деңгейлеріндегі құралдарды бір категория (қарсылық функционалды-семантикалық категориясы) шеңберінде сөз етуге болады. Қарсылық категориясының берілу жолдарын тілдің түрлі деңгейлері бойынша сөз ету тілдік бірліктердің қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл қарсылық модальдылығын білдіретін функционалды-семантикалық категорияның тілдік құралдар жүйесін – өрісін анықтауға жол ашады.

Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің лекси-

калық құралдары қарсылық мағынасын беруде қолданылатын лексика-фразеологиялық жүйе құрайды. Олар:

1) **қарсы, қарсылық, қарсылас** сөздері және осы сөздерден жасалған фразеологизмдер:

Қарсы сын есімі – белгілі бір іс-әрекетке наразы, қолдамайды. Мысалы: *Комиссия Барлыбайдың ферма меңгеріп отыруына қарсы* (З.Шүкіров, Қиын түйін). *Үнемі сабақ, үйірме деуге де Сәуленің өз басы қарсы* (С.Сағасқаев, Көңілді бала).

Қарсы сөзі жіктеліп те қолданылғанда да айтылған ойға қарсылық білдіру мағынасын береді. Жіктелу парадигмасы:

1 Қарсымын

2 Қарсысың

2 Қарсысыз

3 Қарсы

Бірінші жақта қарсылық мағына күшті көрінеді. Мысалы, *Өз басым сезімнің жетегіне еріп, қызғаныш деген пәлеге құл болуға қарсымын* (Ә.Нұрпейісов, Соңғы парыз).

Сапа мәнін білдіретін экспрессивті реңкті «жұлдызы қарсы» фразеологизмі жасалған.

Жұлдызы қарсы – екінші бір адамды қолдамайды, онымен сөзі жараспайды, ұнатпайды, өш, қас деген мағынада. Мысалы: *Сапар десе, жұлдызы қарсы Жарқын сабаққа одан әлдеқайда озық еді* (М.Иманжанов, Шығ.).

Қарсылық мәнді сөздер көбінесе етістіктер болып келеді, әсіресе тіркестер көп. Қарсылық мәнді білдіретін ең негізгі лексикалық бірліктер, олар – *қарсы, қарсылық* сөздерінен жасалған етістіктер.

Қарсы болу – белгілі бір әрекетке қарсылық білдіру, қарсылық ету, қайшы келу. *Рас, Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде еліміздің әртүрлі аймақтарында сепаратистік көңіл-күй де байқалды. 1991 және 1992 жылғы этноәлеуметтік зерттеулер бойынша, Шығыс Қазақстан облысында славян*

тектілердің басым көпшілігі – 42,6%-ы автономия идеясын қолдап, 30,3%-ы **қарсы болған** («Айқын»),

Қарсы келу – қарсыласу, таласу. *Кілең атты қазақ, сойылға қарсы келе алмайтын өңшең жаяу қытай әскерін қайтадан өз жеріне қуып тығады* (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Қарсы шығу – қайшы келу, қолдамау. *Жоқ, Абылай. Жұрт қонтайшыға қарсы шығатыныңды түсінді. Сол заманның шындығы сенің жағыңда екенін ұқты* (І.Есенберлин, Көшпенділер). – *Иә, солай көрінеді. Азнабай аулымен Балқашқа қарай көшіп келе жатқанда, Мың Арал төңірегінде Қоңырқұлжаның әлгі шоқынған кіші баласы жол көрсетіп әкелген әскер қарсы шығып ұстапты...* (І.Есенберлин, Көшпенділер)

Қарсы тұру – қарсылық көрсету, бой бермей, беттетпеу. *Абылай езу тартты: «Жоқ бір қыздың қызығы үшін, ол бұйрығын бұзбайды, кімде-кім бұған қарсы тұрса осылай өледі!* (І.Есенберлин, Көшпенділер). *Ендігі кезек – әкесі Қасым да жөндеп көндіре алмай кеткен Еділ, Жайық өзендерінің арғы-бергі жағындағы көп елді Ақ Ордаға қарату. Сонда ғана бұл ел сырт жауларға қаймықпай қарсы тұра алады* (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Қарсы қою – қастастыру, өштестіру, жауластыру. *Ташкентке көзін тігіп жүрген Бұхар әмірі Қоқан ханының бұл шариятқа жатпайтын күнәкар ісін шіркеу етіп Мәделіханға бүкіл мұсылман қауымын қарсы қоймақ әрекетіне кірісіпті* (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Қарсы айдап салу – біреумен біреуді егестіру, қастастыру. *Кенесары жұртты Россия отаршылдық саясатына қарсы көтеріп, ақырында өзі хан болды. Енді сол тағымнан түспеймін деп халықты ажалға қарсы айдап салады. Ал оны әлі күнге дейін елінің қамын ойлаған кемеңгер деп түсінетін жұрт мұның соңынан тағзы ере түседі* (І.Есенберлин, Көшпенділер) [56, 384 б.].

Қарсылық – қарсыласушылық, қарсы тұрушылық.

Қарсылық білдіру – қарсылық көрсету, қарсы екендігін айту. *Сонысымен ол маған қарсылық білдіріп, наразылық айтып жатқан секілденеді* (Ә.Нұршайықов). *Өзара айқаспен қалжырауға айналған бұл халықтар Қытайдың тәртіпке қойылған әскерлеріне ұзақ қарсылық білдіре алмады* (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Қарсылық көрсету – қарсы болу, қарсылығын білдіру. *Корольдік өкіметтің елді бір орталыққа бағындыру саясатына тайпалық геооогтықтар табандылықпен қарсылық көрсетті* (Орта ғасыр.). *Әбілмәмбет ханға еріп, бір мың жеті жүз қырқыңшы жылы, Қалден Церенге тұтқын болар алдында, Орынбор қаласына барып, қолдарына құран алып, «Қол астыңызға кірдік» деп патшаға ант беруі, содан кейін Қалден Цереннің тұтқынынан қайтып келісімен, арасында бір ай өтпей, Абылай сұлтанның Неплюевке немере ағасы Жолбарысты жіберіп «Россияға қарсылық көрсетпей, онымен сауда-саттық жүргізуге барамыз» деп хат жазып бас июі – қарт жырауды ойға шомдырған* (Орта ғасыр.).

Қарсылық ету – қарсылық көрсету. *Кей жерде қарсылық еткен ауылдар болса, жоңғар жағы еркектерін қойдай бауыздап, қатын-қызын байлап-матап күңдікке айдады* (Орта ғасыр.).

Қарсылық қылу – қарсы шығу, айтқанға көнбеу, тайталасу. *Қысылғанда, сасқанда қарсылық қылған жерде болмаса, дегенмен қазақты өлтіргеніміз жоқ* (Ж.Аймауытов, Ақбілек).

Қарсылық таныту – қарсылық көрсету, қарсы екенін білдіру. *Облыс әкімі тарапынан бұл ұсынысқа қарсылық танытпай, мұндай қызметті қоса алып жүруді өзіне үлкен мәртебе санайды деп қуана жеткізеді Е. Теңізбаев* (Халық сөзі).

Қарсыласу – қарсы әрекет істеу, қарсы тұру [56, 386 б.]. *Қарсыласқан қойшыларды түйіп тастады* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Қарама-қарсы – бір-біріне жат, мүлдем бір-біріне қайшы, қарсы кереғар, мүлдем үйлеспейтін.

2) Тілімізде жанама түрде қарсылық мәнін білдіретін сөздер мен тіркестер бар. Олардың кейбірі әдетте қарсы келмеу, керісінше қолдау мәнін білдіреді. Мысалы, *қолдау, қоштау, құптау, мақұлдау* т.б. Алайда қарсылық мағынасы бұл етістіктерге болымсыздық жұрнағының жасалуы арқылы жасалады. Мысалы, басқа етістіктерге болымсыздық жұрнағы жалғанғанда тек болымсыз мағыналы қимылды білдірсе (бару-бармау, келу-келмеу), бұл сөздердің семантикалық құрылымында қарсылық мәні оппозициялық мәндегі (болымды) сөздің семантикасына сәйкес айқынырақ көрінеді. Мысалы:

Қолдамау – біреді құптамау, қостамау, мақұлдамау. *Бірақ Елеусіз мырзаның өндірілген ақшаның 10 пайызын сыйақы ретінде сот орындаушыларына беру керек деген пікірін қолдамаймын* («Алаш айнасы»).

Қоштамау – біреудің іс-әрекетін, пікірін қолдамау, құптамау, мақұлдамау. *Халқы қоштамаған әділетсіз соғыс, түбі, Жоңғар қонтайшысының күйреуімен бітуге тиіс.*

– *Сыбан Раптанның бұл шабуылын халқы қолдамай отыр ма?*

– *Қолдаса, соғыстан олжа табам деп, бала-шағасын шұбыртып, бар жоңғар осы маңға көшпес пе еді?..* (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Қостамау – қолдау жасамау, растамау, дұрыс деп таппау, мақұлдамау. *Қырсық шалдың қыршаңқы сөзін қазан маңында отырған кісілердің бірде-бірі не қостамады, не қарсы болмады* (Ә.Нұрпейісов, Соңғы парыз). *Кәдімгідей күзгі қара суықтың ызғары сезіледі, – деп едің, көңілсіз кісілер қостамады* (Ә.Нұрпейісов, Соңғы парыз).

Мақұлдамау – құптамау, жөн көрмеу қоштамау. *Бұл пікірді мақұлдамау қиын, өйткені адам мәселесі және оның қоршаған дүниеге қатынасы, өмірінің мәні философияның жалпы өзегін құрайтыны, оның басты эерттеу нысанасы*

болып табылатыны ежелден белгілі жәйт («Айқын»).

Келіспеу – келісімге келмеу, пікірлері бір жерден шықпау. – Мен Ардақтың айтқанына толық **келіспеймін** («Айқын»). *Мінеки, ол екеуінің арыздасқандағы әңгімелерінің түрі осы.*

– *Екеуіңіз де үлкен адамсыздар, менің әкемдей кісісіздер, – деймін мен оларға қынжылып.*

– *Екеуіңізге менің өнеге айтуым келіспейді де* (Ә.Нұршайықов).

Құптамау – бір нәрсені қуаттамау, мақұлдамау, қоштамау, растамау. *Алайда Денсаулық сақтау министрлігінің сұранысын халық қалаулылары құптамады* («Алаш айнасы»).

Жақтамау – біреудің сөзін сөйлемей, қолдамау, қоштамау. *Кешелі-бүгін генералға құлаққағыс қып көріп еді; генерал Чернов жақтырмады* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Халқы жақтамаған соғыс қашан да шапқынишылардың күйреуімен біткен* (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Растамау – бір нәрсенің шындығын қуаттамау, куәгер болмау, яғни іштей қарсы екені білдіріледі.

Қуаттамау – біреудің сөзін растамау, ойын мақұлдамау.

Ұнатпау – мақұл көрмеу, қолдамау. *Әсет үш-төрт адамның атын атап еді, Шәрбану ұнатпады.*

– Олардың бәрін де қоя тұр, Әсет (Ғ.Мүсірепов).

Құп көрмеу – мақұлдамау, қостамау, құптамау. *Оның үстіне, тынымсыз дұшпан арабтың ислам дінін құп көрмеген, ол да жаулас орыстың христиан дінін мойындамаған Хазардың билеуші әулеті ІХ ғасырдың бас кезінде ата салты – тәңірі дінін тәрік етіп, аралықтағы иудей дінін қабылдайды* (М.Мағауин, Шыңғыс хан).

Дұрыс көрмеу – дұрыс санамау, яғни пікірі қайшы.

Құп алмау – жөн көрмеу, дұрыс деп санамау, яғни пікірі қарсы болу. *Оның бақандай 63 пайызға қымбаттауын қарағандылықтар құп алып отырған жоқ* («Алаш айнасы»).

Құп тұтпау – мақұл көрмеу, тыңдамау, құлақ аспау.

Мақұл көрмеу/таппау – құптамау, дұрыс деп санамау, қолдамау. Бірақ екі жақтың күші бірдей түскендіктен, жағаны босқа жыртуды екі ру мықтылары **мақұл таппаған** (І.Есенберлин, Көшпенділер). *Бірақ әйтеуір ол жолдан әшім және тағы бір-екі ссл сияқты өзге колхоздағы пы-сык жігіттер қалып қойды, Жұматай мұндай жігіттердің қызыл әскер бллып, жол көріп, жөн біліп қайтқанын мақұл көрмейді* (М.Әуезов, Іздер):

Қолдау көрсетпеу/таппау – көмек көрсетпеу, қолдамау, жақтамау. *Аққұба жігіт бастаған аз ғана топ қарсы болса да, қолдау таппағасын Үлкен Үйге барған еді; ондағылар Аққұба жігітті қостамай да, қарсы да болмай, «көрерміз» деген бір ауыз сөзден басқа түк айтпай, сазарған суық қалпын сақтап шығарып салған еді; сөзін өткізе алмай, жаны қыдырған жігіт енді қаниша барса да Үлкен Үйдегілер оны қабылдамай, ол жөнінде жоғарғы жақта жағымсыз пікір туа бастап еді* (Ә.Нұрпейісов). *Әрі тарт та, бері тартпен қабылданған депутаттар шешімі, сөйтіп, кәсіпкерлер палатасынан қолдау таппады* («Алаш айнасы»).

Қолдау жасамау – жақтамау, қолдамау.

Келісім бермеу – келіспеу, қарсы болу. *Ал қосымша қаржы бөлуге АҚШ келісім берген жоқ* («Айқын»).

Келісімге келмеу – бәтуаға келмеу, ойлары қайшы болу. *Арғын, Қыпшақ би-ақсақалдары бір келісімге келе алмады* (І.Есенберлин, Көшпенділер). *Сонан кейін Орынбор экспедициясының бастығы генерал-лейтенант Урусов екі елдің хандарын шақырып алып, кек алу мәселесін тоқтатқан, Бірақ қарамағындағы елдердің тату-тәтті тұруын көздемейтін патша саясатын мықты ұстанған Орынбор губернаторлары Кіші жүз бен Еділ бойындағы қалмақтардың хандарын түбегейлі келісімге келтірмеген* (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Келісе алмау – бір шешімге келмеу, ойлары қайшы болу, пікірлері сәйкеспей. *Бірге қызмет істегелі, екеуінің бірдемеге*

келісе алмай тұс шайысып қалғаны осы еді (Қ.Жұмаділов). *Ұлпан Еменалыны шақыртып алды.*

– *Тентек қайным, сен көп жылдар бойы менімен келісе алмай жүрдің* (Ғ.Мүсіропов, Ұлпан).

Келісімі жоқ – келісім жасалмаған, келісім білдірілмеген.

Жөн көрмеу – мақұлдамау, дұрыс деп таппау. *Сол түні қабыл-құбыл қимылдап Ожардан кек алуды жөн көрмеді* (І.Есенберлин, Көшпенділер). *Сүйікті қанишығы ауырып жатқанда, қазақтың бір аға сұлтанымен мылжыңдасып, уақыт өткізуді жөн көрмеді* (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Жөні жоқ – жөнсіз, қисынсыз. Бұл тіркес контексте адамның екінші бір адамның сөзін, іс-әрекетін дұрыс деп санамау мағынасын білдіреді, яғни ол іске, пікірге қарсы екеніні байқалады.

Көңілге қонбау – ойдан шықпау, орынды санамау, яғни ұнамау, ойымен сәйкес келмеу. *Бірақ соның бірі көңілге қонбады* (Ә.Нұрпейісов, Соңғы парыз). *Бірақ бір нәрсенің басы ашық: қайткен күнде де құрылыс мекемелерін барынша жетілдіріп, ықшамдап қайта құру керек.*

– *Бұл айтқаның көңілге қонады.*

– *Қонса, екіншісін тыңда: ол – адамдар арасындағы қатынасқа, өзара сенімге байланысты* (Қ.Жұмаділов, Бір қаланың тұрғындары).

Ойдан шықпау – көңіліндегідей болмау. *Жасаған-ау, Жәдігер де бірдеңе ойынан шықпағанда дәл осылай танауын тыржыңдататын* (Ә.Нұрпейісов, Соңғы парыз).

Ойы басқа – өзге пікірде, ол пікірді қолдамайды деген мағынада.

Рұқсат жоқ, рұқсат бермеу, рұқсат етпеу тіркестерінде де қарсылық мағына беріледі. *«Сұлтан мырза, сізге, сіздің туыс, серіктеріңізге үкімет өзі бермеген дәреже, шенді өз беттеріңізбен алуға бұдан былай қарай ешбір рұқсат етілмейді» делінген* (І.Есенберлин, Көшпенділер). *Т. Сегізбаевтың*

оң аяғының соққысының «күштілігі» сонша қызыл белгі байлап қоятын көрінеді, ол «оң аяқпен тебуге **рұқсат жоқ!**» деген сөз (Халық сөзі).

Қарсылық модальдылығының лексикалық көрсеткіші ретінде «–**Жоқ**» модаль сөзі болып табылады. Әдетте контекстен тыс «жоқ» сөзі «бар» сөзіне оппозиция құрайды. Қазақ тілі грамматикаларында бұл сөздер сын есімге де жатқызылады, кейде бейтарап сөздер ретінде танылады. Ал контексте «жоқ» сөзі барлық ұғымына қарсы мәндегі жоқтық мағынаны білдірмейді, контексте «иә» сөзіне оппозиция құрап, ойға, пікірге, айтылымда берілген іс-әрекет т.б. предикаттық қатынасқа қарсы ойды береді, яғни қарсылық мағынасын білдіреді. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» осы екі мағына былай түсіндіріледі. 1) Бір нәрсені құптамау, теріске шығару, мақұлдамау кезінде айтылады. Мысалы, –*Жоқ, - деді Бұрахан кідірместен, Бағланның орнына Абзалов сайлансын* (Ә.Әбішев, Ғаламат). –*Жоқ біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық* (Абай, Тол.жин.). 2) «Бар» сөзіне қарама-қарсы мәнде айтылатын сөз. Мысалы: *Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ, Сапырылды байлығың, баққан жылқың* [56, 453 б.].

Бірінші мағынасына берілген сөйлемдерде *жоқ* сөзі алдыңғы сөйлемдерде берілген сөйлеуші сөзіне қарсылық білдіру мағынасын білдіру үшін қолданылған. Бірінші сөйлемде сайлауға Бағланды ұсынған пікірді, ұсынысты қолдамау, яғни қарсы екенін білдіреді, керісінше оның орнына Абзаловтың сайланғанын қалайтынын, өз ұсынысын айтады. Екінші сөйлемде алдыңғы сөйлемде айтылған әрекетке кереғар әрекет жасағандықтары баяндалады.

Тыңдаушы сөйлеушінің пікіріне үзілді-кесілді қарсы болғанда *жоқ* сөзін қосарлап та қолданады: - **Жо-жоқ!** Мұндай қосарлама қолданысты қарсылық үзілді-кесілді, көтеріңкі реңкпен, экспрессивті түрде беріледі. Яғни мүлде қарсымын, мүлде олай емес деген мағынада.

Осы сияқты экспрессивті мәнде айтылымдағы пікірдегі іс-әрекетке қарсы болғанда «–**Атама!**» сөзі де қолданылады. Кейде жоқ сөзімен тіркесіп те келеді. **Жо-жоқ! Атама!** Мысалы, –*Демалыс қой, жағажайға барғым келіп тұр. – Жо-жоқ! Атама! Суға жүзе алмаймын.* Мұндай сөйлемдерде тыңдаушы рөліндегі адресанттың алдыңғы сөйлемде айтылған іс-әрекетке қатты қарсылығы байқалады. Қарсылық мәнді білдіруде «**айта көрме**» тіркесі де қолданылады. Мысалы: *Жоқ, айта көрме, - деді дызалақтап* (Ә.Нұрпейісов, Соңғы парыз).

Дұрыс/дұрыс емес сөздерінің оппозициясы да контексте айтылған ойдағы іс-әрекетке қарсылықты білдіру мәнінде қолданылады.

Дұрыс – мақұлдау, құптау, растауды білдіретін сөз. Болымды, қуаттау, қолдау мәніндегі *дұрыс* сөзі қарсылық мәнді білдіргенде алдында болымсыз мағыналы етістік тіркесуі керек. Мысалы, *бармағаның дұрыс, айтпағаның дұрыс, келмегенің дұрыс*, т.б. – яғни, *барма, айтпа, келме* деген мағынаны білдіреді, бірақ бұйрықтық мәнде емес, сөйлеуші модальділігі – тыңдаушының іс-әрекетіне өз ойын білдіру. Стильдік тұрғыдан іс-әрекетті жұмсарту прагматикасы бар.

Ал «дұрыс» сөзі «емес» сөзімен тіркесіп келгенде алдыңғы тіркескен етістік болымды тұлғада тұрады. Мысалы: *барғаның дұрыс емес, айтқаның дұрыс емес.* Бұл контексте мағына *бару, айту* әрекетінің дұрыс/бұрыстығы емес, тыңдаушының сөйлеуші айтқан ойдағы іс-әрекетке қарсылығын білдіру болып табылады. Оны контекстен байқауға болады.

«**Олай емес**» тіркесі де фразеологизм ретінде қалыптаспағанмен, сөйлеудегі тұрақты қолданыс болып табылады. Бұл тіркес сөйлемде қолданылғанда, өзінен бұрын айтылған айтылымдағы ойға, іс-әрекетке қарсылығын, құптамау мәнін білдіреді.

- *Күн жауғалы тұр.*

- *Олай емес, ауарайын хабарлағанда жаңбыр жоқ деген* (Ауызекі тіл).

Қажет емес, қажеті жоқ тіркестері де айтушы ойына қарсылықты білдіруде қолданыла алады. Мысалы, - *Сізге көмектесейін бе? – Қажеті жоқ, өзімнен артылмайтын сияқты, көп рақмет!* – яғни бұл жерде көмектесуге қарсылық білдіру үшін қолданылып тұр.

Керек емес тіркесі де контексте дәл осындай қарсылық мағынаны беруде қолданылады.

Қарсылық білдіру айтылымда жастар тілінде жаргондық да сипат алып барады. Жастар тілінде ағылшын, орыс тіліндегі модаль сөздерді қолдану көп кездеседі. Мысалы: **Нет, Неа, No.** Керісінше мақұлдау, құптау мәніндегі ағылшынның *ok* сөзі әсіресе әлеуметтік желілерде ең көп қолданылатын сөздердің бірі.

Сөйлеу тілінде адресанттың сөзіне қарсылық білдіру кезінде «азабым» сөзі де қолданылады. Бұл өзіне қатысты іс-әрекетті орындауды, істеуді қиын көру, яғни олай жасай алмайтынын, олай жасағысы келмейтінін білдіруде қолданылады. Мысалы, - *Су келіп тұр, бақша екпеймісің?*

- *Азабым, бақша өсіру оңай ма, сатып жегенім дұрыс.*

Бұл диалогта бақша егу әрекетіне және сөйлеушінің ұсынысына қарсы екені білдіріледі.

Сол сияқты қарсылықты білдіретін сөйлеу бірлігі «**қой**» сөзі мен «**қойшы**» сөзформасы.

«*Қой*» сөзіне түсіндірме сөздікте модаль сөз деген белгі қойылып, «болмайды екен» деген мағынадағы қыстырма сөз деп түсініктеме беріледі. Бұл сөз контексте сонымен қатар қарсылықты мағынада да қолданылады. Мысалы, - *Ұрыса беретін болсаңдар, бөлек тұрыңдар!*

- *Қой/қойшы, бөлек тұрғаны несі, аралары суып кетер, - деді анасы* (Ауызекі тіл). Яғни сөйлемде екінші сөйлеуші бірінші сөйлеушінің сөзіне өзінің қарсы пікірде екенін білдіріп тұр. Сонымен қатар олай болғанда аралары суып кететіні туралы әрекеттің салдарын ескертеді.

Болу етістігі болымсыздық формада (**болмайды!**) айтылымда берілген ойға қарсылықты білдіру үшін қолданылады.

Көбінесе рұқсат сұрағанда қарсы пікірді, яғни рұқсат етпейтінін білдіру үшін қолданылады. Мысалы,

- *Анашым, достарыммен бірге тауға шығуға барсам бола ма?*

- *Болмайды, балам! Күн салқын. Тоңып қаласыңдар! Алда – жаз. Кейін барғандарың дұрыс.*

Сонымен, қазақ тіліндегі қарсылық модальділігінің функционалды-семантикалық өрісін құрайтын лексикалық тілдік құралдар тілдік және сөйлеу бірліктері болып келеді. Тілдік бірліктер сөздіктерде реестрде берілетін семантикалық құрылымында қарсылық мағынасы бар сөздер мен тіркестер болып табылады. Ал сөйлеу бірліктері негізінен қарсылық мәндері айтылымда, контексте ашылатын, түсіндірме сөздіктерде реестрде берілмейтін сөздер болып келеді. Олардағы қарсылық мән контекст арқылы көрінеді. Лексикалық құралдардан **қарсы, қарсылық** сөздері арқылы жасалған тіркестерде қарсылық мағына айқын көрініп, өрістің өзек компоненті болып табылады, ал сөйлеу бірліктерінен мұндай қызметті **Жоқ!** сөзі атқарады. Жоғарыда аталған қалған лексикалық бірліктер қарсылық мағынасын жанама түрде білдіріп, өзектің шеткі өрісіне (перифериялық компонентіне) жатады. Тілімізде бұл аталғандардан басқа да қарсылықты білдіретін тілдік құралдар болуы мүмкін.

2.3 Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің морфологиялық құралдары

Қарсылық мағыны білдіретін морфологиялық тілдің құралдардың ең негізгі бірлігі етістіктің **-ма/ме/ба,бе/па/пе** болымсыздық жұрнақтары болып табылады.

Болымсыздықтың көрсеткіштері қызметі сөйлемде келіспеу, мақұлдамау, риза болмау, құптамау, тыйым салу, жария қарсылық, ескерту т.б. сияқты жалпы болымсыз мағынаға тән ішкі мән-реңктерді білдіруге жұмсалады [57].

Болымсыз етістік – қимыл, іс-әрекеттің болмауын, жүзеге аспауын білдеретін етістік. Болымсыздық категориясы етістіктің **лексика-грамматика** категориясы болып табылады. Себебі, біріншіден, бұл категорияның қосымшасы етістік түбірге жалғанғанда, түбір семантикасына аздап болса да әсер етіп, өзгеріс еңгізеді, яғни түбір беретін мағынаның болмайтынын білдіреді, екіншіден, етіс категориясы сияқты түбірдің грамматикалық сипатын сақтап қалады. Белгілері: **бұйрық** райдың 2-жақ жекеше анайы тұлғасымен сәйкес келіп, онымен омоформа жасайды; тікелей жіктелмейді; сол күйінде қолданылмайды, етістіктің таза грамматикалық категорияларын жасауға негіз болады: рай, шақ, есімше, көсемше және тұйық етістік тұлғалары тек болымсыз етістік тұлғасының үстіне ғана жалғана алады, көрісінше болмайды.

Болымсыздық қосымшалары етістік түбірлері және етістік түбірлерінің грамматика сипаты тән (тікелей жіктелмейтін, бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түрімен сәйкес келетін) етіс, күшейтпелі етістік сияқты тұлғалары мен рай, **шақ, жақ** тәрізді етістіктің таза грамматика категорияларының шекарасын көрсетіп тұратын белгі ретінде жұмсалады [58].

Болымсыздық жұрнақтары етістікке жалғанғанда үнемі қимыл-әрекеттің болмайтынын ғана білдірмейді, айтылымдағы сөйлеуші пікіріне қарсылықты білдіретін жауапта қолданылады. Яғни болымсыздық жұрнақ қарсылықты мәнді сөйлеу актісінде ғана білдіреді. Мысалы,

- *Солай ғой, ә?*

- *Өтінем, жібер!*

- *Жібермеймін. Ешқайда бармайсың* (Ә.Нұрпейісов, Соңғы парыз).

Диалогта жіберуін өтінушіге екінші субъект оның бір жаққа баруына қарсылығын білдіреді, яғни барғанына қарсы. Осы сияқты болымсыздық жұрнақ контексте, айтылымда қарсылық білдіру мәнінде қолданылады.

«Қарсы болу, қарсылық көрсету» мәні көбіне **өзгелік**

етістіктің 1-жақтағы болымсыз тұлғасының қызметінен көрінеді. Мысалы: - *Өлтіртпеймін!* – деп, *Абай да қатты ақырып жіберді* (М.Әуезов); *Адал еңбегімді талатпаймын* (Ә.Нұрпейісов); *Өлшетпеймін де, жеткізбеймін адал еңбегімді, білдің бе?* (Ә.Сәрсенбаев). Мұндағы «өлтіртпеймін, талатпаймын, өлшетпеймін, жеткізбеймін» болымсыз тұлғалы етістіктерде қимыл-әрекетке қарсылық басым, іс-қимылдың іске аспайтындығы, істемейтіндігі субъектінің наразылығынан көрінеді. Сонда қимыл-әрекеттің жүзеге асуы үнемі іске асқан түрінде емес, объективті және субъективті мәндердің кейде ыңғайластығынан, кейде ыңғайлас еместігінен де көрінеді [57].

Т.Әбдіғалиева: «Сөйлеуші, айтушының істелген, істейтін, істелінетін істі орындауға деген келісімінің жоқ екендігі, яғни «келіспеу» өз ішінде істі бастауды мақұлдамау, құптамау, іс-әрекетті атқарудағы субъектінің пікір ыңғайластығының жоқ екендігін білдіру сияқты мәндер көрінісінен тұрады. «Келіспеу» мағынасының семасы мүмкін емес модальдығымен де ұштас болып, **-а алма** аналитикалық формантының қолданысы жиі көрінеді», - дейді [57]. Мысалы, *Ал мен мына сияқты арамзаларды басындыра алмаймын* (Б.Тоғысбаев); *Мен бұл өтінішіңді орындай алмаймын* (С.Омаров); *Бұл антымды бұза алмаймын* (Ғ.Мүсірепов).

Шылаулар көмекші сөзге жатады. Яғни шылаулар екінші негізгі сөзбен тіркесіп келіп қана қолданылады. Сондықтан біз шылау сөздерді лексикада емес, морфология деңгейінде сөз табы аясында қарастырып отырмыз. Тағы бір себебі – шылау сөздер мағыналық жағынан қосымшалардың қызметімен бірдей, айырмашылығы – қосымшалар сөзге жалғанады, ал шылаулар тіркеседі, яғни бөлек жазылады.

Демеуліктер: тұрсын, тұрмақ, түгіл

Даяр мұнайды сатуды қазақ тұрмақ, жабайы араб тайпалары да біледі («Айқын»). *Егер де кезінде қаһарлы КСРО тарқамай бәз баяғы қалпында тұрса, Бастыстың Сирия*

тұрмақ, *Ливия, Йемен, Мысырға тізесін батыра алмас еді («Айқын»).*


Қызыл көз қиқар шал көңілі қатты қалғасын, бұл түгіл, өзінің бауырын жарық шыққан жалғыз қызының да жүзін көрмей сырт айналып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Кенесарының Қоқан, Бұқар, Хиуа хандарының қарамағы түгіл, Россия империясының да қол астына кіргісі келмейтінін білемін (І.Есенберлин, Қаһар).

Бірақ бұның халін, өзге ел былай тұрсын, әке-шешесі де ұқпады (М.Әуезов, Шығ.). – Әй, қарт, ана қойларды қайыр! – деп ақырып еді, Сары Шая қайырмақ тұрсын, бұл кезде шет жағы ыдырап бытпылдақ құм арасына шашырап бара жатқан қойлар жаққа тіпті назар салмады (Ә.Нұрпейісов, Соңғы парыз).

Бұл тұрсын, тұрмақ, түгіл демеуліктерін «Қазақ грамматикасында» болымсыздық, салыстыру және қарсы мәнді демеуліктер тақырыпшасында көрсетеді. «Түгіл, тұрсын, тұрмақ демеуліктері есім сөз, үстеу, етістіктермен тіркесте келіп, болжалдық, қарсы қою мағынасын білдіреді [59, 563 б.].

Жалғаулықтар: бірақ, дегенмен, алайда, сонда да, дей тұрғанмен, десек те, солай бола тұра

Суреткер белгілі бір түсті алу үшін әртүрлі бояуларды араластырады, алайда қанық түстің орнына кірлеу түс шығады (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Жақсылық хабармен шақырылмағанын біліп еді, бірақ әміршісінің қанын ішіне тарта, сұрланып алған түрін көргенде көп сұмдықты басынан кешкенін көріп, жүрегі зырқ ете түсті (І.Есенберлин, Алмас қылыш). Мемлекетің бүкіл барондары қатысатын «Үлкен кароль Кеңесі» англосаксондық витенагемот үлгісінде болды және жылына үш рет шақырылды, дегенмен шешім қабылдау құқығы кароль куриясының қолына өтті (Орта ғасыр.). Дей тұрғанмен, соның бәрі Исабековтың өзінен гөрі зайыбына жайсыз тиетін түрі бар (Ш.Айтматов).

Бүгін денешынықтыру пәніне жақсы көңіл бөлінеді, мектептерде аптасына үш рет сабақ өтеді десек те, оның мәні өзгеріссіз қалған сияқты (Халық сөзі). **Солай бола тұрса да**, қыздың аты қыз ғой, атақты батыр, атақты әділ би атанған Есенейге қыз көзімен бір қарап қалғанын өзі де сезбеген (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). **Солай болса тұра**, осы кезден бастап абсолюттік монархия мен жаңа дворяндар, бурж  азия арасында пісіп, жетіліп келе жатқан қақтығыстың алғашқы белгілері біліне бастады (Орта ғасыр.).

Аталған жалғаулық шылаулар ішінде бірақ сөзі ең жиі кездесетіні болып табылады [59, 558 б.].

Жалғаулық шылаулар – жалғаулықты қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер жасаудың тілдік маркерлері. Алайда бұл жалғаулық шылаулар құрмалас сөйлемдерден шығып, жеке тұрып та сөйлем құрай алады. Мұндай жағдайда олар сөйлем басында келіп, алдыңғы сөйлемдегі ойға қарсы мәнді білдіреді. Жоғарыдағы екі сөйлемде (Солай бола тұра) жалғаулықтар сөйлем басында қолданылған.

Жалғаулық шылаулар контексте тұрақты қолданыста да кездеседі. Алдында айтылған ойға қарсы мағынаны білдіреді. Мысалы, **қалай десек те – қалай айтсақ** та: *Бұған қарсы дау айтып жатқандар бар. Қалай демек те, Рүстемжон Абдуллаев сандырағы көрші отырған, бауырлас елдер арасына ши жүгірту, сына қағу деп ұққан жөн сияқты («Айқын»).*

Синтетикалық тұлғалар:

-ғанмен/генмен: *Қыстың басы тақау болғанмен, әлі қар түсе қойған жоқ (М.Әуезов). Немістер о жар қимылдап ілгері басып келе жатқанымен, артына қарайлауы да аз емес еді (Ғ.Мұстафин).*

-са/се: *Қызған күннің бардық дыбысты, үнді тұншықтырған ыстық лебі болмаса, бұл дауыс бірсыпыра жерге естлер еді (С.Сейфуллин). Аламан кемпірді мінгестіру үшін қасына келейін десе, астындағы аты пысқырып, жолатпады (Қазақ ертегісі).*

-ғанша/генше: *Жаманмен ауыл болғанша, Жақсымен қауым бол* (Мақал). *Қорқып, бұғып өлгенше, Тайсалмай тауға шығып өл* (Мақал). Бұл жерде салыстыру мағынасы да бар, алайда қарсылық мәнді де аңғаруға болады.

-мастан/местен: *Оралбай аттан түсіп болмастан, Есенбек оны қолынан тартып жетектеп әкетті* (Тұрлыбаев). Бұл сөйлемде бірінің артынан бірі болып жатқан әрекеттер де бар, яғни таксистік мағына да бар, сонымен қатар осы тұлғаны «Қазақ грамматикасында» қарсылықты бағыныңқы құрмалас сөйлем жасайтыны айтылады [59, 722 б.].

Аналитикалық тұлғалар:

-ғанға қарамастан/генге қарамастан: *Денсаулығы нашарлағанына қарамастан, шылым өзіне зиян екенін біле тұра, осындай кейігенде, күйгенде ол амалсыз папиросқа жүгіретін* (Иманжанов).

-ғанмен де/генмен де: *Сен айтқанмен де, тыңдап тұрған жоқ* (Ауызекі тіл).

-ғанда да/генде де: *Сен арнайы келгенде де, ол бармайтын еді. Сен мұны айтпағанда да, оның өзі түсінуші еді.*

-са да/се де: *Жасы үлкен болса да, өзінен кішілерге сәлем беруді ана жылы Ердекеңнен көріп еді* (С.Сейфуллин). Абылғазының қолындағы Жиреншенің құсы тіленіп талпынса да, Жиренше оны жіберткен жоқ (М.Әуезов).

Осы тұлға арқылы А.Байтұрсынұлы төмендегі мысалдарды келтіріп, оны «ереуіл бағыныңқы» деп атаған.

Күні бойы қараса да, таба алмады (А.Байтұрсынұлы А.). *Қыс қатты болса да, аман шықты* (А.Байтұрсынұлы).

-а/е/й тұра: *Ол Абайдың Тәкежаннан кіші бола тұра, жақсы атты жігіт боп бара жатқанын жақтырмайды* (М.Әуезов). *Кейбір сұрақтары бола тұра, Сырбайдың Масақбай туралы айтқан сөздерін Естай бөлген жоқ. Күн көрісі біреуге байланысты бола тұра, ол жақсы ат мінуді, жақсы киім киуді ұнатады* (С.Мұқанов).

Аталған синтетикалық тұлғалар мен аналитикалық фор-

манттар қарсылықты мәнді сабақтас құрмалас сөйлемдер жасайды.

Сонымен, қарсылық модалдылығын білдіретін морфологиялық құралдар синтетикалық және аналитикалық тәсілмен жасалады, сонымен қатар көмекші сөз ретінде грамматикалық қарсылық мәнін білдіру үшін қолданылатындықтан, шылаулар да морфологиялық құралдар ретінде қызмет атқарады. Болымсыздық жұрнақ айтылымда адресат пен адресант арасындағы ойға қарсылықты білдірсе, басқа синтетикалық және аналитикалық құралдар екі әрекет арасындағы қарсылық қатынасты білдіреді.

2.4 Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің синтаксистік құралдары

Қазақ тіл білімінде қарсы мәнді құрмалас сөйлемдер бір кездері «ереуіл», «қайшы» салалас деп, одан кейін «қарсылықты салалас», «қарсылықты бағыныңқылы сабақтас» деп түрліше аталған еді. А.Байтұрсынұлы қарсылықты салалас құрмалас сөйлемді «қайырыңқы салалас» деп атайды. Қарсы мәнді құрмалас сөйлемдердің сыңар жай сөйлемдері бір-біріне қарама-қарсы келетін іс-әрекеттерді, оқиғаларды білдіреді.

«Қарсылықты салалас сөйлем мен қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемді сыңарлары қарсы мағынада келіп, қарсылықты мәнді құрмаластарды жасаудың әртүрлі тәсілдері ретінде тануға болады. Алдағы жаңа оқу құралдары мен оқулықтарда қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі «мағынадан тұлғаларға қарайғы» бағытпен жіктелетін болса, онда функционалды аспектіден қарсы мәндегі құрмаластар бір қатарда қаралады, яғни қарсылықты мәнді сабақтас, салалас сөйлемдер бір деңгейге топтастырылатын болады» [59, 720 б.]. «Мағынадан тұлғаға қарайғы» бағыттағы зерттеу әдісін пайдалана отырып, қарсылықты

салалас құрмалас сөйлемдер мен қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді қарсы мәнді құрмалас сөйлемдер құрамында бірге қарастыруды функционалды грамматика мамандары дұрыс санайды. Олай болса, қарсы мәнді құрмалас сөйлемдер құрамындағы алғашқы жай сөйлем баяндауышының тиянақты, тиянақсыздығына, алғашқы компонентте айтылған ойдың аяқталмаған, аяқталғанына қарай қарсылықты салалас және қарсылықты бағыныңқылы сабақтас болып екі құрылымдық-мағыналық парадигмалық топ құрайды [60, 262-265 бб.]. Мысалы,

Қарсылықты салалас: *Қыздың онымен билеуге тіпті зауқы соқпап еді, анау қадалып тұрып алды* (О.Бөкеев).

Қарсылықты сабақтас: *Сәкен қала мәселесін басқарамын десе, үлкен басқарма келіспеді* (Н.Қазыбеков).

Компоненттердегі қарсы мән бірінші компоненттегі предикатқа екінші компоненттегі предикат қайшы мәнде келу арқылы, бірінші компонентте баяндалған оқиғаның күтілетін нәтижесі екінші компонентте жоққа шығарылу арқылы немесе қарсы мәнге құрылу арқылы, екінші сыңарда белгілі бір ой айтылады, бірақ ол мәні жағынан бірінші сыңарда айтылған ойға қарсы мәнде болу арқылы сөйлемдер құрылады.

Салалас құрмалас сөйлемдер құрылымына қарай жалғаулықты, жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем болып екі құрылымдық парадигмаға жіктелеініні белгілі. Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдерді құрайтын жай сөйлемдер **бірақ, алайда, дегенмен, әйткенмен, әйтсе де, сонда да** сияқты жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Ал жалғаулықсыз құрмаластар компоненттері ешқандай жалғаулықсыз, арнайы баяндауыштың тұлғалары арқылы байланысады. Мысалы:

Жалғаулықты салалас: *Дьяков ендігі жерге тіл табысып кетерміз деп дәмеленіп еді, бірақ ол ойлағаны болмады* (Ә.Нұрпейісов).

Жалғаулықсыз салалас: *Тәңірберген бірер рет тіл қатып еді, Еламан үндемеді* (Ә.Нұрпейісов).

Бірінші сөйлемде *бірақ* жалғаулық шылауы арқылы қарсылықты мағына айқын көрінеді, ал екінші сөйлемде жалғаулық қолданылмаса да, логикалық тұрғыдан қарсылық мағына білдіріліп тұр. Тілде осындай сөйлемдерді жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмалас сөйлем деп атайды.

Жалғаулықты қарсы мәнді салалас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын төмендегідей парадигмаларға топтастыруға болады:

1) Бірінші компонентінің баяндауышы болымды, екіншісінікі болымсыз тұлғамен беріліп, айтылып тұрған іс-әрекет, оқиға арасында қарама-қарсы мән туғызады. Мысалы, *Алдымызда жүз саржан шамасында Үсімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді* (Б.Майлин).

2) Екінші компонент баяндауышы болымсыздық мағынадағы емес, жоқ сөздер арқылы жасалады. Мысалы, *Күңгір дауыс құлағымға келеді, бірақ маған жасауап қайтарған ешкім жоқ* (Ғ.Мүсірепов).

3) Бірінші компонентінің баяндауышы болымсыз, екіншісінікі болымды тұлғамен беріліп, айтылып тұрған іс-әрекет, оқиға арасында қарама-қарсы мән туғызады. Мысалы, *Жұрттың көбі елемейді, бірақ бұл ішінен жіпке тізіп отырады* (С.Сейфуллин).

4) Бірінші компонент баяндауышы болымсыздық мағынадағы емес, жоқ сөздер арқылы жасалады. Мысалы, *Барактың таяу маңында ел жоқ, бірақ әр жерде бытырап, жатқан сағым көтерген малдар көрінеді* (С.Сейфуллин). *Ешкімге де мұның қызының асы деп ешкім айтқан жоқ, бірақ бәрі де сол екенін іштерінен білді* (М.Жұмағұлов).

5) Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің бұл түрінде екі компонент баяндауыштары да болымды тұлғада келеді, алайда *бірақ* жалғаулығы арқылы қарама-қарсылық мән жасалады. Мысалы, *Ол маған айыбын жсууга уәде беріп еді, бірақ мен уәдемді бұзам* (Ә.Тұрманжанов). *Жергілікті әкімдер әрең дегенде он-он бес бала жинап тапсырды, бірақ олардың бәрі кейін ауылдарына қашып кетеді* (Ғ.Ахмедов).

Жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмалас сөйлем парадигмасы жалғаулықты қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдерден жалғаулықсыз келіп, іргелесе байланысуымен ерекшеленеді, ал мағынасы жағынан екі парадигма арасында ешқандай айырмашылық жоқ [60, 262-265 бб.].

Жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің алғашқы сыңарының баяндауышы *еді, екен* көмекші сөздерінің қатысуымен жасалады. Салаластың бұл түрі жасалу жолына қарай мынандай парадигмалық қатар түзеді:

1) Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары біріншісі – болымды, екіншісі – болымсыз тұлғамен келеді де, баяндауыш құрамының көсемшеден келуіне қарай және қалау райлы етістікпен келуіне қарай екі парадигма құрайды.

-ып, -іп, -п тұлғалы көсемше + еді: *Жас жігіт менімен қолдаспақ боп астындағы атын тебініп еді, үркектеу жылқы жақындатпады* (С.Мұқанов).

қалау райлы етістік + еді: *Ұмтылып арбадан түсейін деп еді, Нұрғали басып жібермеді* (Б.Майлин).

2) Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары біріншісі – болымсыз, екіншісі – болымды тұлғамен келеді. Мысалы, *Ауылда отырып тіпті біз естімейміз, сырт бізден бұрын есітеді* (Б.Майлин).

3) Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары болымды тұлғада келеді, алайда олардың мазмұнынан қарама-қарсылық мағына байқалады. Мысалы, *Жәнібекке ақсақал шара толы қымызды ұсынып еді, хан басын шайқады* (І.Есенберлин).

4) Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары болымсыз тұлғада келеді, қарама-қарсылық мағынасы беріледі. Мысалы, *Мұндай жылқы баласы туғанын көрген де емеспіз, тұмайды да. Мұстафа мен Сілеусін мені өз балаларынан алалап ұстамайды, шағын шаруасы мол тұруға жетпейді* (С.Мұқанов).

5) Қарсылықты мәнді сөйлемдер жеке сөздердің салғастырыла жұмсалуды арқылы жасалады. Мұны тілде антите-

за деп атайды. Мысалы, *Ерінген қойсын, ерінбеген алсын* (С.Мұқанов).

6) Ассоциативті антонимдік байланыстар, антоним сөздер жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмалас сөйлем жасауға қатысады. Мысалы, *Қызым – үйде, қылығы – түзде. Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа* (Мақалдар). *Адам көп, адамгершілік аз. Адамға ең қиыны – Адам болу, хайуан болу оп-оңай* (Қ.Мырза Әли).

Құрамындағы сыңарларындағы болымсыздық мағынаның берілуімен байланысты қарсы мәнді құрмаластар компоненттерінің орналасу тәртібі келіп шығады. Құрмалас сөйлемді зерттеуші ғалым Қ.Есенов көрсеткен қарсы мәнді білдіруде болымды компонент пен болымсыз компоненттің орналасу тәртібін төмендегідей парадигмалық қатарларға жинақтап беруге болады:

1) болымды компонент – болымсыз компонент;

2) болымсыз компонент – болымды компонент;

3) болымды компонент – болымды компонент;

4) болымсыз компонент – болымсыз компонент [61, 35-36 бб.].

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемге жай сөйлемдері мағыналық жағынан бір-біріне қайшы келетін сабақтас құрмалас сөйлемдер жатады [62]. Мұндай сөйлемдердің синтаксистік компоненттері арасындағы мағыналық байланыс бағыныңқылардың басқа түрлеріндегідей бірін-бірі толықтап, бірін-бірі сипаттап тұрмайды, керісінше, бір-біріне қарама-қарсы айтылады.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер жасалу жолдарына қарай мынандай үш парадигма құрайды:

- Шартты рай арқылы жасалған қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер;

- Есімше арқылы жасалған қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер;

- Көсемше арқылы жасалған қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер.

Олардың баяндауыштары мынандай тұлғаларда келіп жасалады:

1) **шартты рай тұлғасы арқылы (-са, -се):** *Бірі табылса, бірі жоқ* (С.Жүнісов). *Ілгері аттайын десең, алдыңғы жағың тар қойнауға кептеліп қалған* (Ә.Кекілбаев). *Айғайлайын десе, үні шықпайды* (С.Жүнісов). *Түн қараңғысында жасырынып келіп қорқытпақшы болып қылжақбастау жігіт қасына таянса, қойшы түк сезбейді* (С.Жүнісов). *Сенің шаруаң болмаса, біздің шаруамыз бар қызыл комиссарларда* (Х.Есенжанов).

Мысалдағы бірінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (бірінші табылуына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (бірінші жоқтығы) қарсылықты мәнде қолданылса, екінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (ілгері аттағысы келуіне) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (алдыңғы жағының кептеліп қалуы) қарсы мәнде қолданылған. Сол сияқты, үшінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекетке (оның айғайлағысы келуіне) басыңқы компоненттегі іс-әрекет (үнінің шықпауы) қарсылықты мәнде жұмсалған. Дәл осындай төртінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекетке (жігіттің қорқытпақшы болуына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет (қойшының түк сезбеуі) қарсылықты мәнде жұмсалса, бесінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (оның шаруасы болмауына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (шаруасының болуы) қарсылықты мәнде жұмсалған. Осы бес сөйлемнің барлығына да ортақ грамматикалық мағына – қарсылықтық. Бағыныңқы компонент баяндауышының жасалу жолдары да бірдей (табылса, айтайын десең, айғайлайын десе, қасына таянса, болмаса), етістікке шартты рай тұлғасы жалғану арқылы жасалған. Бұл сөйлемдердің барлығында да екі толық

субъект-предикаттық қатынас, екі ой-информация, екі интонация (тиянақты, тиянақсыз) бар. Ендеше, бұл сөйлемдер де – өзіндік грамматикалық белгілері бойынан табылған қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер.

2) **шартты рай тұлғасына да, де дәнекері тіркесу арқылы:** *Мал өрістен қайтатын кез болса да, мөңіреген сиыр, кісінеген жылқы даусы естілмейді* (С.Жүнісов). *Жалмұқан шірік болса да, мен алдыма шығара алмадым* (С.Жүнісов). *Ол қазір көкжиектен көтеріліп түн ортасы жақындағанын көрсетсе де, Текештің қонақтары жататын емес* (Ә.Әбішев). *Уезімде болып жатқан сорақылықтарды сізден басқалар жасырса да, мен жасыра алмаймын, тақсыр* (Ә.Әбішев). *Есеңгіреп қалса да, атқа үйренген тақымдары құлатпады* (Ғ.Мүсірепов).

Мысалдағы бірінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (малдың өрістен қайтатын кездің болуына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (мөңіреген сиыр мен кісінеген жылқы даусының естілмеуі) қарсылықты мәнде жұмсалса, екінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (Жалмұқанның шірік болуына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (оның алдына шығара алмауы) қарсылықты мәнде жұмсалған. Сол сияқты, үшінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (оның түн ортасы жақындағанын көрсетуіне) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (Текеш қонақтарының жатпауы) қарсылықты мәнде тұр. Дәл осындай төртінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (сорақылықтарды басқаларының жасыруына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй (оның жасыра алмайтындығы) қарсылықты мәнде тұрса, бесінші сөйлемнің бағыныңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күйге (оның есеңгіреп қалуына) басыңқы компонентіндегі іс-әрекет, жай-күй де (атқа үйренген тақымдарының құлатпауы) қарсылықты мәнде тұр. Осы келтірілген бес сөйлемнің барлығына да ортақ

грамматикалық мағына – қарсылықтық. Бағыныңқы компонент баяндауышының да жасалу жолдары бірдей (болса да, шірік болса да, көрсетсе де, жасырса да, есеңгіреп қалса да), етістікке шартты рай тұлғасы жалғанып, оған да (*де, та, те*) шылауының тіркесуі арқылы жасалған. Бұл сөйлемдердің барлығында да екі толық субъект-предикаттық қатынас, екі ой-ақпарат, екі интонация (тиянақты, тиянақсыз) бар. Ендеше бұл сөйлемдер де – өзіндік грамматикалық белгілері бойынан табылған қарсылықты бағыныңқы- лы сабақтас құрмалас сөйлемдер.

3) **көмектес септікті есімше тұлғасы арқылы (-ғанмен/генмен).** Есімшелі қарсылықты бағыныңқы сөйлем баяндаушы етістіктің *-ған* тұлғалы есімше түрімен беріледі де, ол көмектес септік формасында (*-ған + -мен*) тұрады. Бұл жол да, *-са да* түріндегідей, тілімізде өте жиі қолданылады. *-ған + мен* формасын қарсылықты бағыныңқының өзіндік төл жолы деп атауға болады. Өйткені бұл жол, жоғарыда талданған басқа амалдардай (*-са, ма + й, -ған + да, -ғанша*), кейде мағыналық жақтан басқа бағыныңқыларды жасай алмайды. *-ған + мен* түріндегі есімше тек қарсылықты бағыныңқы сөйлемдерді жасауға ғана қатынасады. Сондықтан да мұны қарсылықты бағыныңқының меншікті көрсеткіші деп те қарауға болады. Мысалы:

Өтебайға сыртым жылтырағанмен, іште жатқан мұз (Б.Майлин). Арыстан айға шауып мерт болғанмен, артында жортқан баласы арыстандық етпей қоймас. Ақ сұңқар ауға шырмалғанмен, ұясынан ұшқан балапаны сұңқарлық етпей қоймас! – деген қазақ неткен дана (М.Әуезов). Қыстың басы тақау болғанмен, әлі қар түсе қойған жоқ (М.Әуезов). Немістер о жар қимылдап ілгері басып келе жатқанымен, артына қарайлауы да аз емес еді (Ғ.Мұстафин). Қыстың басы тақау болғанымен, әлі қар түсе қойған жоқ (М.Әуезов).

Мектептерге арналған қазақ тілі оқулықтарында бертінге дейін қарсылықты бағыныңқының жоғарыда сөз

болғандарының ішінен тек *-са да, -ған + мен* жолдары көрсетіліп келді. Тек қазақ тілі грамматикасының (II-бөлім, синтаксис) өңделіп қайта жазылуына байланысты, 1951 жылдың алтыншы басылуынан бастап басқа жолдары да мектеп оқушыларына оқытыла бастады.

4) **барыс септікті есімшеге қарамастан сөзінің тіркесуі арқылы (-ғанға/генге қарамастан):** *Жаудың өте қатты қарсылық көрсеткеніне қарамастан, жігіттер алға басуда еді (М.Ғабдуллин).*

5) **көсемше тұлғасы арқылы (-а, -е, -й).** *Туысқан бола тұрып, осындай бір-біріне өш адамдарды көргенім жоқ (Х.Есенжанов). Әкесінің рұқсаты бола тұра, Гүлнәр Байжанды осы Марфуганың сөзіне қарап үйіне түсірмеді. Кейбір сұраулары бола тұра, Сырбайдың Масақбай туралы айтқан сөздерін Естай бөлген жоқ (С.Мұқанов, Шығ.). Күн көрісі біреуге байланысты бола тұра, ол жақсы ат мінуді, жақсы киім киюді ұнатады. Дәулеті мол бола тұра, мұншама жасақсыз, мұншама салақ үйді көрген емен (С.Мұқанов). Секретарь Анатолий Кондраткевичтің қызына Байжанның жуырда үйленетінін біле тұра, бұл жөнінде ресми кеңес үстінде ыңғайсызданды. Гүлнәр Марфуганы сыйлай тұра, көңіліне қарай тұра, шын сүйген Байжанмен бос уақыттарын бірге өткізбей тұра алмады. Осынша әзірлігі бола тұра, ол тойын жасамай кетті (С.Мұқанов).*

Көсемше арқылы жасалған қарсылықты бағыныңқы сөйлем баяндауышы әрдайым күрделі болып келеді де, көсемше формасы оларға бірдей жалғанады. Қарсылықты бағыныңқы сөйлем жасауға көбінесе көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғалары бейім келеді. Сонымен қатар, жоғарыда талданған жолдардай, мұнда да екі жақ компонент баяндауыш сөздерінің болымды, болымсыз түрде келіп отырулары да сөйлемнің қарсылық мәнін айқындай түседі.

Жатыс септік формасындағы есімше да дәнекерлігімен қабаттаса айтылғанда да, сөйлем бойында қарсылық мән

байқалады. Мұндай мәннің орын алуына, сонымен қатар бағыныңқы, басыңқы компонент баяндауыштарының болымды, болымсыз түрде алмасып келіп отыруы да себеп болады. Бағыныңқы сөйлем баяндауышы аталған формада болымды түрмен берілсе, басыңқыныкі – болымсыз формада, немесе екі жақ баяндауыштары керісінше қолданыста келеді. Қарсылықты бағыныңқының бұл жолы әдеби тілімізден онша көп орын ала қоймайды, ол – ауызекі тілге тән заңдылық. Сондықтан да болу керек, бұл жол қазақ тіл білімінде еленбейді.

Мысалы, *Сен арнайы келгенде де, ол бармайтын еді. Сен мұны айтпағанда да, оның өзі түсінуші еді* (Ауызекі тіл). Бағыныңқының қарамағындағы *да* дәнекері сөйлемге күшейтпелік мән беріп, қарсылықты мазмұндағы ойды бекіте түседі.

А.Аманжолов бұған қосымша қарсылықты мән беруде салыстырмалы мәні бар, бірақ қарсылықты мәні басым болатын екі тұлғаны көрсетеді. Олар:

1) **-ғанша/генше;**

2) **-мақ түгіл** [63, 47 б.].

Бағыныңқы компонент *-ша, -ше* қосымшалы есімшеге аяқталады да, сөйлем бағыныңқы компоненттегі іс-әрекеттің, жай-күйдің болғанынан басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің артықтығын көрсетеді. Бірақ ондай артықшылық екі түрлі іс-әрекетті теңдестіру түрінде емес, біріншідегі іс-әрекетке қарсы бола отырып, екіншідегі іс-әрекетті қолдау түрінде болады. Мысалы:

Қарағайға қарсы, бұтақ біткенше,

Еменге иір бұтақ бітсейші,

Қыранға тұғыр қыларға,

Ханнан қырық туғанша,

Қарадан бір-ақ тусайшы,

Халықтық кегін қусайшы.

(М.Өтемісұлы)

Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас.

Сыртың сайлы болғанша, ішің майлы болсын.

Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл (Мақал).

Қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасауда жоғарыда талданған тәсілдердің атқаратын қызметтері бірдей емес. Олардың ішінде қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасауда жиі қолданылатыны да және сөйлемнің мұндай түрін құрмаластыру ең негізгі функциясы болып есептелетіні де көмектес жалғаулы есімше мен *-да, -де* шылаулы шартты рай формалы сөздер. Бұлардың солай екендігі қазақ лингвистикасында құрмалас сөйлем синтаксисінің алғаш зерттеле бастаған күнінен-ақ танылған. Ал кейінгі екі тәсілдің, яғни шартты рай формалы етістік пен *-ша, -ше* жұрнақты есімшенің қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасаудағы рөлі алдыңғылардан біраз өзгеше. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келетін жай сөйлемдерді құрмаластыру, бұл екеуінің бірде-бір функциясы деуге болмайды. Бұлар басқа мағыналық қатынастардағы компоненттерді бір-бірімен құрмаластыру үшін де қолданылады. Мысалы: *Тәкежанның ұрлатқаны шын болса, ол малдың жоқтаушысы өзі болатынын ескертіп отыр* (М.Әуезов). *Бүкіл жұмысшы көтерілсе, оған қаланың ұсақ қолөнершілері мен оқушы-лары дем беріп бас көтерер еді* (Х.Есенжанов). *Біз өткел басына келсек, ұзақ-шұбақ табын-табын малдар өтіп жатыр екен* (Ғ.Мүсірепов). *Мен келсем, менен әлдеқашан бұрын жұрт жиналып қалған екен* (Б.Майлин). *Қарсы келген топ қашан үйге кіріп болғанша, қызығына, ойын күлкісіне қарап аңырайсың да тұрасың* (Б.Майлин). *Қоқыш судиямен келіскенше, бұлар бой таса қып сонда жата тұр-мақ* (С.Мұқанов).

Келтірілген мысалдың алдыңғы төрт сөйлемінде бағыныңқы компоненті шартты райлы етістікке аяқталған. Бірақ компоненттерінің мағыналық қатынастары жағынан алдыңғы екеуі шарттық қатынасты білдірсе, кейінгі екеуі мезгілдік қатынасты меңзейді. Ал енді, *-ша, -ше* жұрнақты

есімше арқылы құрмаласқан кейінгі екі сөйлем компоненттері өзара мезгілдік қатынаста тұр.

Қ.Есенов қарсылықты бағыныңқы сабақтас сөйлемдерді *реалды қарсылықты* бағыныңқы және *ирреалды қарсылықты бағыныңқы* деп екіге бөледі [61, 87 б.].

Реалды қарсылықты бағыныңқы сабақтас сөйлемде қарама-қарсы айтылған мазмұндағы оқиға желісінің орындалғаны немесе орындалып жатқаны баяндалады. Мысалы, *Қаниша ашу шақырам десе де, Жәуке тыңдап отыр осы әнді* (Б.Майлин). ... *аяқ кезде көзде жас болмаса да, өтірік анда-санда бір бақырып қойып жатыр* (М.Әуезов). *Салт аттылар мен ат шана өтіп кетсе де, Әбдірахман терезеге сүйеніп ұзақ тұрды* (Х.Есенжанов).

Ирреалды қарсылықты бағыныңқы сабақтас сөйлемде түпкі нәтижелі істің орындалмағаны көрініп тұрады. Мысалы, *Мен айтсам, қарысып тыңдамайды* (Б.Майлин). *Бұл жөнінде екі кездесу болса да, советник Кошкинді өз ырқына көндіре алмады* (М.Әуезов). *Кейде ондай танаптар бола тұра, жерінің топырағы қолайлы келмейді* (С.Мұқанов). *Алтын-күміс ақша ұстанған бай болса да, өлікке кербін бермеген сараңдар бұл* (Д.Досжан).

Р.Әміров ауызекі тілге тән қарсы қатынасқа құрылған құрмалас сөйлемдерді үш құрылымдық парадигмаға бөліп қарастырады:

1) Қарсы мәнді құрмаластың бірінші компонентінде препозициялық компонент ретінде бұйрық рай формасындағы баяндауыш-етістіктері бар жай сөйлемдер тұрады да, ал екіншісінде сөйлемнің баяндауышы келер шақ пен өткен шақ етістігінен болады. Мысалы: *Қандай айнымайды-ау деген дос болсын, әуелі бір бәлеге сүңгітіп алып, өзі айырып алған кісі болып, өз досының мойнына есептеп ұпай салады* (М.Әуезов). *Қаниша шұбарламасын, одан кітабы жақсы болмайды. Ауылнай болмақ түгіл, тіпті уез болысын да тыңдамаймын* (Б.Майлин). *Қаниша жалынбасын, мен айтқанын істемедім* (Ауызекі тіл).

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, бұл түрге жататын құрмалас сөйлемдер эмоциялық ойды білдіру қызметін атқарады. Эмоцияны білдіруде *қандай, қаниша, қашан* тәрізді тағы басқа экспрессивті мазмұнды сөздер қатысады.

2) Сөйлемдердің препозициялық құрамдас бөлігі ретінде біртекті алтернативті мағынадағы баяндауыштың енгізілуімен анықталады, баяндауыш рөлінде *-ар, -ер*-ге аяқталатын есімшелер немесе бұйрық формасындағы болымды-болымсыз етістіктер болады. Мысалы: *Жақсы болсын, жаман болсын, өзіңнің ұнатып тигеніңді айтсаңшы* (Б.Майлин). *Келер, келмес, бірақ мен оны шақырамын. Дүйсеке айтсын, айтпасын, малын Сиқымбай ұрлағанын Есімбай жақсы білетін* (Ғ.Мұстафин).

3) Ауызекі тілде *-тын, -тін*-ге аяқталатын баяндауыш-есімшелі жай сөйлемдер бір құрамдас бөлік ретінде қарсылықты сөйлемді білдіреді. Мысалы, *Кімсің сен, маған нұсқау беретін* (Ж.Еділбаев).

– Оу, мынауыңыз қалай, Әлеке, танысу аяқты аппақ ішпей ме екен.

– Інішек, жол-жосықты мен де білемін. Денсаулық көтермейді.

– Өзім-ақ сілтей берейін онда, қысылып-қымтырылатын, бөтен көз жоқ қой мұнда (Ж.Еділбаев) [64, 72-73 бб.].

Құрмалас сөйлем синтаксисіне арналған зерттеулерде қарсы бағыныңқылы құрмалас сөйлем сабақтастың бір түрі ретінде кейде қаралса, кейде атаусыз қалып отырған. Мұның ең алғаш ауызға ілігуі 20-жылдарғы А.Байтұрсынұлы еңбегінен бастау алады. Ғалым мұны «ереуіл бағыныңқы» деп атаған да, шартты рай формалы етістіктің *да-де* шылауына тіркесіп айтылуы арқылы жасалатын бір ғана түрін (*Бәрі жабыла тартса да, жүк орнынан қозғалмады*) келтірген.

Қ.Жұбанов жасаған 1936 жылғы оқу бағдарламасында да, 1938 жылы жарияланған Н.Сауранбаев мақаласында да қарсы бағыныңқылы сабақтас деген сөйлем жоқ. 20-жыл-

дан кейін мұның ауызға ілігуі 1939 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты оқулықта. Оқулықта сабақтастың бұл түрі «қарсылықты сабақтас» деп аталған да, оның жасалуының екі жолы көрсетілкен: бірінші *да-де* шылаулы шартты рай арқылы, екінші көмектес жалғаулы өткен шақтық есімше арқылы жасалуы.

Н.Сауранбаевтың педучилищеге арналып 1944 жылы шыққан оқулығында қарсылықты бағыныңқылы деп атап, оның жасалуының үшінші түрін, өткен шақтық есімшенің *ша-ше* жұрнақты түрі арқылы да құрмаласатынын көрсетсе, 1948 жылы жарияланған «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» атты еңбегінде оны «қайшы сабақтас құрмалас» деп атаған да, алдыңғы еңбегінде қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасаудың бір тәсілі ретінде алынған *ша-ше* жұрнақты есімшенің дәнекерлігі арқылы жасалатын түрін қолданудан шығарып, оның орнына үшінші тәсіл етіп, «бол, ал, бер» етістіктерінің шартты райдың болымсыз түрлерінде айтылуы арқылы жасалатын сабақтастарды жатқызған [65, 56-75 бб.]. Оған: *Әкеңнің өзі айтып бермесе, Абай аналардың қуанышпен қарсы алған көңілдерін мұңайтқысы келмейді* деген мысал береді.

Келтірілген шолудан да байқалатындай, сабақтастың бұл түрі де әр автор ғана емес, бір автордың әр кездегі еңбегінде әртүрлі баяндалып келгендігі. Сол ала-құлалықтардың жойылып, мәселенің бір ізді шешілуі 1961 жылы баспадан шыққан «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулықтан басталады. Терминдік және жасалу жақтарын сөз еткенде бірізділік болмағанына қарамастан, сөйлемге анықтама беруде оны зерттеушілердің барлығы да «қарсы бағыныңқылы сабақтас деп компоненттері мағыналық жақтан бір-біріне қайшы мәнде айтылатын сабақтас құрмалас сөйлемді айтады» деген анықтама береді.

Компоненттерінің мағыналық қатынастары жағынан алғанда, қарсы бағыныңқылы сабақтас сөйлем қарсылықты

салалас сөйлемге ұқсас: екеуінің компоненттері де мағыналары бір-біріне қайшы келетін оқиғаларды баяндайды, өзгешеліктері тек құрмаласу тәсілдерінде ғана: бірінші салаласа, екіншісінің сабақтаса байланысатынында [66]. Мысалы: *Ол келді, бірақ мен жолыға алмадым. Ол келгенмен (келсе де), мен жолыға алмадым.*

Компоненттер мағыналарындағы қарама-қарсылықтың түрлері де, олардың көріну тәсілдері де алуан-алуан. Мысалы: *Буржуйлар советтің үнін өшіреміз деп жанталасса да, жұмысшы мен шаруаның еркін тұншықтыра алмайтынына бұл жиналыс айғақ (Х.Есенжанов). Оның «хайуаны да, найсыбы да» мен түсінбейтін сөздер болғанмен, зілді екенін молданың кескінінен байқап отырмын (С.Мұқанов). Жақсы аттың жалы сақталғанша, жақсы жігіттің ары сақталсын.*

Келтірілген мысалдың біріншісінде бағыныңқы компонентте істелмекші болған әрекет сөз болса, басыңқы компонентте ол әрекеттің жүзеге аспайтындығы баяндалған. Ал мысалдың екінші сөйлемінде ондай екі түрлі субъектінің бір-біріне тікелей қарама-қарсы қойылған әрекеттері жоқ. Мысалдың соңғы сөйлеміндегі компоненттердің мағына қайшылығы алдыңғылардың бірде-біріне ұқсамайды. Мұндағы қайшылық екі түрлі затты (жан мен арды), әрекеті салыстыру, салыстырғанда оларды теңдестіру мәнінде емес, біріне-бірін қарсы қоя салыстыру негізінен келіп туған қайшылық.

Қарсылықты бағыныңқы да қарсы мағынада айтылатын, қарсылық мағынаны білдіретін бағыныңқы компонент емес, басыңқы компонент. Бағыныңқы компонентте белгілі бір істі істеу немесе істемеу үшін жасалған әрекет баяндалса, басыңқыда оның керісінше болғандығы баяндалады. Мысалы: *Келер күндер көз алдына осынша-ақ айқын елес берсе де, Ушаков ашық алысуға кете алмайтынын сезді. Екі көзі алдында жатқан балада болғанмен, төр жақта айтылып*

жатқан сөздерге *Көпейдің сергек зейін салып отырғаны байқалады* (Ғ.Мүсірепов). *Күндізгі ыстық, жүріс, кешкі отырыс денені салықтырса да, қиял әлемі талар емес* (Х.Есенжанов). *Қодардың жазығы жоқ болса да, құн деген үн болмады* (М.Әуезов).

Бағыныңқы компоненттегі белгілі бір іс-әрекеттің, жағдайлардың логикалық нәтижесі болуға тиісті табиғи қорытындысы ретінде күтілген жайлар басыңқы компонентте олай болмай шығады. Мысалы: *Дәркембай екі мықты мырзаның қыспағында отырса да, Құнанбайдың сыртынан соңғы өзін қатты айғайлап айтып қалды. Абайдың құбылысы орасан болғанмен, енді Ербол бұны түсіне бастады* (М.Әуезов). *Әйелдің аузынан тарыққан сөздер шыққанмен, үнінде жасызандық болмаса бас ұрып құлдық ету сарыны естілген жоқ* (Х.Есенжанов). *Болыстың биылғы салып отырған шығыны жылдағыдан көп болса да, Оспан аулына жиналған ел ағалары көп керіспей тез келіскен* (М.Әуезов).

Қарсы бағыныңқылы сабақтастың өзіндік бір ерекшелігі сол, оның бағыныңқы компоненті мағыналық жағынан басыңқыға меңгерілмейді, оның белгілі бір мүшесіне жетектеліп, белгілі бір сұрауға жауап болып, тұрлаусыз мүшелер атқаратындар тәріздес қызмет атқармайды. Мұндағы бағыныштылық компонент баяндауышының тек формалық жағынан тиянақсыздығында ғана, ал компоненттердің мағыналық қатынастары жағынан алғанда қалыпты қарсылықты салалас сөйлеммен бірдей.

Жақсы аттың жалы сақталғанша, жақсы жігіттің ары сақталсын.

Мұндағы қайшылық екі түрлі затты (жан мен арды), әрекетті салыстыру, салыстырғанда оларды теңдестіру мәнінде емес, біріне-бірін қарсы қоя салыстыру негізінен келіп туған қайшылық болып табылады. Тілімізде қарсылық мәнді білдіру салыстырмалы сөйлемдерден көпеп байқалады. Мысалы, *Саған тәуелді болғанша, қара су ішсем де бостандығым*

қымбат (Ауызекі тіл). Яғни мұнда саған тәуелді болмаймын деген қарсы мағына бар.

Контекс арқылы да қарсылық мағына беріледі.

Рахмет, - деген қыздың үні шықты.

- Тағы азырақ ұзатып салайың иттер талап тастар, - деді еркек даусы.

- Мен иттерден қорықпаймын...

- Солай болса да...

- Қой, Қасымжан, сменаға кешігесің, рахмет, бара бер енді...

- Үлгеремін, әлі уақыт бар, - деп Қасымжан шырпы жақты (Ш.Айтматов).

2.5 Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің бейвербалды құралдары

Бейвербалды қарым-қатынас дегеніміз – айтылатын ойды тілдік қатынастардың көмегінсіз ым-ишарамен білдіру. Ым-ишара ерте кезде сөздерден бұрын қолданыс құралы болған. Тілсіз қарым-қатынасқа деген қызығушылық ежелгі дәуірден бастау алады. Ұлы грек философы Платон дене қимылдарын қолдануды жоғары бағалаған. Атақты шешен Цицерон басқа шешендерге: «Барлық жан қимылы ишаралармен үстемеленуі тиіс», - деп кеңес береді [67, 136 б.]. Тіпті қарым-қатынас барысындағы беттің сұрлануы, қызарып кетуі де бейвербалды қатынасқа кіреді. Қазақта «бетінен оты шықты, қап-қара болып түтігіп кетті» деген тіркестер осы сөзімізді анықтап тұрғандай. Австралиялық ғалым А.Пиздың пікірінше, адамдар арасындағы қарым-қатынастың 7% – вербалды (сөздер, сөйлемдер); 33% – вокалды (интонация, дауыс ырғағы, дауыс немесе дыбыс әуезділігі, екпіні мен қарқыны, т.б.) және 55% – бейвербалды элементтер арқылы жүзеге асатын көрінеді [68, 272 б.]. Бұл мәліметтер, бейвербалды амалдардың комму-

никативтік актіде прагматикасы әлдеқайда көлемді екендігін дәлелдейді.

Адам баласының қарым-қатынас жасау қажеттігінен пайда болған дене тілі туралы түрлі пікірлер бар. Мәселен, тілші-ғалым Қ.Жұбанов: «Дыбыстап сөйленген сөздің олқысы, көбінесе ыммен толады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген я болмаса бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінуге болады» [69, 26 б.]. Бұл пікірден сөйлеу әрекеті кезінде айтылмай қалған немесе түсіп қалған сөйлемді тыңдаушыға бейвербалды құрылымдар арқылы толықтыруға болатындығын аңғарамыз. Бұл пікірді басқа да ғалымдар құптайды: «Ым-ишара – санамен ұғынылатын көнеден келе жатқан әмбебап сигнал. Ол ақпараттың дұрыс қабылдануына көмектеседі» [70].

Әр ұлттың өзіне тән ұлттық, мәдени ым-ишаралары болады. Бұл туралы Б.Момынова «ым мен ишаралар ұлттық сана тудырған құбылыстар, сондықтан олар ұлттық менталитетпен тығыз байланысты, ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігіне жатады. Соған орай, бейвербалды қатынас құралдары – әрбір ұлттың тілдік санасымен байланысты пайда болған және әлемнің тілдік суретін жасаудағы маңызды элементтер. Әр ұлтқа тән спецификалық ерекшеліктері көп құралдарға жатады», – дейді [71, 7 б.].

Ендеше, кинесикалық белгілерді бірнеше топқа бөліп қарауға болады. Оларға: қимыл, ым-ишара, қозғалыс, пантонимикалық қозғалыстар, кейіп, жүріс-тұрыстар т.б. жатады. Мәселен, қазақ ұлтына тән, жағын таяну – торығу, қамығу, мұңаю белгісі. «*Жағыңды таянба*» деген тиым қазақ халқында осыдан қалыптасқан; **Таңдайын қағу** – біреудің ісін жақтыртпау, кінәлау деген мағынада қолданылса, кейбір жерде диалектілерде қарсылық мәндегі пиғылды білдіру үшін қолданылады.

Қуаныш, реніш, қайғыру, қарсылығын білдіру – барлық адамзатқа ортақ эмоциялық сезімдер болса, оны ым-ишара-

мен білдіру де күнделікті қарым-қатынаста үздіксіз жүріп жатқан процесс. Екі ұлттың өкілдері немесе мүмкіндігі шектеулі әлеуметтік топтағы адамдармен тілдік емес бейвербалды қатынас құралымен түсінісуге болады. Адамдарда дене қалпының мыңнан астам түрі болса, әрқайсысының өзіндік мән-мағынасы бар. Қызметіне қарай, айтылған ой беттегі, денедегі бейвербалды амалдармен жанданып, айқындала түседі.

Бейвербалды амалдарды мағынасына қарай бөлуді, түрлі сезім-күйлерді жеткізуіне қарай жағымды//жағымсыз сезімдерді жеткізетін бейвербалды амалдар деп бөлінеді.

Қарсылықты бейвербалды амалдар адам эмоциясы, қимыл іс-әрекеті, ым-ишараларынан көрінеді. Мысалы: «*Тс-с-с – деді ол бір саусағымен ернін басып – оятып жібересіз*» (Д. Исабеков, Гауһар тас). Бұл сөйлемде тыныштықты сақтау үшін сұқ саусақпен ерінді басу арқылы білдіріп тұрған қарсылықты қимыл әрекет берілген. Әдетте, бұл үндемеу керек екенін білдірсе, басты шайқау қосылып, *үндеме, болмайды* деген мағынада қолданылады.

Бейвербалды амалдармен ойды жеткізудің түрі өте көп. Қимыл іс-әрекеттің ішінде бас, көз, қол, ерін қимылдарын жеке талдаудың өзі үлкен бір тақырып.

Бейвербалды амалдардың тілдік амалдарды айшықтап, нақтылап жеткізуде орны ерекше. Ешқандай эмоция, мимика, пантонимиялық амалдарсыз айтылған нәрсе тыңдаушыға жетпеуі мүмкін немесе ешқандай коммуникация орнамауы мүмкін. Қарсы келген екі адамның жымыиысы кейде айтылуы керек бірнеше ұзын сонар ойдан әлдеқайда мағыналы.

Бейвербалды амалдарды ғалым Б.Момынова ***байырғы (историзм) бейвербалды амалдар, жаңа, кірме, төл*** бейвербалды амалдар деп бөліп көрсетеді. Б.Момынова қарсылық мәнді бейвербалды қимылды «Ақбілек» романынан келтірген мысалда жирен орыс пен Ақбілектің қимылынан қорытынды жасауы «қыз жаратпай тұр, оның жаратпағаны *тыжырынудан*

байқалады, қара мұрттың *ажырая қарауы*, дауысының дірілі... ал жирен орыстың *басын шайқап* болмағаны – көнбегенін, келісімнен бас тартқанын білдіреді [71, 42 б].

Қарым-қатынастағы бейвербалды амалдар **қол қимылдары арқылы, баспен берілетін қимылдар, дене қимыл-әрекеті** және түрлі таңбалар арқылы жүзеге асады. Бейвербалды амалдардың қандай мағына беріп тұрғандығын біз тек коммуникация кезінде анық байқай аламыз. Олай деуіміздің себебі бір ғана бейвербалды амал бірнеше мағынаны білдіруі мүмкін. Мысалы: тілдік қарам-қатынас барысындағы «**үнсіздікті**» алайық.

Ғалым Б.Момынова «Үнсіздік – коммуникациядағы көмекші құрал», – деп пікір білдіреді. Ал Ш.Зекенова «Ешбір әрекет істелінбей, адам немесе коммуникативтік актіге қатысушы тарапынан дыбыс болмай, үн шығарылмаса да, ақпарат алуға яки бір нәрсені түсінуге, адамның эмоциясынан, тілегінен хабардар болуға мүмкіндік беретін сәт – үнсіздік» деп шартты түрде атайды. Коммуникативтік акт кезіндегі үнсіздіктің орны кідірістен (пауза) мүлде бөлек болғандықтан, ол сөйлеу үдерісіндегі күрделі категорияға жатады. Үнсіздік *сұрау, кінәлау, келісім, қарсылықты білдіру, коммуникациядан бас тарту* секілді мәнде қолданылады [71, 118 б].

Үнсіздіктің ақпарат жеткізудегі орны мен маңызын қазақ тіліндегі: «үнсіз ұғысты», «ымды түсінбеген дымды түсінбейді», «сөзсіз ұғынысты», «айтпай-ақ ұқты», «айтпаса да түсінікті болды», «сөзсіз-ақ түсінікті болды», «сөздің керегі жоқ», «сөздің өзі артық», «үнсіз ұғынысты», «үнсіз қалды», «үндей алмады», «үндемей құтылды» деген т.б қолданыстар білдіреді. Жоғарда айқанымыздай, үнсіздік көпқырлы семантикаға ие. Үнсіздіктің нақты мән-мағынасы тек мәнмәтінде анықталады. Үнсіздіктің тілде бекітілген немесе қалыптасқан позициясы, тұрақты қалыптасқан вербалды түрі болмайды. Алайда, көбінесе үнсіздік «келісу»

немесе «қарсылықты» мәнді көбірек үстейді. Мысалы: *Айғыз Сұмағұлдың қолынан ұстап, Ұлжанға біраз қадалып тұрды да, үндей алмай шығып кетті* (М.Әуезов, Абай жолы); *Құнанбай шешесіне қарап, үндемей бас изеді* (М.Әуезов, Абай жолы); *Абай шеше сырын іштей танығанмен, айтар жауап таба алмай, үндемей сырт айналып кетті*. (М.Әуезов, Абай жолы).

Бірінші мысалдағы үнсіздік болған іске амалсыз мойынсынуды білдірсе, екінші мысалда коммуникаттың айтылған сөзді құптап, келісіп отырғанын білдіреді. Ал үшінші сөйлемдегі үнсіздік түбегейлі қарсылықты мәнді анық көрсетіп тұр.

Коммуникативтік жағдаятқа қарай қарсылықты үнсіздік бірнеше мағынада жұмсалады: а) сөйлесуден, қатысымға түсуден бас тарту; ә) пікірін жасырын ұстағысы келу; б) ашу-ыза буғандықтан, сөйлей алмай булығы; в) басқа бір нәрсеге яки адамға алаңдағандықтан, үнсіз қалу; г) тілдесуші адамды ұнатпағандықтан; д) менсінбеу т.б. [71, 123 б].

Қазақ тілінде үн шықпайтын кездерді *үнсіз, үнсіз қалу// үнсіз қалушылық, үндемеу//үндемеушілік, үнсіздік, үні шықпады, үн-түнсіз//үн-түнсіздік, үндей алмау//үндей алмаушылық, үндесестен кету, үнсіз отыру, үн шығаруға қорқу* т.б. қолданыстармен жеткізумен қатар сөйлемеді, *сөзін іштей айтты, сөзін шығын қылғысы келмеді, жақ ашпады, бір ауыз сөз айтпады* деген қолданыстар вербалданатынын көрсетеді. Мысалы: *Осыдан кейін бір жанға бір ауыз сөз айтқан жоқ* (М.Әуезов, Абай жолы). Үнсіздік қазақ табиғатында жым-жырттықпен, жым-жырт бола қалумен, жым-жырт тына қалумен де жеткізіледі. Мысалы: *Абайдың ажарынан қатты сескенген Айгерім бастаған үй іші үнсіз қыбыр етпей, жым-жырт бола қапты* (М.Әуезов, Абай жолы).

Адам қимыл-әрекеттері – коммуникациядағы мәнді көмекші құрал болып табылады. Қазақ мәдениетінде тіпті әрбір дене қозғалысы қандайда бір мән мағынаға ие. Қимыл-

әрекеттер көңіл күйді, адамның мәртебесін де білдіреді. Соған байланысты «мұрнын көкке көтеріп жүреді», «еңсесі түсіп кетіпті», «басын салбыратып» деген секілді тіркестер пайда болған.

Коммуникация кезіндегі **«қарсы барып тұру»** қимыл-әрекеті – қарсылық таныту, қарама-қарсы қозғалып келе жатқан адамның әрекетіне қарсы тұру, жолын бөгеу ишараты. *Осы кезде Әбді мен Сержан, Асқар үшеуі «Е» дескендей ытқып барып, орақшылардың жолына қарсы басып тұрыса қалды* (М.Әуезов, Жиырма томд.шығ.жин.).

Қарсылық мәнді үстейтін қимыл-әрекеттердің бірі – шыға жөнелу, шығып кете бару. Бұл екі іс-әрекет ренжу, келіспеу, қарсы екенін білдіреді.

Шыға жөнелу – көңіл қалғандықтың, іштегілерге өкпесі барды айғақтайтын, қарсы екенін білдіретін ишарат: *Осы сөзді аяқтай бергенде, Тәкежан мен Майбасар шыға жөнелді* (М.Әуезов, Жиырма томд.).

Шығып кете бару – ренжудің белгісі, мәмілеге келе алмағандықты білдіретін ишарат: *Әйтеке шалт қозғалып орнынан тұрды да, әмірмен қоштаспастан дік-дік басып, қарағайдай еңсесін тік ұстаған беті сарайдан шығып кете барды* (М. Есләмғалиұлы, Әйтеке би); *Шұбар енді жауап қатқан жоқ, қатты құлшынып атқып тұрды да, шыға жөнелді* (М. Әуезов, Жиырма томд.)

Б.Момынова мен С.Бейсенбаевалар «Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігінде» **«бас шайқау»** ишаратының үш түрлі мағынасын көрсетеді: «ренжуді, көңілі толмағандықты аңғарту», «таң қалу, таң-тамаша болу, таңырқау», «біреудің ойымен, пікірімен үзілді-кесілді келіспеу» [67]. Төмендегі мысалдарда бас шайқау ишараты үш түрлі мағынаны білдіру үшін жұмсалған: Мысалы: *Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттап алған төрелікті өзі тағы бір айтып, өзі ойланып, бас шайқады* (М.Әуезов). *Жұмекен: «Әй, балам, балам! – деп басын*

шайқап аз тұрды да. – Ал, жолың болсын, ендеше! – деп қолын ұсынды (С.Ерубаев). *Айдын теріс бұрылғанда, Алма Асанға басын шайқады* (С.Ерубаев). *Мұнысы келістік дегені еді*. Келтірілген мысалдың алғашқысында «бас шайқау» ишараты арқылы отырғандармен келіспегендікті білдірсе, екіншісінде «реніш пен көңілі толмағандық», үшінші сөйлемде екі адамның келісімге келу ишараты байқалады. Бейвербалды амалдардың астарындағы мағына мен мәнді шеше алмаса, ол өзгелер үшін құпия, жасырын болып келеді. Бейвербалды амалдардың астарындағы хабарды толық түсіну үшін адресат пен адресанттың қолданылған құрылымдар жөніндегі білім дәрежесі тең болуы қажет. Яғни, бұл дегеніміз, қолданыстағы бейвербалды амалдардың жалпыға түсінікті болуы.

Жоғарыда атап өткеніміздей, бейвербалды амалдар қол қимылдары арқылы, баспен берілетін қимылдар, дене қимыл-әрекеті және түрлі таңбалар арқылы жүзеге асады. Ендігі тоқталатынымыз қол қимылдары арқылы жүзеге асатын қарсылық мәндегі ишараттар.

Қолды жоғары көтеру – сөз таластырып отырғандарға тоқтау салу, тиым салу, қарсылығын білдіру, сөз біткенін, сөзден тиылуды сұрау, екінші бір адамға сөз кезегін беру мағынасында орындалатын ишарат. Мағынасы алшақ болса да, бұл тұста да қарсылық мән бар. Бұл ым-ишаратты көне ишараттарға жатқызамыз. Себебі хандар, билер қолдарын жоғары көтеру арқылы сөзге тоқтау салып, қарсылығын немесе сөз кезегін берген. *Құнанбай шыдай алмай оң қолын жоғары көтеріп «Дозар»! – деп айқай салды* (М. Әуезов, Жиырма томд.). *Би оң қолын көтеріп, екеуіне тыю салды. –Болды! Жетті! Ұқтым көмейлеріңді!* (М. Есләмғалиұлы, Әйтеке би). Ғалым Б. Момынова қолды жоғары көтеру ишаратын «тиым, тоқтау салу ишараттарына» жатқызады.

Қол қимылдары арқылы жүзеге асатын ишараттың тағы бір түрі – **қолды айқастыру**. Ишараттың бұл түрі бірден қарсылық мәнді білдіреді. Яғни екі қолды кеуде тұсына әкеліп

бір-біріне айқастыра көрсету «жөк», бармаймын, дұрыс емес, мен емес, сөйлемеймін т.б секілді үзілді-кесілді қарсылықты білдіретін ишарат. Бұл ишараттың басқаларынан ерекшелігі бірнеше мән- мағынаны білдірмейді.

Қолды шайқау – коммуникативтік жағдаятқа қарай (көпшілік ортасында) қарай адресаттың (тыңдаушы тараптан) адресантқа (сөйлеуші тарапқа) қарсылығын білдіру үшін қолданылады. Мұндай сөйлеу жағдаятында адресатқа сөз кезегі арнайы берілмейді. Адресат көпшіліктің бірі ретінде коммуникацияға қатысады. Қолды шайқаушы адресантқа көпшілік тыңдаушы тарап арасынан астарлы түрде қарсы емеурін білдіреді.

Бетті тыржиту – түсіндірме сөздікте *тыржиту* етістігіне екі мағына берілген: 1) бетті қатпарландыру, тырыстыру, қыртыстандыру. 2) паралинг. Жақтырмау, тыжырыну, бір нәрсені ұнатпағанды, жаратпағанды білдіру [72, 1308 б.]. Сөздік мағынада қарсы болу мағынасы тікелей дефиницияда көрініс таппаған. Алайда ұнатпай, жаратпаудың астарында қарсы болу мәні бар деп есептейміз. Тіпті қарсы болу мағынасын мысалдар тауып, жеке мағынасы ретінде беруге де болады.

Езуді шырт еткізу – бұл ишарат негізінен бейресми стильде, тұрмыстық тілдесімде қолданылады. Көбінесе жастар тілінде жаргонға айналған десе де болады.

Қабакты түю, қабақ шыту – мұңаю, тұнжырау, ашулану, ренжу мағыналарымен бірге, яғни жақтырмау тұрғысынан астарлы түрде қарсылық білдіру мағынасын білдіреді.

Қолын тартып алу – ұсынысты қабылдамау, қарсылық білдіру мағынасын да білдіреді.

Қашу – көбінесе балалар қолданатын қарсылық білдіру әрекеті. Әдетте қашу ұстатпау, жеткізбеу әрекетін тура мағынасында берсе, ауыспалы мәнде қорқу, үрку мағынасын білдіреді. Сол сияқты үлкендердің қандай да бір әрекетке ұсынысы, талабына көнбеу, істегісі келмеу, бас тарту, қарсылық көрсету мағыналарын да аңғартады.

Жылау – балалардың қарсылық білдіру құралдарының бірі.

Бейвербалды амалдардың өзі көпмағыналыққа ие болғандықтан, кей тұстарда ақпарат алмасушылардың арасында түсініспеушілік туғызады.

2.6 Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің функционалдық астастығы

Функционалды-семантикалық өрістердің астас келу ерекшеліктері болады. Қазақ тілінде жекелеген функционалды-семантикалық категорияларды зерттеген ғалымдар өрістік талдау жасауда категориялық жағдаяттарда әртүрлі өрістер бір-бірімен сабақтасып, мағыналық тоғысуға ұласып отыратындығын айтады және осы мәселені арнайы қарастырады. Мысалы, модальдылықтың субкатегориясы мүмкіндіктің аспектуальдылықпен астас келгенде көрінетін тұстарын С.Құлманов төмендегідей түрлерін көрсетеді: субъектінің дағдылы әрекетті орындауға қабілеттілігін немесе шеберлігін білдіретін аспектуальды-модальды жағдаят; субъектінің дағдылы әрекетті орындауға қабілетсіздігін білдіретін аспектуальды-модальды жағдаят; шектеусіз қайталамалы іс-әрекеттің әдеттегі (узуалды) орындалуын білдіретін аспектуальды-модальды жағдаят; тез басталып аяқталатын әрекеттің орындалуын білдіретін аспектуальды-модальды жағдаят; іс-әрекеттің созылыңқы орындалуын білдіретін аспектуальды-модальды жағдаят [29, 26-27].

Сондай-ақ А.Жаңабекова: «Темпоральдылық категориясының басқа семантикалық категориялармен астас келуі де көптеген жекелеген жағдаяттардың семантикалық тоғысуы кезінде жүзеге асады. Темпоральдылық ең алдымен аспектуальдық жағдаятпен астас келуге бейім, себебі, темпоральдылық – қимылдың сыртқы сипаты, яғни сөйлеу

сәтіне қатысты болса, аспектуальдылық – қимылдың ішкі сипаты. Сондықтан олар бірімен бірі тығыз байланысты болып келеді. Тіпті олардың астас қолданысы сөйлеуде ғана емес, тіл жүйесінде де көрініс табады. Аспектуальдылықпен байланысқа түскен темпоральдылық элементтері аспектуальды-темпоральды мағына жасайды. Мұндайда бір сөйленім бойынан аспектуальдылық мағына мен темпоральдық мағына қатар беріледі. Мысалы, *Құдайберді биік төсек үстінде әлі жөтеліп жатыр екен* (М.Әуезов, Абай жолы). Бұл сөйленімде екі түрлі сема бар. Бірі – аспектуальдылық сема, екіншісі – темпоральдық сема. «Әлі жөтеліп жатыр екен» тіркесі қимылдың созылықлығын, яғни «жөтелу үстінде екендігін» білдіріп, аспектуальдылық мағынаны берсе, темпоральдық сема сөйлеу сәтінде болып жатқан қимылды білдіруімен, яғни осы шаққа қатысы жағынан айқындалады», – деп тұжырымдайды [73].

Семантикалық категориялардың астас қолданысы олардың зерттеу нысандарына да байланысты. Айталық, предикативті негізді категориялар бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді. Мысалы, темпоральдылық аспектуальдылық, таксис, шақтық локальдылық, сонымен қатар реалды модальдылық мағыналар тіпті бір сөйленім бойында қабаттасып та келе береді. Сол сияқты ирреалды модальдылықтың субкатегориялары бір-бірімен астасып жатады.

Қарсылық модальдылығы осы мағынамен ұштасып жататын болымдылық/болымсыздық, келісу/келіспеу, мақұлдау/мақұлдамау, мүмкіндік/мүмкін еместік, бұйрықтылық мағыналарымен сабақтас келеді.

Болымдылық/болымсыздық модальдылығы ақиқат шындықтағы іс-әрекеттің болғандығын немесе болмағандығын білдірсе, мақұлдау/мақұлдамау модальдылығы қандай да бір істі, әрекетті, пікірді қолдайтынын немесе қолдамайтындығын білдіреді. Сол сияқты келісу, келіспеу модальдылығы пікірді, әрекетті қолдау, мақұлдау ғана емес, өзінің сол пікірге

не іске келісетінін не келіспейтінін білдіреді. Ал қарсылық модальдылығы қандай да бір әрекетке келіспеу не мақұлдамау ғана емес, оған өзінің қарсылығын білдіреді. Сондықтан бұл аталған модальдылық мағыналар бірімен-бірі өте жақын келгенмен, өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан қарсылық модальділігін модальдылық категориясының жеке субкатегориясы және тілдік құралдар жүйесі бар функционалды-семантикалық өріс ретінде қарастыру қажет.

Бұл туралы қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақұлдау/мақұлдамау модальділігін зерттеген Д.Ақынова: «Мақұлдау/мақұлдамау модальділігі мен келісу/келіспеу модальдік мағынаның ара жігі жақын болғанымен және оларды білдіретін тілдік құралдарының ортақтығына қарамастан, семантикалық құрылымы мен прагматикалық сипаты, коммуникативтік қызметі жағынан ерекшеленеді. Мақұлдау/мақұлдамау модальділігінде бағалаушылық сипат басым болса, болымдылық/болымсыздық, келісу/келіспеу, сенімділік/сенімсіздік мағыналарында мұндай реңк байқала бермейді», – деп олардың семантикалық ерекшеліктерін атап көрсетеді [74].

Қарсылық және болымсыздық

«Болымсыздықтың синтетикалық, аналитикалық ядролық көрсеткіштері қызметі сөйлемде келіспеу, мақұлдамау, риза болмау, құптамау, тыйым салу, жария қарсылық, ескерту т.б. сияқты жалпы болымсыз мағынаға тән ішкі мән-реңктерді білдіруге жұмсалады», - дейді қазақ тіліндегі болымдылық/болымсыздық категориясын зерттеуші ғалым Т.Әбдіғалиева [57].

Болымсыздық жұрнақтары етістікке жалғанғанда үнемі қимыл-әрекеттің болмайтынын ғана білдірмейді, айтылымдағы сөйлеуші пікіріне қарсылықты білдіретін жауапта қолданылады. Яғни болымсыздық жұрнақ қарсылықты мәнді сөйлеу актісінде ғана білдіреді. Мысалы,

- *Солдай ғой, ә?*

- *Өтінем, жібер!*

- *Жібермеймін. Ешқайда бармайсың* (Ә.Нұрпейісов, Соңғы парыз).

Диалогта жіберуін өтінушіге екінші субъект оның бір жаққа баруына қарсылығын білдіреді, яғни барғанына қарсы. Осы сияқты болымсыздық жұрнақ контексте, айтылымда қарсылық білдіру мәнінде қолданылады.

Қарсылық модалдылығы мен болымсыздық модалдылығымен астастығын тыйым салу мағынасында қолданылатын «қой» сөзімен келген сөйленімнен де байқауға болады. Мысалы: *Жарқыным, бұл қай қылығың. Уа, қой енді! –Қоймаймын... Неге қоям. Ортаңа ойбай салам. Ошағыңның күлін шашам* (Ә.Нұрпейісов).

Берілген сөйленімде «қой енді» деген жұмсақ бұйрыққа «қоймаймын» сөзі – қарсылықты, болымсыздықты білдіреді.

Қарсылық және мақұлдамау

Мақұлдау/мақұлдамау модалдылығымен де шектеседі. Мысалы:

- *Ау, жарқыным, әлі де айтар сөзім бар, әуелі тыңдап алсаңшы. -Жоқ!.. Жоқ!.. Тыңдамаймын. - Қой, Сүйеу, сені де жөн демеймін* (Ә.Нұрпейісов). Берілген сөйленімде мақұлдамау модалдылығын тікелей білдіріп тұрған маркер – «жөн демеймін» тіркесі. Бұл сөздің астарында екінші бір субъектінің сөзін не ісіне бағалауыштық семасы бар мақұлдамау модалдылығы ғана емес, ол адамға, ол пікірге, іске қарсы екендігі де беріліп тұр.

Д.Ақынова «мақұлдау/мақұлдамау модалдылығы функционалды-семантикалық шағын өрісінің кіндік тұлғасы *иә* және *жоқ* әрарап сөздері болатындығын» диссертациясында атап көрсетеді [74]. Мысалы: - *Кәлен аға, сені жауға бермейміз. - Жоқ, қалқам, сендер араласпаңдар. Бұл өзім бастаған іс еді өзім аяқтайын* (Ә.Нұрпейісов).

Демек, қарсылық модалдылығының өзек құралы болып та-

былатын «Жоқ!» сөзі мақұлдамау модалдылығының де өзегі болып шығады. Алайда біздің ойымызша, «Жоқ!» сөзі мақұлдамаудың өзек тұлғасы бола алмайды, бірақ жақын шеткі өрісіне жатады, яғни бұл сөз мақұлдамау семасын да білдіре алады. Мақұлдамаудың өзегі, Д.Ақынованың мақұлдау/мақұлдамау модалдылығыне берген ережесін негізге алсақ, бағалауыштық мағына бірінші орынға шығуы керек болады. Осы ретте мақұлдамау модалдылығының өзегі – «жөн емес», «дұрыс емес» «дұрыс болмайды» сияқты бағалауыштық мағыналы сөздер болу керек.

Қарсылық және бұйрық модалдылығы

Бұйрық мағыналы сөйленімдерде қандай да бір іс-әрекеттің орындалуы/орындалмауы көзделеді. Бұйрықты сөйленімдерде іс-әрекетті тыңдаушының не өзі орындайтыны, не оның орындалуына әсер етуі білдіріледі. Бұйрықтық модалдылығының негізін іс-әрекетті орындау/орындамау үшін тыңдаушыға немесе тыңдаушы арқылы басқа біреуге бұйрық беру мағыналары құрайды.

- *Әнеу күні ақ шомшыдан алғызған үш қап ұның бар. Тіреліп тұрған бес қап бидайың бар. ...Үлесесің мынау ашарық жұртпен! Қарсылассаң, жақсы болмаймыз.*

- *Е, өзіміз аш қалсын дейсің бе? – деп, Қаражан қырыстана берді.*

- *Аш қалмақ түгілі, қырылып қал!.. Бересің! Бермей, қырыстанып көр осыдан! Күнде кешке кеп тексеріп тұрамын. Орындамасаң, өзіңнен көр! ... Масқара қып тұрып көндіремін, білдің бе?.. Орындайсың, сол! – деп, қадалып қарап, үндемей тұрып қалды* (М.Әуезов, Шығ.).

Сөйленімде Абайдың Қаражанның бермеймін дегеніне қарамай, айтқанын орындататынын білдіруі бұйрықты сөйлемдер арқылы берілген.

Сол сияқты:

- *Қайыр! Қайтар! Пішенін жегізбе! – деп, өз кісілеріне айқайлай бастады.*

Абай оған зекін:

- **Тоқта былай!** Барсын!.. Жесін! Маяға жабыңдар, жарамсақсымай! – деп **ақырды** (М.Әуезов, Шығ.).

Сөйленімде қарсылық модальділігі бұйрықты сөйлемдер арқылы берілген. Дәркембайдың қойларды қайыруға берген бұйрығына Абай керісінше, тоқтатып, қойларды маяға жабуға бұйрық береді. Бұл сөйленімде қарсылық пен бұйрықтылық модалдылығы астас келіп тұр.

-ушы,-уші болма аналитикалық форманты бұйрық модалдылығын білдіретін тілдік құралдардың бірі. Бұл тұлға да сөйленімде бұйрық пен бірге қарсылық модалдылығын да қабат береді. Мысалы:

– *Екіншілей менің жаныма жуушы болма* (Б.Майлин);
-Ешуақытта адамды көп деп айтушы болма! (Ж.Нәжімеденов) – яғни сөйленімде жанына жууына қарсы, сол сияқты адамды көп деп айтуына қарсы мағыналық реңк бар.

Бұйрықтық мағына императивті **одағайлар** қатысқан сөйлемдер арқылы да білдіріледі. Мысалы:

– **Тәйт.** Ол мазағыңды мен көтере алмаймын (Б.Майлин)
– мазақ қылма.

Сөйленімде бұйрықтылықпен бірге «тәйт» одағайы арқылы тыйым салынып, сөйлеушінің алдындағы әрекетке қарсылығы, тоқтау салуы беріліп тұр.

Қарсылық және қажетсіздік

Қарсылық модалдылығы қажеттілік/қажетсіздік модалдылығымен сабақтасады. Мысалы:

Қажетсіздік модалдылығының негізгі тілдік құралдары болып табылатын **қажет емес, қажеті жоқ** тіркестері де айтушы ойына қарсылықты білдіруде қолданыла алады. Мысалы,
- *Сізге көмектесейін бе?* – *Қажеті жоқ, өзімнен артылмайтын сияқты, көп рақмет!* – яғни бұл жерде көмектесуге қарсылық білдіру үшін қолданылып тұр.

Қарсылық және бағалау модалдылығы

Жөн көрмеу – мақұлдамау, дұрыс деп таппау.

Жөні жоқ – жөнсіз, қисынсыз. Бұл тіркес контексте адамның екінші бір адамның сөзін, іс-әрекетін дұрыс деп санамау мағынасын білдіреді, яғни ең алдымен бағалау, екіншіден, ол іске, пікірге қарсы екеніні байқалады.

Қарсылық және мүмкіндік модалдылығы

Субъектінің (сөйлеушінің, тыңдаушының) психикалық және физикалық қасиеттеріне, оның шеберлігі мен әдет-дағдыларына, сондай-ақ әлеуметтік нормаларға және сөйлеушінің еркіне, жағдаят пен объективті заңдарға байланысты **мүмкіндік** мағына модалдылық категориясының бір өрісі саналады. *-a/e/й ал* аналитикалық форманты мүмкіндік/мүмкін еместік модалдылық функционалды-семантикалық өрісін білдіруде доминант тұлға болып табылады. Қарсылық болымсыз тұлғасы арқылы көрінеді, яғни *-a/e/й алма*. Мысалы:

– *Алғашқы кезде қатал талап қойып, керек жерінде шара қолданып бет көрсетіп алсаң, кейіннен ешкім саған қарсы келе алмайды* (Д.Исабеков).

– *Кейіннен көре жатармыз. Ал дәл қазір бара алмаймын* (Б.Сқақов);

Бұл сөйленімде іс-әрекеттің болымсыздығы, мүмкін еместігі ғана емес, сонымен қатар «бару» тұралы алдыңғы контексте берілген әрекетке қарсылығы да аңғарылады. Сол сияқты ауызекі тілде: *-Сіз газетке мақала беріңізші,* - деген ұсыныс не тапсырма болса, оған жауап ретінде: *-Мақала бере алмаймын,* - деген жауап болса, бұл сөйленімде мүмкін еместік және болымсыздықпен қатар, сөйлеушінің прагматикалық тұрғыдан қарсылығы да болуы мүмкін.

Қарсылық және қалау

Қалаулық модалдылығының өзегі (ядросы) грамматикалық қалау рай тұлғасы болып табылады: *-ғы/кел*.

– *Жәуке, айналайын, сен менің не айтқанымға түгел түсініп ашы. Істің жөні былай ғой...*

– **Түсінгім келмейді** (Ғ.Мүсірепов);

Екі інісі, екі болыс ұйғарған соң, Тәкежан да енді жалтарып, дауласуды құп көрген жоқ (М.Әуезов);

Берілген бірінші сөйленімде екінші жауап беруші коммуниканттың қалауымен бірге, бірінші коммуниканттың ойына, пікіріне қарсылығы да байқалады.

Қарсылық және таксис

Құрмалас сөйлемдердің компоненттерінің арасындағы себептілік, шарттылық, қарсылықты мағыналар да іркестіркес немесе қатар өтіп жатқан оқиғалардан туындайды. Деңгейлік грамматика шеңберінде жоғарыда аталған құрмалас сөйлемдер мағыналық-құрылымдық жағынан өз алдына бөлек жеке-жеке синтаксистік тұлғалар ретінде танылады. Сонымен қатар себеп, шарт, қарсылық функционалды-семантикалық өрістерін жасайды. Жұмсалымдық грамматикада сондай-ақ мұндай мағыналық қатынастағы (себеп, шарт, қарсылықты) құрмаластар таксистік мағыналық өрісті жасайтын парадигмалық қатарлардың бірі ретінде қаралады.

Мәселен, Ю.С.Маслов ғалым мезгілдестік қатынастардың бір мезгілде және іркес-тіркес өтуімен қоса, оларда қарсылықты мағына да болуы мүмкін екендігін айтады [75, 42 б]. Дәстүрлі синтаксисте қарсылықты салалас сөйлем және себеп бағыныңқы сөйлем түрлері бары белгілі. Жоғарыда аталған ғалымдар мезгілдес сөйлемдермен қоса, көппредикативті сөйлемдердің осы түрлерін де таксистік қатынасты білдіретін құрылымдар қатарында қарайды. Көппредикативті құрылымдардың сыңарлары арасында орнаған қандай да бір мағыналық қатынас (қарсылықты, себеп-салдар, талғаулық, кезектес және т.б.) ең алдымен уақыт ұғымына қатысты. Яғни белгілі бір уақыт пен кеңістік ішінде өтіп жататын құбылыстар болып табылады. Сондықтан ондай құрылымдардың арасында таксистік қатынастың болуы әбден мүмкін. Мысалы: *Қос атпенен қусам да, жеткізбейді жиырма бес* (Халық ауыз әдебиеті). Берілген сөйленімде қарсылық қатынас пен бірге екі әрекеттің мезгілдестігі, яғни

таксистік қатынас берілген. Қазақ тіліндегі функционалды-семантикалық таксис категориясын зерттеуші Б.Қапалбеков: «Біз кез келген оқиғаның уақыт шеңберінде өтетіндігін ескеріп, мезгілдік қатынаста тұрған себептілік, қарсылықты, шартты, талғаулықты мағыналарын да таксис категориясы шеңберінде қараймыз, – деп тұжырымдайды.

Қорыта келгенде, қарсылық функционалды-семантикалық категориясы өзі сипаттас функционалды-семантикалық категориялармен үнемі астасып қолданылып отырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Модальдық қатынастарсыз ешқандай сөйлеу болмайды, себебі сөйлеу адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде мазмұнсыз, сөйлеушісіз (немесе жазушысыз) және әңгімелеуші жақсыз (оқушысыз) жүзеге аспайды; сөйлеу сөйлеушінің сөйлеу мазмұнына, әңгімелесушіге, өз-өзіне, сөйлеу жағдайына және сөйлеудің құрылуына қатынасы көрінеді. Бұл қатынастардың барлығы сөйлеушінің ақиқат шындыққа қатынасы немесе *модальдық қатынастар* деп аталады. Модальдылық – сөйлем мазмұнындағы объективтік байланыстарды (объективтік модальдылық) және сөйлеуші көзқарасы тұрғысынан осы сөйлемнің мазмұнының айқындылық дәрежесін (субъективтік модальдылық) білдіретін тілдік категория.

Модальдылықтың категориялық сипатын танудағы ғалымдар көзқарастарының әртүрлілігі бұл категорияның тілдік табиғатының өте күрделі екендігін білдірсе керек. Модальдылықтың грамматикалық рай категориясымен, лексикалық бірліктердің қатысуымен, яғни лексика-грамматикалық тәсілмен және синтаксистік құралдармен берілетіні белгілі. Модальдық мағыналардың тікелей коммуникацияда, яғни сөйлеу үдерісінде туындайтындығынан оны коммуникативті-семантикалық, коммуникативті-синтаксистік, коммуникативті-грамматикалық категорияға жатқызушылар бар. Модальдылық бүкіл сөйленім арқылы көрінетіндіктен, бірегей семантикалық тұтастық болып табылады.

Модальдылықты зерттеудегі функционалдық әдіс оның әр деңгейлі сипатын ғана айқын көрсетуге мүмкіндік беріп қоймайды, тілдік құралдардың өзара әрекеттестігінің жүйелілігін және модальдылықтың басқа категориялармен қарым-қатынасын көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Қарсылық модальдылығы да ұғымдық категорияға жатады. Сонымен қатар ол барлық халыққа, яғни адамзат баласын орта универсалды категория.

Қарсылық модальдылығының негізінде философиядағы қарама-қарсылық/қарама-қайшылық теориясы жатыр. Өйткені қарсы болу тілдік тұлғалар арасындағы пікір, көқарас, мақсат, мүдде қайшылығын туындайды да, тыңдаушы-адресаттың сөзінде көрініс табады.

Қарсылық функционалды-семантикалық категориясы да, түпнегізінде қарама-қайшылықтың негізінде жатқан екі құбылыстың, субьектінің, ойдың т.б. оппозициясы болғандықтан, *қарсы еместік, яғни қолдау, мақұлдаудың* оппозициясына құрылады.

Қарсылық әрі семантикалық категория, әрі оның құрылымдық бірлігі - функционалды-семантикалық өріс болып қаралады да, *семантикалық категория ретінде қарастырылғанда* оның категориялану, яғни мағыналық жиынтық құрауы, мағыналық топтары негізге алынады. Ал *өріс ретінде қарастырылғанда* өрістің таза құрылымдық белгілеріне, яғни сол мағыналарды беру кезіндегі тілдік құралдардың тілдік, жұмсалымдық әлеуетіне талдау жасалып, олардың мағына беру мүмкіндіктері анықталады.

Тілдегі қарсылық модальдылығының сөйлеушінің прагматикалық мақсатына, сөйлеу жағдаяттарына қарай әртүрлі жолдармен беріледі. Қарсылық мағынаны біз әдетте тілдік жүйеде қарсылықты демеулік шылаулар мен қарсылықты құрмалас (салалас/сабақтас) сөйлемдер тұрғысынан білеміз. Алайда қарым-қатынас кезінде коммуниканттар арасындағы қарсылық білдіру түрлері мен олардың берілу жолдары сан түрлі болып келеді. Қарсылық модальдылығының тілдік жүйеге түспеген қаншама жолдары бар. Олардың бірінде функционалды-семантикалық өрісінде нақты лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құралдар ретінде атап көрсететін тілдік бірліктерден басқа да, оның аясынан шығып кететін контекстік қарсылық білдіру амалдары бары екендігіне көз жеткіздік.

Атап айтқанда, олар: *Тура қарсылық. Жалпы қарсылық. Жа-*

нама қарсылық. Уәжді қарсылық. Жұмсақ қарсылық. Қатаң қарсылық. Бұйрықты қарсылық. Үзілді-кесілді (категориалды) қарсылық. Үгіт қарсылық. Қадалыңқы, текетіресті қарсылық. Жасырын қарсылық. Бас тарту қарсылығы. Кесімді қарсылық. Сұрақ қарсылық. Ақталма (себен) қарсылық. Айтысты қарсылық. Күдікті қарсылық.

Алайда тілімізде бұдан басқа да қарсылықтың берілу жолдары түрліше болуы мүмкін.

Функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – сөйленімде атқаратын не орындайтын семантикалық функцияларының ортақтығына қарай біріккен тілдің әр деңгейіне жататын (морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық, лексикалық, құрама – лексика-синтаксистік және т.б.) тілдік құралдар жүйесі.

Қазақ тіліндегі қарсылық функционалды-семантикалық категориясының құрылымы күрделі. Өйткені қарсылық модальдылығы тілдік жүйеде құрылымданған грамматикалық рай категориясының парадигмасына енбеген. Тіпті райдың құрамында қаралмайды, яғни бұл қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің құрылымдық жүйеде орталығы, өзегі болатын грамматикалық категориясы жоқ.

Қарсылық мағына қазақ тілінде *морфологиялық, синтаксистік, лексикалық құралдар және бейвербалды тілдік құралдар* арқылы беріледі.

Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің лексикалық құралдары қарсылық мағынасын беруде қолданылатын лексика-фразеологиялық жүйе құрайды.

Қарсы, қарсылық, қарсылас сөздері және осы сөздерден жасалған фразеологизмдер қарсылық өрісінің лексикалық өзегін құрайды.

Тілімізде жанама түрде қарсылық мәнін білдіретін сөздер мен тіркестер бар. Олардың кейбірі әдетте қарсы келмеу, керісінше қолдау мәнін білдіреді. Мысалы, *қолдау, қоштау, құптау, мақұлдау* т.б. Алайда *қарсылық мағынасы*

бұл етістіктерге болымсыздық жұрнағының жасалуы арқылы жасалады. Мысалы, басқа етістіктерге болымсыздық жұрнағы жалғанғанда тек болымсыз мағыналы қимылды білдірсе (бару-бармау, келу-келмеу), бұл сөздердің семантикалық құрылымында қарсылық мәні оппозициялық мәндегі (болымды) сөздің семантикасына сәйкес айқынырақ көрінеді.

қазақ тіліндегі қарсылық модальділігінің функционалды-семантикалық өрісін құрайтын лексикалық тілдік құралдар тілдік және сөйлеу бірліктері болып келеді. Тілдік бірліктер сөздіктерде реестрде берілетін семантикалық құрылымында қарсылық мағынасы бар сөздер мен тіркестер болып табылады. Ал сөйлеу бірліктері негізінен қарсылық мәндері айтылымда, контексте ашылатын, түсіндірме сөздіктерде реестрде берілмейтін сөздер болып келеді. Олардағы қарсылық мән контекст арқылы көрінеді. Лексикалық құралдардан *қарсы, қарсылық* сөздері арқылы жасалған тіркестерде қарсылық мағына айқын көрініп, өрістің өзек компоненті болып табылады, ал сөйлеу бірліктерінен мұндай қызметті *Жоқ!* сөзі атқарады. Тілімізде бұл аталғандардан басқа да қарсылықты білдіретін тілдік құралдар болуы мүмкін.

Қарсылық мағыны білдіретін морфологиялық тілдің құралдардың ең негізгі бірлігі етістіктің *-ма/ме/ба,бе/на/пе* болымсыздық жұрнақтары болып табылады. «Қарсы болу, қарсылық көрсету» мәні көбіне *өзгелік етістіктің 1-жақтағы болымсыз тұлғасының* қызметінен көрінеді.

Бірақ, дегенмен, алайда, сонда да, дей тұрғанмен, десек те, солай бола тұра жалғаулықтары қарсылықты қатынасты білдірудің негізгі құралдарының бірі. Жалғаулық шылаулар – жалғаулықты қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер жасаудың тілдік маркерлері.

-ғанмен/генмен, -са/се, -ғанша/генше, -мастан/местен, -ғанға қарамастан/генге қарамастан, -ғанмен де/генмен де, -ғанда да/генде де, -са да/се де, -а/е/й тұра форманттары құрмалас сөйлемдердегі екі жай сөйлем арасындағы қарсылықты қатынасты білдіреді.

Қарсылық модалдылығын білдіретін морфологиялық құралдар синтетикалық және аналитикалық тәсілмен жасалады, сонымен қатар көмекші сөз ретінде грамматикалық қарсылық мәнін білдіру үшін қолданылатындықтан, шылаулар да морфологиялық құралдар ретінде қызмет атқарады. Болымсыздық жұрнақ айтылымда адресат пен адресант арасындағы ойға қарсылықты білдірсе, басқа синтетикалық және аналитикалық құралдар екі әрекет арасындағы қарсылық қатынасты білдіреді.

Қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің синтаксистік құралдары тілдегі қарсылықты салалас сөйлем мен қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер. Бұл екеуін сыңарлары қарсы мағынада келіп, қарсылықты мәнді құрмаластарды жасаудың әртүрлі тәсілдері ретінде тануға болады.

Қарсылық бейвербалды тілдік құралдар арқылы да беріледі. Қарсылықты бейвербалды амалдар адам эмоциясы, қимыл іс-әрекеті, ым-ишараларынан көрінеді. Олар: *бас шайқау, қолды айқастыру, қолды шайқау, қолды жоғары көтеру, қарсы барып тұру, шыға жөнелу, шығып кете бар, бетті тыржиту, езуді шырт еткізу, қабақты түю, қабақ шыту, қолын тартып ал, қашу, жылау, үнсіздік т.б.*

Қарсылық модалдылығы осы мағынамен ұштасып жататын (болымдылық)/болымсыздық, (келісу)/келіспеу, (мақұлдау)/мақұлдамау, бұйрықтылық, (мүмкіндік)/мүмкін еместік, (қажеттілік)/қажетсіздік, бағалау, қажетсіздік, қалау, таксис мағыналарымен сабақтас келеді.

Сонымен, зерттеу нәтижесі бойынша:

- қазақ тіліндегі қарсылық модальдылығының ұғымдық-философиялық негіздері ашылды;
- қарсылық модальдылығының түрлері айқындалды;
- қарсылық функционалды-семантикалық өрісін құраушы тілдік құралдар анықталды;
- қарсылық функционалды-семантикалық өрісінің

басқа семантикалық өрістермен астас келу ерекшеліктері айқындалды.

Зерттеу жұмысы теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды. Қазақ тіліндегі қарсылық модальдылығының функционалды-семантикалық өрісін зерттеу барысында алынған нәтижелер қазақ тілінің функционалды грамматика, морфология, синтаксис, мәтін лингвистикасы салалары бойынша теориялық мәселелерді толықтыруға, дамытуға өзіндік үлес қосады.

Зерттеу жұмысынан алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазіргі қазақ тілі», «Функционалды грамматика», «Синтаксис», «Мәтін лингвистикасы» пәндері бойынша оқытылатын дәрістерде, семинар сабақтарында пайдалануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Даниленко В.П. Ономофизиологическое направление в грамматике. – М.: Издательство ЛКИ, 2007. – 344 с.
2. Ахметжанова З.К. Принципы сопоставительного функционального исследования казахского и русского языков: автореф. ... докт. филол. наук. – Алматы, 1989. – 46 с.
3. Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 108 с.
4. Кунанбаева С.С. Темпоральные отношения в казахском художественном тексте: автореф. ... докт. филол. наук. – Алма-Ата, 1991. – 50 с.
5. Рысалды К. Тілді функционалдық тұрғыдан зерттеудің қазіргі ұстанымдары // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007. – Б. 98-126.
6. Шайрахметова Г.К. Система средств выражения категории таксиса в немецком и казахском языках: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 2002. – 26 с.
7. Нуртазина М.Б. Из опыта функционально-коммуникативного описания семантики таксиса // Функциональная лингвистика: состояние и перспективы. – Алматы, 2003. – С. 129-137.
8. Жолшаева М. Функционалды-семантикалық өріс ұғымы // Академик Р.Сыздықтың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – Б. 147-149
9. Жолшаева М. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантиканың берілуі жайында (жатыр көмекші етістігінің негізінде) // Тілтаным. – 2005. – № 1. – Б. 95-107
10. Жолшаева М. Категориялық жағдаят – функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының бірі // Академик Ә.Қайдардың 80 жылдық мерейтойына арналған жинақ. ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2004. – Б. 53-567
11. Тураева А. Қазақ тіліндегі белгілілік пен белгісіздіктің функционалды-семантикалық категориясы: филол.ғ.к. дисс. автореф. – Алматы, 2008.
12. Медетова Г.А. Модальность предположения и средства ее выражения в тюркских языках: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1982. – 19 с.
13. Дуйсембекова Л.С. Функционально-семантический аспект категории повелительного наклонения в казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1993. – 24 б.
14. Құлманов С. Бұйрықтық модалдігінің семантикалық құрылымы // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2007. – № 1 (161). – Б. 32-37., 24-29 б.
15. Құлманов С. Бұйрықтық модалдігінің берілу жолдары // «Қазақ әдеби тілінің тарихы мен диалектологиясы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2007. – Б.101-108., 101-108 б.
16. Қапалбеков Б. Жұмсалымдық мағыналық өріс – ұғымдық категориялардың ұлт тіліндегі көрінісі // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. – 2004. – № 5. – Б. 101-105.
17. Қапалбеков Б. Мезгілдік (таксистік) қатынастағы құрылымдар // Тілтаным. – 2004. – № 1. – Б. 45-52.
18. Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальдылығының функционалды-семантикалық өрісі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 30 б.
19. Жұбаева О. Персоналдылық категориясының құрамы // ҚР БҒМ ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – Алматы, 2003. – № 5. – Б. 47-51.
20. Жұбаева О. Персоналдылық өрісінің құрылымы // «С.Аманжолов және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – Б. 9-147.
21. Жұбаева О. Жәк категорияларының инвариант мәндері // ҚР БҒМ ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2005. – № 5. – Б. 167-172.

22. Функция ұғымы // ҚР ҰҒА Хабарлары. – 2003. – № 4. – Б. 34-40.
23. Жаңабекова А. Құрылымдық және функционалды грамматиканың зерттеу бағыттары мен талдау әдістері // А.Байтұрсынұлының 130 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – Б.141-144.
24. Жаңабекова А. Грамматикалық және семантикалық шак категорияларының арақатынасы // Академик Р.Сыздықтың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2004. – Б. 141-144.
25. Солтанбекова А. Қазіргі қазақ тіліндегі шақтық локалдылық/бейлокалдылық функционалды-семантикалық категориясы: филол.ғ.к. дисс. афтореф. – Алматы, 2010.
26. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы /Жауапты редактор: Ш.Құрманбайұлы. 1-кітап. – Алматы, ЖШС «Ануар-KZ», 2010.
27. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. /Жауапты редактор: М.Малбақов. 2-кітап. –Алматы, Дайк-Пресс, 2011.
28. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Сов. энциклопедия, 1969. – 608 с.
29. Құлманов С. Модальдылық функционалдысемантикалық өрісі //Жұмсалымды грамматика/ Монография-Оқулық. – Алматы, 2016. – 508 б.
30. Виноградов В.В. О категориях модальности и модальных словах в русском языке// Тр. ин. рус. яз. Т.2. – Москва-Ленинград, 1950. – С.142-165.
31. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. Изд.7-ое. – М., 1956. – 511 с.
32. Молчанова М.М. Прагматика публицистического текста (метаязыковой аспект): дисс. докт. филол. наук: 10.02.01. 10.01.10. – Краснодар, 2000. – 211с.
33. Жанпейсов Е. Модальные слова в современном казахском языке: дисс. канд. филол. наук: 10.02.02. – Алматы, 1958. – 164 б.
34. Нурмаханова А.Н. Типы предложений по модальности и интонации в тюркских языках: автореф. дисс... докт. филол. наук. – Ташкент, 1966. – С. 23.
35. Төлегенов О. Жалпы модальды және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы, 1968. – 180 б.
36. Мамаділов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің модальдық құрылымдары: филол. ғылым. канд. дисс.: 10.02.02. – Алматы, 1996. – 146 б.
37. Мещанинов И.И. Понятийные категории в языке // Гр. ВИИЯ. – М., 1945. – № 1. – С. 142-158.
38. Карданов В.Т. Некоторые особенности определения диалектического противоречия // Актуальные проблемы диалектического материализма / Под ред. С.А. Постушного. –Москва: Московский гос. Ун-т, 1982, С. 26-30.
39. Философский энциклопедический словарь / Гл. редакция: Л.Ф. Ильичев, П.Н. Федосеев, С.М. Ковалев, В.Г. Панов. – Москва, Советская энциклопедия, 1983. – 840 с.
40. Петухова Л.П. Онтологические связи и антономические отношения. – Ленинград: Ленинградский гос. пед. ун-т , 1983. – 14 с.
41. Лежебоков П.А. Диалектическое противоречие как закон познания: дис. ... д-ра филос. наук. – Иваново, 1990. – 386 с.
42. Шаврин А.Л. Методологическое значение категории «противоречие» // Вопросы диалектического материализма. – Москва: Московский гос. ун-т, 1981. – 24-27.
43. Горбач В.И. Проблемы диалектических противоречий. – Москва: Наука, 1972. – 359 с.
44. Лем Г.И. Некоторые проблемы диалектических противоречий // Диалектика и анализ научного знания / Отв. Ред. Б.И. Исмаилов. – Ташкент: ФАН,1984. – С 3-26.
45. Лежебоков П.А. Диалектическое противоречие как закон познания: дис. ... д-ра филос. наук. – Иваново, 1990. – 386 с.

46. Философия. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1991. – 320 б.
47. Гегель Г. Наука логики, т. 2. – Москва: Мысль, 1971. – С. 63-64.
48. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 439 б.
49. Ковалева Л.М. Некоторые вопросы теории полипредикативного предложения // Синтаксическая семантика конструкций с предикатными актантами. – Иркутск, 1998. – С. 5-37.
50. Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. – Алматы, 2012. – 154 б.
51. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы, Кие, 2007. – 481б.
52. Жолшаева М. Лингвистикадағы өріс теориясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 2007. – № 2. – Б. 49-55.
53. Адмони В.Г. Основы теории грамматики. – М.; -Л.: Наука, 1964. – 105 с.
54. Гулыга Е.В. Шендельс Е.И. Грамматика-лексические поля в современном немецком языке. – М., 1969. – 184 с.
55. Гухман М.М. Грамматическая категория и структура парадигм // В кн.: Исследования по общей теории грамматики. – М., 1968. – 172.
56. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011. – 9-том. – 744 б.
57. Әбдіғалиева Т. Болымдылық/болымсыздық функционалды-семантикалық өрісі//Жұмсалымды грамматика/ Монография-Оқулық. – Алматы, 2016. – 508 б.
58. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1973.
59. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.
60. Аққөзов Ә. Қарсы мәнді құрмалас сөйлемдер//ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 3(137). – Б. 262-265.
61. Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1995. –136 б.
62. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 270 б.
63. Аманжолов А. Опыт классификации уступительных конструкций в современном казахском языке // Известия АН КазССР. Серия общественная. –1973. – № 6. – С. 14-29.
64. Амиров Р.С. Особенности устной разговорной речи в организации сложносочиненных предложений // Известия АН КазССР. Серия общественных наук. – 1971. – №1.
65. Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989.
66. Кенжеғалиев С.А., Нұржанова Қ.Қ. //Қарағанды университетінің хабаршысы. – Қарағанды, 2012.
67. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Алматы, 2003. – 136 б.
68. Пиз А. Язык телодвижений. Как читать мысли окружающих по их жестам. – М., 2003. – 272 с.
69. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
70. <https://articlekz.com/kk/article/16251>
71. Момынова Б. Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде. – Алматы, 2016.
72. Қазақ сөздігі. – Алматы, Дәуір, 2013. – 1488 б.
73. Жаңабекова А. Қазақ тіліндегі функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2012. – 154 б.
74. Ақынова Д. Х. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақұлдау/мақұлдамау модалділігінің функционалды-семантикалық өрісі. – Алматы, 2012.
75. Маслов Ю.С. Результатив, перфект и глагольный вид// типология результативных конструкций (результатив, статив, пассив, перфект). – Ленинград, 1983
76. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 440 б.

77. Жиренов С. Тілдегі қарама-қарсы лексикалық бірліктердің танымдық болмысы// https://nauka.kz/page.php?page_id=343&lang=2&article_id=86

А.Ә. Жаңабекова, Г.  пейбаі

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАРСЫЛЫҚ МОДАЛЬДІЛІГІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ- СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ

Суретшісі Ринат Құрмашев
Беттеген Оңдасын Әшім

«Елтаным баспасы»-ның баспаханасында басылды.
050052 Алматы қ-сы, Садовый бульвар к-сі, 1 үй.
E-mail: eltanym@mail.ru.
Тел.: +7 701 698 25 49
+7 777 246 91 21

Көлемі 7,5 б.т. Офсетті қағаз. Пішімі 60x84/32.
Таралымы 100 дана.